

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Біріңді, қазақ,
бірің дос,
Көрмесен,
істің бәрі бос!»

12+



№19 (3964), 16 мамыр, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz







КӨК ТҮРІКТЕР АЛДАСПАНЫ ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК ӨМІРДЕН ОЗДЫ

● 2,23-бет



КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ МАРХАБАТ БАЙҒҰТТЫҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН, «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ KASPI GOLD ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Баспасөз-2025

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – 65353; мекемелер мен ұйымдар үшін – 15353

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 721,21 т.
3 айға – 2 163,63 т.
6 айға – 4 327,26 т.
12 айға – 8 654,52 т.

Аудандар мен
ауылдарда:
1 айға – 721,21 т.
3 айға – 2 163,63 т.
6 айға – 4 327,26 т.
12 айға – 8 654,52 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1 672,02 т.
3 айға – 5 016,06 т.
6 айға – 10 032,12 т.
12 айға – 20 064,24 т.

Аудандар мен
ауылдарда:
1 айға – 1 416,21 т.
3 айға – 4 248,63 т.
6 айға – 8 497,26 т.
12 айға – 16 994,52 т.

ҚАР ҮСТІНДЕГІ ҚАН
14-15-бет →

«Евразия пресс»
ЖІПС бойынша

Жеке жазылушылар үшін:
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге



Соңына әдеби бай мұра қалдырды

Темірхан Медетбек ғибратты ғұмырын ұлт руханиятына арнаған, төл әдебиетіміз бен өнеріміздің жанашыры болған тегеурінді ақын еді. Көне түркі сарынын жаңғыртқан рухты шығармалары оқырман тарапынан жоғары бағаланды. Қазақ баспасөзінің өркендеуіне елеулі еңбек сіңіріп, нағыз шығармашыл тұлға ретінде өнегелі өмір сүрді. Соңына әдеби бай мұра қалдырған Темірхан Медетбектің жарқын бейнесі мен есімі ұмытылмайды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚР Президенті

Ұлттық поэзияға құбылыс әкелген ақын еді...

Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қоғам қайраткері Темірхан Медетбектің дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарының орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Темірхан Медетбек бүкіл саналы ғұмырын қазақ әдебиетіне арнап, жалынды жырларымен, өрнегі ерекше өршіл өлеңдерімен қалың оқырманның жүрек төрінен орын алған алаштың айтулы ақыны еді. Бағзыдағы бабалардан бастау алған Көк түріктер сарынын

қайта жаңғыртып, ұлттық поэзияға соны құбылыс әкелді, асқақ рух дарытты.

Сонымен бірге қоғамдық өмірге де белсене араласып, халықтың үнін, азаматтық ұстанымын жеткізуде табандылық танытты.

Соңына мол әдеби мұра, өшпес өнеге қалдырған Темірхан Медетбектің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Ерлан ҚОШАНОВ,
ҚР Парламент Мәжілісінің төрағасы

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕКПЕН ҚОШТАСУ

Құшып көкті,
Күлтегін бүгін Жерден ұшып кетті...

Қараң қалар дүние қараң ғап бір,
Тамамдалар дүние тамам боп бір;
«Көк Түріктер сарыны» көзден ұшып,
Сағыныш сартап болар заман кеп тұр?

Ажалға бар ма менің амалым да?
Сол сарын маза бермес саналы ұлға!
Қара өлең Құдайдың бір құбылысы еді,
Темірхан Медетбектің заманында!

Сонда тұр ел мұраты, ұлт өмірі,
Қазақтың көншімеді-ау, бір көңілі?
Хош болғай, енді қайта көрісем бе,
Менің зар заманымның Күлтегіні?!

Буынның бірі кетер, бірі келіп,
Тұлпарлар тұяғынан дүбір өріп.
Ол кетті...
Ол кеткенмен төбемізде,
Көк Түрік тұрады әлі күніреніп...

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ МҰРАТЫ МЕН РУХЫН ЖЫРЛАП ӨТТІ

Ол қазақтың бүкіл өмірін жырлап өткен, бойындағы талантын, ақыл, білімін қазақ үшін сарп еткен қимас, сыйлас ініміз еді. Ол талантты, білімді ақын ғана емес сонымен қатар, ең бастысы кең жүректі адам болатын, азамат болатын. Темірхан ел-жұртын құр сөзбен, өлең жолдарымен емес, жан-тәнімен жақсы көрді.

Оның «Көк түріктер сарыны» Йолығтегіннің өзінен кейінгі түркі поэзиясының жігерлі жырлары еді. Ол «Көк түріктер сарыны» арқылы кейінгі ұрпақты өткен тарихын құрмет тұтуға, тегін білуге, сол жолды лайықты жалғастыруға шақырды. Темірхан күллі ғұмырын туған халқының мұраты мен рухын жырлауға арнаған асыл азамат еді. Болашақ ұрпақ елді, жерді сүюде Темірханнан мәңгілік үлгі алады деп ойлаймын.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ

Темірхан МЕДЕТБЕК

Аса көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Құрмет және Парасат ордендерінің иегері, қоғам қайраткері Темірхан Медетбек 81 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Ол 1945 жылы, 6 наурызда Аманкелді атындағы колхозда (қазіргі Нұртас ауылы), Түркістан ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Орта мектепті Түркістан қаласында бітіргеннен кейін екі жылға жуық туған ауылында колхозшы, содан кейін бір жылдай аудандық газетте корректор болып жұмыс істеген. Алматыдағы Абай атындағы институттың филология факультетінде оқыған, республикалық телевидениеде қатардағы редактор болған. Жетпісінші жылдардың басында Маңғыстаудағы бірқатар геологиялық-барлау экспедицияларында жұмысшы болып, 1973 жылы Маңғыстау облысы ашылғаннан кейін облыстық газетте әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі міндетін атқарушы болып жұмыс істеген. Республикамыз тәуелсіздік алар алдындағы тұста, яғни 1990 жылы, сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі, содан кейін Маңғыстау облыстық радио және телевидение комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Темірхан Медетбек 1996 жылы Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының екінші хатшысы болып сайланды. Ол 2003 жылы Республикалық «Ақиқат» қоғамдық-

саяси журналының бас редакторы, ал 2006 жылы республикалық «Жұлдыз» әдеби-көркем журналының бас редакторы болып тағайындалды.

Темірхан Медетбек – көптеген кітаптардың авторы. Оның «Жанымның жапырақтары», «Сапар алдында», «Алыс шақырымдар», «Мәртебе», «Әуедегі толқындар», «Дауыс», «Көгершін қауырсындары», «Аңқа кептірген аңызак», «Сырым бар саған айтатын», «Тағдырлы жылдар жырлары», «Көк түріктер сарыны» жыр жинақтары мен «Менің Абайым», «Баба дәстүрдің мұрагері кім?» «Сегіз қырлы сексен сырлы әлем бұл» атты сан кітаптары жарық көрген. Өлеңдері әлемнің 10-нан астам тіліне аударылған. Өзі де Пушкин, Лермонтов, Якоб Колас, Янка Купала, Леся Украинка, Радован Загович, Бодлер, Верхарн, Пабло Неруда, Незвал, Еркін Вахидов сияқты ақындардың өлеңдерін, сондай-ақ Генрих Белдің «Иесіз үй» романы мен Владимир Набоковтың бірнеше шығармаларын аударған.

Ол – Қазақстан Жазушылар одағының, Бейбарыс атындағы сыйлықтардың лауреаты. Сондай-ақ тәуелсіз еліміздің бірнеше орден, медальдарының иегері.

Қара өлеңнің қағанына айналып, қазақ поэзиясының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағының
Басқарма хатшылығы

Елдік пен ерлік рухын биікке көтерген

Қазақ әдебиетінің тағы бір бәйтерегі құлады. Халық жазушысы, көрнекті қаламгер, алаш жырының алдаспанына айналған Темірхан Медетбек ағамыз келместің кемесіне мініп, бақиға аттанды.

Барша қазақ еліне, ақынның ағайын-туыстары мен отбасына қайғыра көңіл айтамын.

Темірхан Медетбек өз заманының азаматтық үнін жеткізген, ұлттық болмыс пен тарихтың жарқын жыршысы бола білген үлкен жүректі ақын еді. Оның поэзиясы елдік пен

ерлік рухын биікке көтеріп, ар мен намыс, ел мен жер туралы өршіл ой-толғамдарымен ұрпақ санасына терең сінді.

Темірхан ағамыз отты әрі асқақ жырларымен көк түріктер сарыныне қайта жаңғыртып, қазақ әдебиетін жаңа биікке көтерді. Кейінгі буын жастарға жылы сөзін айтып, ұдайы қолдау білдірді. Соңында өшпес ізін, соны қолтанбасын қалдырды. Сексеннің сенгірінен асып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп, ғибратты ғұмыр

сүрді.

Ұлт руханиятының дамуына сүбелі үлес қосып, еселі еңбек еткен қаламгердің жарқын бейнесі жұртшылықтың жадында мәңгі сақталады деп сенемін.

Қош болыңыз, Темірхан аға!
Жатқан жеріңіз жарық,
топырағыңыз торқа болсын!
Алла рақымына алсын.
Рухыңыз шат болғай!

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және
Ақпарат министрі

Темірхан – бақытты ақын

Темірхан өзінің күреспен, айкаспен өткен, махаббатпен, сезіммен өткен 80 жылдық ғұмырына бүгін нүкте қойды. Ол, шын мәнінде, шаршады. Дәрігер «жүрегіне көп салмақ түскен» деп дұрыс айтады. Ол жүрегін дем алдыру үшін өзінің өмірін қиды деп есептеуге болады. Темірханның өмірі күрес, сәтсіздіктермен, айкастармен басталып, әрі қарай саналы ғұмырға ұласты. Жақсы қызметтер істеді, елдің аузына ілікті, алдында жүрді, халық пен билік тарапынан да бағаланды. Оның өмірінде небір сәтсіздіктер болды. Бірақ соның бәрі оны тәрбиеледі, өсірді, жеткізді. Қай жағынан алып қарағанда да, Темірхан – бақытты ақын. Қош бол, Темірхан досым!

Тынымбай НҰРМАҒАНБЕТ

ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ОЯТТЫ

«Алладан шыныменен жарлық келсе. Жұлдыз да жерге түсер аспандағы» деп Шал ақын бекер айтпаған. Бүгін осы сөздің растығына амалсыз иланып отырмыз.

Біз Темекенмен сырлас болмасақ та, сыйлас едік. Өйткені ол да, мен де соғыстан кейін туған ұрпақтың басы едік. Соғыстан кейін туған ұрпақ 60-жылдары етек-жеңін жинап, ес жиған кезде ашаршылықтан, небір зұлматтан аман-есен шықса да әбден еңсесі езілген елді көрді. 60-жылдары әдебиетке қосылған Темірхан бастаған ұрпақтың басты мақсаты осы еңсесі түскен халықтың рухын ояту, жоғын түгендеу болатын. Сондықтан да ол жұтаған рухтың тереңіне үнілді де, көк түріктер заманына сүнгіп кетті. «Көк түріктер сарыны» арқылы ол халықтың тарихи жадын оятты, күндей күркіреп өткен көк түріктердің рухына тағзым етті. Қош бол, Темке! Алдыңнан жеті тозақ жабылып, сегіз пейіш ашылғай!

Смағұл ЕЛУБАЙ



ЖЕҢІС ЖЫРЛАРЫ

ҚР Ұлттық кітапханасында Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс жырлары» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кеш шымылдығы Мемлекеттік Әнұранмен ашылып, көрермен қауымға ерекше рух, асқақ серпін сыйлады.

Алғашқы сөз Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновке ұсынылып, ол Жеңіс рухы мен әдебиеттің байланысы жайлы тағылымды ой қозғады. Бұдан соң көрермендер назарына Жазушылар одағы әзірлеген соғыс даласында туған қаламгерлік мұралар, майдан-

гер акын-жазушылардың естелігі туралы арнайы бейнеролик көрсетілді.

Қаламымен жауға қарсы тұрған қазақ қаламгерлерінің тағдырын көзбен көріп, жанымен сезінген жандар — майдангер жазушылардың жақындары да естеліктерімен бөлісті. Олардың қатарында қазақтың қайталанбас қаһарманы, аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы атамыздың келіні, қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова және соғыс даласында қаламын қаруға айналдырған қазақтың көрнекті қаламгері, майдангер Қалмұқан Исабаевтың өмірлік жары Забира Исабай апайымыз болды. Олар майдан даласында болған қос қаламгердің өмірлік естеліктерінен, келешек ұрпаққа аманат қылып мол мұрасы жайында сөз қозғады.

Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің студенттері соғыс уақытында жазған ақындардың жырларын оқыды. Бұдан соң бүгінгі күннің көрнекті қаламгерлері Қасымхан Бегманов, Бауыржан Жақып, Ерлан Жүніс, Назым Слямқызы, Аманғазы Кәріпжанов, Бүбішхан Тікебаева өз туындыларын оқып, жеңіс рухын поэзия тілімен өрнектеді.

Кеш аясында халық ақыны, жырау Нұрпейіс Байғаниннің «Жеңіс жырлары / Песни Победы» атты қос тілде жарық көрген жаңа жыр жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталмыш туынды — батырлық пен асқақ рухтың шынайы үнін жеткізген, тарихи құндылығы жоғары туынды ретінде бағаланды. Кеш қорытындысында Алматы қаласы Түріксіб ауданы №203 жалпы білім беретін мектептің ұжымы «Бейбіт күн тілегі» атты патриоттық әнін хормен орындап, көпшіліктің көкейінде отансүйгіштік рухты асқақтатып, тындарман жүрегін тербетті.

Шара соңында Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Василий Шупейкинге және көрнекті акын Сағынгерей Байменовке Қазақстанның Құрметті жазушысы атағын табыстады.

Қазақстан Жазушылар одағының
Баспасөз қызметі

«МАХАББАТ», «ШАПАҒАТ», «ПАРАСАТ»

Жамбыл облысы кітап оқу мәдениетімен қайта қауышқан өнегелі өңірге айналды.

Тараз қаласында өткен «Кітап – ұлттық құндылық» атты республикалық кітап фестивалі де – осы сөзіміздің бір дәлелі. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің «Әулиеата – кітап оқитын өңір» атты жобасы аясында өткізілген іс-шараға есімі елге белгілі қаламгерлер мен баспа өкілдері қатысты.

Фестивальдың ажарын ашып, кітапқұмар қауымның рухани әлеміне көзқуаныш сыйлаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі акын, публицист Қайырбек Асановтың «Махаббат», «Шапағат» және «Парасат» деп аталатын, аттары да поэзия ұйқасымен өрілген үш томдық жинағының тұсаукесері болды.

Облыста іссапармен жүрген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов фестивальдың ашылу салтанатына қатысып, сексеннің сенгіріне шыққан Қайырбек ақынның үштомдығының тұсуын кесіп, деніне саулық пен шабыт тіледі. ҚР Президентінің кеңесшісі, жазушы Мәлік Отарбаев кітап құндылығы, оның ақыл-ой кеніші екені туралы ойларын ортаға сала келіп, Президенттің де кітапты көп



оқитынын, жақында ғана Тараз қаласында тұратын жазушы Көсемәлі Сәттібайұлының «Жалғызқара» атты романын оқып, жылы пікір білдіргенін жеткізді.

Белгілі акын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тараз қаласының Құрметті азаматы» Қайырбек Асановтың 80 жасқа толуына орай, «Фибратты ғұмыр — көркем жыр» атты әдеби кездесу Тараз қаласындағы орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесінің Мұхтар Әуезов атындағы кітапханасында да болып өтті.

Бұл кездесуге ақындар Баймаханбет Ахмет, Үміт Битенова, Ербол Қамбатыров және белгілі әншілер Пернебек Оспанов, Бақыт Шағырбаев, М.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің филология және журналистика факу-

льтетінің оқытушысы Бақытжан Мақашов және Тараз қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бақыт Тоқсанбаева қатысып, қазақ поэзиясында өзіндік үні бар белгілі акын Қайырбек Асановтың шығармашылығы мен жарты ғасыр бір шаңырақ астында бақытты өмір сүріп келе жатқан аяулы жары, «қазақ поэзияның ақ гүлі» атанған Күләш Ахметова туралы ойларын ортаға салды.

Кездесудің құрметті иесі, сексеннің сенгіріне шыққан акын Қайырбек Асанов өзінің шығармашылығы мен еңбек жолы туралы әңгімелеп, оқырмандар сұрақтарына жауап берді. Өңірді кітап оқумен қайта қауыштырған білікті басшыларға алғыс айтты.

Марат ҚҰЛИБАЕВ,
Жамбыл облысы

«Мен бақытты ақынмын»



13 мамыр күні Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби және Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, аса көрнекті ақын Оразақын Асқардың туғанына 90 жыл толуына орай, «Мен бақытты ақынмын» атты еске алу жиыны өтті. Жиынды Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Ғалым Қалибекұлы алғы сөзбен ашып, ақын жайлы естеліктерімен бөлісіп, Оразақын Асқардың өмірлік жары Ажар Баратқызына мерейтой құрметіне орай, Жазушылар одағы атынан шапан кигізді.

Еске алу жиынына Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары, жазушылар Әділғазы Қайырбеков, Ділдар Мамырбаева, Жүсіпбек Қорғасбек және жазушы-аудармашы Аслан Жақсылықовтар қатысты. Сонымен бірге Оразақын Асқардың көзін көрген ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың ұлы Жұлдыз Мақатаев, белгілі әнші, ұстаз Нұржан Жанпейісов, ғылым докторы Айбын Төреханов, жас жазушы Елдос Токтарбай және ақынның інілері, туыстары, отбасы мүшелері еске алу кешінің қонағы болды. Оразақын Асқардың өлендерін жиында Алматы қаласының М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясының, М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей оқушылары оқыды. Тыңдаушылардың қатарында Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы 7552 әскери бөлімінің сарбаздары болды. Еске алу жиынын белгілі журналист, ақын Бақыт Жағыппарұлы жүргізді. Іс-шара әсерлі өтіп, тындарман арасында болған суырып-салма ақы әрі ұстаз Алтынбек Ибрагимов сол сәтте тамаша арнау өлең шығарып, кеш қонақтарын тәнті етті. Оразақын Асқардың поэзиясын осылайша, оқырмандарға күні бүгін де жаңа серпіліс берді.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ ЖӘНЕ

Қазақстан Жазушылар одағының ұжымы белгілі қаламгерлермен бірге Атырау қаласына арнайы іссапармен барды. Сапардың басты мақсаты – «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» тақырыбындағы көшпелі пленум өткізу, жоба аясында өңірдегі еңбек адамдарымен кездесіп, өндіріс орындарының тыныс-тіршілігімен танысу.

Іссапардың алғашқы нүктесі – Атырау маңында орналасқан полипропилен өндіретін заманауи газ-химия кешені болды. Бұл кешеннің жұмысымен Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, Мемлекеттік органдармен байланыс және кадр қызметі жөніндегі бас маман Өмірзақ



Зинуллин, сондай-ақ Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов бастаған делегация танысты. Бұл кешен 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен салтанатты түрде іске қосылған болатын. Кешен жылына 500 мың тонна полипропилен өндіреді, бұл — әлемдік өндірістің шамамен 1 пайызына тең көрсеткіш. Кездесу барысында ҚЖО Төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов өндіріс басшылығына алғысын білдіріп, еңбек адамының қоғамдағы орны мен маңыздылығына ерекше тоқталды.

Бұдан соң, арнайы делегация еңбек және мәдениет жанашыры, танымал мемлекет және қоғам қайраткері Төкен Танаұлы Жұмағұловтың жеке мұражайына барды. Қонақтарды мұражай ішіндегі құнды жәдігерлермен Төкен Танаұлының өзі таныстырды. Зияткерлік һәм рухани қазыналарға бай бұл ордада Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасы Мереке Құлкеновтің ілтипаты ретінде мұражай қорына көрнекті қаламгер Әбіш Кекілбаевтің 20 томдық шығармалар жинағы және Жазушылар одағының 90 жылдығына орай шығарылған естелік туындылар табысталды.

Сапар барысында ақын-жазушылар Атырау қаласындағы бірқатар тарихи және мәдени ескерткіштерге тағзым жасап, гүл шоқтарын қойды. Алдымен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі,

ақын, жазушы Әбу Сәрсенбаевтың ескерткішіне, одан кейін Жайық жағалауындағы аса дарынды ақын Хамит Ерғалиевтің ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Сондай-ақ, Исатай мен Махамбет батырлардың ескерткіші, қазақтың аяулы қызы, өр рухты ақын Фариза Оңғарсынованың мүсіні мен ҚР Мемлекеттік Әнұранының авторы, көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің ескерткіші де назардан тыс қалмады. Бұл — зиялы қауым өкілдерінің ел тарихында өшпес із қалдырған ұлт тұлғаларына деген тағзымының, құрметінің айқын көрінісі болды.

Келесі кезекте қонақтарға Атыраудың агроөнеркәсіп әлеуеті таныстырылды. «АтырауАгроӨнімдері» ЖШС кәсіпорынының басшысы Розметов Тимур делегация мүшелеріне агроөнеркәсіп кешенінің негізгі бағыттары туралы кеңінен баяндап, ұсынылатын өнім түрлерін таныстырды. Кешен бүгінде ауыл шаруашылығының бірнеше саласын қатар дамытып отыр. Атап айтқанда, жартылай ергежейлі алма бактары, жылына 3 тоннаға дейін өнім беретін жүзім алқаптары, лимон өсіретін жылыжайлар мен табиғи шыршын шығаратын шағын цех жұмыс істейді. Сонымен қатар көкөніс пен бақша дақылдарын өсіру ісі де жолға қойылған. Кәсіпорын құрамында асыл тұқымды ешкі өсіріп, олардың сүтін өңдейтін мал шаруашылығы кешені де

бар. Мұнда сүт өнімдерін дайындайтын шағын зауыт пен 1000 басқа дейін ешкі ұстауға арналған арнайы қора-жай орналасқан. Бұдан бөлек, асыл тұқымды қой шаруашылығы да сәтті жүзеге асырылып келеді. Шара аясында қатысушылар ұсынылған табиғи өнімдерден дәм татып, жергілікті кәсіпкерліктің қарқынды дамуына оң бағаларын берді. «Бұл таныстырылым — шығармашылық иелеріне еңбек адамының еңбегі мен жергілікті өндірістің жетістіктерін жақыннан тануға мүмкіндік берген тағылымды кездесу болды», — дейді қатысушылар.

Атырау қаласында өткен арнайы іссапардың екінші күнінде «Салтанат» сарайында Қазақстан Жазушылар одағының «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» атты көшпелі пленумы өтті. Бұған дейін Түркістан қаласында бастау алған бұл игі дәстүр — жазушылар мен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, жұмысшы мамандықтары мен еңбек адамының көркем образын бейнелеуге бағытталған мазмұнды кездесу ретінде өз жалғасын тапты.

Жиналғандар Атырау облысының ақын-жазушыларының шығармашылығына арналған көрмеде жергілікті шығармашылық қауымның рухани әлеуетімен танысты.

Пленумды Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов кіріспе сөзбен ашты. ҚР Жазушылар одағының төрағасы М.Құлкенов пленумның маңызына тоқталып, қазақ жұмысшы табының негізі Атырауда қаланғанын айтып, олардың бейнесін көркем әдебиетте жаңғырту қажетін айтты.

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл — мемлекеттің Еңбек адамына деген зор құрметінің айқын көрінісі. Бұл — қарапайым жұмысшының, Еңбек адамының қоғамдағы орнын биіктетіп, оның абыройын қайта асқақтату, көркем образын жасау жолындағы тарихи

қадам.

Президентіміз бұл бастама арқылы ел дамуының басты тірегі - еңбек майданының нағыз қаһармандарын қайта тануға, олардың жарқын бейнесіне тағзым етуге шақырып отыр. Ендеше, қазақ әдебиеті бұл заман мен қоғам талабынан туындап отырған орынды ұсынысқа өз тарапынан үлес қосуға тиіс деп санаймын.

Соңғы кезде әртүрлі жанрлар мен тақырыптар дамып жатса да, қарапайым еңбек адамының талғамы биік оқырманның көңілін шығатындай көркем бейнесін жасай алмай келе жатқанымызды қалай жасырамыз?

Құдайға шүкір, қазақ әдебиетінде аса талантты, жазушылар мен ақындардың тегеурінді тобы қалыптасып келеді. Олардың міндеті - мың өліп, мың тірілген қазақ деген халықтың тағдырын, ер жүрек мінез-құлқын суреттейтін, кезінде бүкіл әлемды мойындатқан Әуезовтің «Абай жолындай» кесек туындыларды дүниеге әкелу, — деді М.Құлкенов.

Алғашқы боп сөз алған Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатын жеткізіп, жиналған қауымға жылы лебізін жолдады.

— Атырау тек батырлар мен жыраулардың емес, сонымен қатар әдебиет пен мәдениеттің жаңа кезеңін қалыптастырған тұлғалардың ордасы болды. Сол мұралардың аясында бүгінгі көшпелі пленумымыздың өзек етіп отырған тақырыбы — еңбектің қасиеті мен еңбек адамының биік мәртебесі. Адал еңбегімен маңдай терін төккен жұмысшылардың бейнесін көркем шығармалар арқылы жаңғырту — бүгінгі әдебиет пен өнердің ұлы міндеті. Өйткені еңбек — әрбір жетістіктің, әрбір тарихи жеңістің бастауы. Қалам мен еңбектің ұлы тандемі арқылы біз өз дәуіріміздің шынайы келбетін жасап, болашақ ұрпаққа өнеге болар асыл қазына қалдырамыз. Сол себепті бұл пленум — тарих пен бүгіннің алтын көпіріне айналатын тағылымды жиын

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ»

боларына сенемін, – делінген құттықтау хатта.

Мереке Құлкенов «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» атты баяндама жасап, еңбек адамының қоғамдағы орны мен әдебиеттегі көрінісіне тарихи шолу жасады. Өз сөзінде ол қазақ әдебиетіндегі жұмысшы мамандықтары тақырыбының өткені мен бүгініне баға беріп, қаламгерлер қауымы алдында тұрған келелі міндеттерге тоқталды. Жиын барысында Қазақстан Жазушылар одағының жыл аясында атқарған қызметі туралы арнайы бейнеролик көрсетіліп, Одақтың елдің рухани өміріндегі соны бастамалары паш етілді.

Баяндамадан кейін дәулескер күйші Шәміл Әбілтаев орындаған «Ақмешіт» әні пленумның көркем лейтмотивіне айналып, жиынның мазмұнын тереңдете түсті.

Жарыссөз барысында еліміздің түкпір-түкпірінен келген қаламгерлер сөз алып, жұмысшы мамандықтары мен еңбек адамы тақырыбында жазылған шығармаларға талдау жасап, заманауи әдебиеттің даму бағыттары туралы ой бөлісті. Сөз алғандар қатарында:

* Кәдірбек Сегізбаев – жазушы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері;

• Молдахмет Қаназ – жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;

• Өтеген Оралбаев – ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;

• Мәди Айымбетов – жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері;

жазушы, ҚЖО-ның Батыс Қазақстан облысындағы өкілі, Ұлттық құрылтай мүшесі;

• Бауыржан Құрманқұлов – ақын, ҚЖО-ның Ақтөбе облысындағы өкілі;

• Құдайберген Сұлтанбек – ақын, ҚЖО-ның Маңғыстау облысындағы өкілі;

• Қадыр Юсупов – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

• Төлеген Жаңабаев – Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

• Фархат Тамендаров – «Простор» әдеби журналының Бас редакторы.

• Иранбек Оразбаев – ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов жарыссөз барысында көтерілген маңызды мәселелерге назар аударып, сөз сөйлеген ақын-жазушылардың ұсыныс-пікірлеріне қолдау білдірді. Пленумға қатысушылар арнайы Қарар қабылдады. «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан Жазушылары» көшпелі пленумы – әдебиет пен өндіріс, рух пен еңбек, қаламгер мен оқырман арасындағы алтын көпір іспеттес маңызды шара болды.

Көшпелі пленум аясында бұрын сонды болмаған ерекше форматтағы – «Сөз – сыбаға» атты әдеби аукционы өтті. Әдеби аукционға еліміздің әр өңірінен келген танымал қаламгерлермен қатар, Батыс өңірінің белгілі ақын-жазушылары, аймақ зиялылары және әдебиет пен руханиятқа жанашырлық танытып жүрген Атыраулық меценаттар қатысты.

«Сөз – сыбаға» – дәстүрлі аукциондардан бөлек, шығармашылық пен қайырымдылықтың жаңаша үлгісі. Бұл шарада сан мен баға емес, идея



сушылардың зор ықыласына бөленді.

Еңбек тақырыбындағы шығармашылық әріптестік:

1. Лот иесі: Балжігітовтер отбасы – елге еңбектерімен танылған, бүгінде Жылыой ауданының экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосып жүрген әулет

Жеңімпаз: Сәулеш Шатенова – ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Жылыой ауданының Құрметті азаматы.

2. Лот иесі: Мұрат Әмірғалиев – «Амангелді» балық кооперативінің ұйымдастырушысы, өңірде балық шаруашылығын жаңа технологиялық жүйеге негіздеген кәсіпкер

Жеңімпаз: Қанат Ғұмаров – жазушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

3. Лот иесі: Сабыржан Сұлтанов – облысқа танымал малбегі, асыл тұқымды мал өсіретін шаруа қожалығының жетекшісі

Жеңімпаз: Асланбек Шығыров – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

4. Лот иесі: Мұрат Сарманов – Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, ауыл шаруашылығы саласының білгірі, «Нұр дала» агрофирмасының басшысы

Жеңімпаз: Гүлзада Ниетқалиева – ақын, журналист, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

5. Лот иесі: Жеңісбек Әбілхарес – тәжірибелі мұнайшы, облыстық мәслихаттың бірнеше шақырылымының депутаты, әлеуметтік мәселелерге жанашыр азамат

Жеңімпаз: Назарбек Нұрмағанбетов – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

6. Лот иесі: Төкен Танаұлы – республикаға белгілі меценат, «Құрмет», «Парасат», II және III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, «Теңізмұнай-құрылыс» АҚ президенті

Жеңімпаз: Әлия Дәулетбаева – ақын, аудармашы, драматург, «Алаш» және Махамбет сыйлықтарының иегері, Индер ауданының Құрметті азаматы, Жазушылар одағының Атыра-

удағы өкілі.

7. Лот иесі: Оразғали Қаршығенов – энергетика саласының ардагері, «Барыс» орденінің иегері, облыстың Құрметті азаматы, бірнеше шақырылымда мәслихат депутаты болған тұлға

Жеңімпаз: Бакытгүл Бабаш – ақын, «Шабыт» фестивалінің Гран-при иегері, Махамбет сыйлығының лауреаты, Республикалық жастар поэзия фестивалінің бас жүлдегері.

«Сөз – сыбаға» әдеби аукционы – еңбек адамына арналған әдеби мұралардың өмірге келуіне тың серпін берген жоба ретінде жүзеге асып отыр.



кері;

• Қансейіт Әбдезұлы – филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;

• Әлия Бөпежанова – әдеби сыншы, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;

• Авут Масимов – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы Төрағасының кеңесшісі (ұйғыр әдебиетінің өкілі);

• Шахизада Әбдікәрімов – көрнекті ақын (Қызылорда облысы);

• Бауыржан Ғұбайдуллин –

мен шабыт, сөз құдіреті мен рухани серіктестік басты құндылық ретінде ұсынылды. Аукцион барысында қаламгерлер еңбек адамының болмысын арқау еткен болашақ шығармаларына арнап идеяларын ұсынды. Ал меценаттар сол идеяларға қолдау білдіріп, шығармашылық процеске демеушілік жасауға ниет танытты.

Бұл – кітапты сатып алу емес, кітаптың дүниеге келуіне жағдай жасауға бағытталған ізгі қадам. Мәдениет пен әдебиетке жанашырлықтың жарқын үлгісі ретінде өткен бұл шара қаты-



Сабырбек ОЛЖАБАЙ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Екінші Швейцария атанған Түлкібас ауданының Пістелі деген жерінде соғыс аяқталған 1945 жылдың 25 мамырында дүниеге келген шақалаққа әке-шешесі шаттана қуанып Мархабат деген есім беріпті. Жеңістің лебі есіп тұрған шат-шадыман, толқымалы-шалқымалы шақта әке шіркін: «Міне, енді еркін өмір сүретін күн туды. Еңбек етесің бе, оқу оқисың ба, ағайынның амандығын білмекке, Жеңісті сүйіншілемекке алыс-алыс жолдарға шығасың ба, мархабат!» – деп кеудесін кернеген қуаныш пен арпалысқан сезімді жеткізгісі келді ме екен? Осылай Мархабат атанған сәби Пістелінің баурайында өсіп келе жатты.

Асылы, адам туған жеріне тартып туады деген ұғым бар ғой. Тау бөктері ғажайып келбетке тұнып тұрар еді. Сұлу қыздың сынғыр күлкісіндей сылқ-сылқ етіп толқындана, көбік шаша ағатын өзені қандай! Көктем шыға қыр төсіне қызғалдақтар қаптайтын. Қызыл шырайға бөленген дала теңіздей тербетіліп тұратын. Таупістелі, Бозторғай асуы, Әулиебастау жер жәннаты емес пе! Оның үстіне, бес жыл бойы бел жазбай еңбек еткен ауыл адамдары соншалықты мейірімді еді ғой. Әкесінен, бауырынан, жарынан айырылған

сынық көңілді, жүрегін мұң торлаған олар бар қайғыларын Жеңіс рухымен бүркемелеп, былайғы жұртқа төрт құбыласы түгел адамдай көрінгілері келетін. Жолда бір бала шапқылап жүрсе, ұстап алып, кімнің немересі екеніне қарамай, барлық жерін емірене сүйетін. Осының барлығы бала жүрегіне, асқақ арманына әсер етпеді ғой деймісіз? Біз сондықтан Мархабаттық мақам бала кезінен қалыптасты деп нық сеніммен айта аламыз.

Арман қуып ару Алматыға келген жас, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға қабылданды. Ұлағатты ұстаздарының дәрістерін ықылас қоя тыңдады. Озат студент атанды. Қиыр Шығыста, Сібірде әскери борышын өтеп жүріп, «Күн астындағы Күнікей қыз» атты алғашқы әңгімесін жазды. Жиырма жастағы жігіттің қалам желісі санлақ жазушылардың назарына ілікті. Дегенмен ол әдеби ортадағы дода-дүрмекке қосыла кетіп, бәйге алуға асыққан жоқ. «Асықпаған арбамен қоян алады» дегенді місе тұтқан жас жазушы ауылда жүріп-ақ майда мақаммен шығармашылығын шыңдай



ПІСТЕЛІНІҢ

«Мархабат – тұңғыш әңгімелер жинағымен-ақ танылып үлгерген жазушы. «Оңтүстік Қазақстанда» істей жүріп, неғұрлым нақтылыққа, қысқалыққа машықтанған. Көркем туындылары өз табиғатынан бастау алады. Тәржімашылдығы да тәнті етеді».

Тәкен ӘЛІМҚҰЛОВ



«Жазушы Мархабат Байғұт облыста тұрады. Астанадан да, Алматыдан да алшақ. «Киікоты» – оның жазғандарының бір тамшысы ғана. Талай-талай құнды көркем кітаптардың авторы. Бұл жазушыда Жаратушы өзі бұйыртқан уыз тіл бар. Қазір жазушымын деп шіренгендердің көбінің тілінде уыз кемшін. Уызға жарымай, Көк базардан көп шалап ішкендер. Бұл жазушыда Құдай өзі берген көз бар. Көз, әрине, бар. Ол кімде жоқ, адамдардың бәрінде дерлік бар. Шын жазушының көзі – көкірегінде. Ол маңдайға біткен екі көзден басқа-а-а. Жазушы сонысымен суреткер».

Шерхан МҰРТАЗА



түсті. Расында, Алматыңыздағы кітап шығару майданының қызу жалыны өршіп тұрған кез еді. Алыстағы ауылдың әлі таныла қоймаған жас жазушысын былай қойғанда, мүйізі қарағайдай қаламгерлердің еңбектері кезегін күтіп жылдап жатып қалатын. Сондықтан да ол ағалары мен әпкелерін киіп-жарып, алдарын орағысы келмеді.

Жазушының алғашқы кітабы отыз

жасында шықты. Мархабат алғашқы жинағын «Шілде» деп атады. Неге шілде? Өйткені шілденің ми қайнатар ыстығындай жан-дүниесінде өткір ойлары, жұртшылыққа жария жеткізбек болған ғажайып сырлары қайнап жатты. Осы алғашқы кітабымен-ақ ол оқырманын баурап алды. Өзіндік қолтаңбасы айқын, айтары бар жазушыны оқырмандар іздей бастады. Мархабатқа

ғана тән мақам, Байғұтқа ғана тән бай-қампаздық, байыптылық менмұдалап тұрды. Оның стилі де соқталы еді. Араға екі жыл салып оның «Сырбұлақ» атты екінші кітабы оқырмандар қолына тиді. Оның кейіпкерлері қарапайым ғана

«Мархабат тисе – терекке, тимесе – бұтаққа деп қаламын оңды-солды сілтей беретін жазушы емес. Не жазса да қиналып жазатын жазушы. Кейде творчествоны қызығы бітпейтін той көретіндер де бар. Ал Мархабаттың творчествосы көбіне аса бір қиындықпен келетін қуанышқа бейім».

Қалдарбек НАЙМАНБАЕВ

ауыл адамдары еді. Олардың тыныс-тіршілігі, қазақы қалыптары, көзқарастары жазушының қалыптасқан стиліне сай мәдениетті юмормен, баяндау стиліндегі ерекше бір ырғақпен, өзіндік

дықтарына сүйсінер де күйінер едік. Өтпелі кезеңде онсыз да өгі заянмен келе жатқан қазаққа дәрекі сөз емес, Бернард Шоудың жылы юморындай мәдениетті мысқыл керек. Осы ретте Мархабат сөз ойнатудың асқан шебері. Уытты сарказмға сүйенбей-ақ, қазақы қалжындарымен-ақ кейіпкерін тызақтатады. Мархабат Байғұттың «Гамбургтегі қазақтар» атты әңгімесін тамсанбай оқу мүмкін емес. «Тоқсан бесінші жылдың қысы қылықсыз қатының қипақ қаққанындай ғана қауқар танытты» деп басталатын алғашқы жолдарды оқып отырып, сіз әңгіменің тоқырау аталған өткен ғасырдың соңғы жылдарын еске аласыз. Енді неміс деген ұқыпты ағайынның ауылы, тұрмысы қарапайым қазаққа тансық еді. «Мәселенки бар ғой, бір түймені жеңіл ғана басып қалсаңыз болды, дыбыссыз, дабырасыз, салдыр-күлдірсіз, тіпті тырс еткен дәнмесіз-ақ сау етіп жем төгіледі. Екінші бір көгілдір түймені түртіп қалсаңыз, сәл сопақтау шойын құтыға мөлдіреген, түп-тұнық, тап-таза, тәп-тәтті су құйылады. Үшінші бір қызғылт ноқатты басқаныңыз сол



«Мархабат Байғұт – стилі де, мәнері мен мақамы да ешкімге ұқсамайтын жазушы. Тілдік аясы да, оны қолдана білуі де бөлек. Бізде қасаң түсінік бар ғой: жергілікті жерлерге ғана тән жаргон мен диалектілерді тек кейіпкерлер диалогінде, ғана қолдану керек дейтін. Мархабат мұндай жөнсіз санитарлық түсініктің бытшытын шығарады. Ол кейіпкерлерін бір мақаммен сөйлетіп, өзі бір мақаммен сөйлеп жатпайды. Кейіпкер қалай сөйлесе, өзі де солай сөйлейді. Тұтас! Тағы да олар – оңтүстіктік мақамдар! Мархабат мақамдары!»

Темірхан МЕДЕТБЕК

ПЫРАҒЫ

тың бояуларымен құбыла құлпырып, жүрекке жылы тиіп, оқырмандарын баурап алатын. Ол сіз бен бізге таныс адамдар. Күнде есігіп жүрген әңгімелеріңіз. Ұзаққырап кеткен уақыт бедерінде сүйікті адамдарыңызбен (кейіпкерлеріңізбен) қайта табысып, алыстағы ағайынмен сағынысып қауышқандай күй кешер едіңіз. Біздің кең байтақ елімізде тұрғындар өз өлкесіне қарай өзгешелеу өрнекпен сөйлейді. Мархабат Байғұттың повесть, әңгімелеріндегі кейіпкерлердің ауызынан шығатын сөз оңтүстікке тән бояуымен бөлектенеді. Сіз осы әңгімені оқып отырып-ақ оқиғаның оңтүстік өңірінде болып жатқанын жазбай танысыз. Танисыз да жымиясыз.

Өзіндік соқталы соқпағын тауып алған М.Байғұт енді оқырмандарға іздетпей-ақ кітаптарын бірінен соң бірін бере бастады. «Интернаттың баласы», «Нәуірзек», «Дауыстың түсі», «Қорғансыз жүрек», «Машаттағы махаббат», «Әдебиет пәнінің періштесі», «Ақпандағы мысықтар», «Қозапая», «Ауыл әңгімелері», «Алмағайып», «Әпкемнің ауылы», «Аңсар» сияқты кітаптары өмірдің сан алуан сұрақтарына жауап іздеп, оны кейіпкерінің іс-әрекеттерінен тауып, оқырмандарын сүйреп отырды. Осы тұста айта кетер тағы бір сыр бар. Біз Тәуелсіздігімізді алып, толағай теңізде өз ескегімізді өзіміз есіп, барар бағытымызды білмей бөгелінкіреген тұста, Махаң әдебиетке өзіндік сүрлеу салды. Бұл кезде бірталай жазушылар енді қандай тақырыпты қаузасам екен деп іркіліп қалғаны да жасырын емес қой. Нарықтың мойынға қылбұрау салған қысылтаяң шағы. Қиындықтар мен ауыртпалықтар жайында жайылып жаза да беруге болмайды. Не істемек ләзім? Сөйтсек, әр өтпелі кезеңнің адамдары мен тіршілігі, заманына қарай амалы болады екен ғой. Қарымды қаламгердің шығармаларын оқып отырып, кейіпкерлерінің тапқырлықтарына, қазаққа тән аңғал-

екен, сиырдың буы бұрқырап, жаңа ғана түскен тезегін сыпырып-сыпырып ала жөнеледі. Бұлардың сиырларының ақ жүні де, қара жүні де, түгі мен түбіне дейін жылт-жылт етеді, малақ түгілі титімдей тозаң жұқпайды. Қой-ешкілер де, шошқалары да, қаз-үйректері де шетінен ақылды ма, асыл тұқымды ма, әйтеуір, ерекше екені, рас» деп немістердің тіршілігін боямасыз суреттейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шетел азаматтары тарихи отандарына үдере көшті емес пе? Немістер де көшін Германияға бағыттады. Олардың үйлері мен қора-жайларын қазақтар сатып ала бастады. Солардың бірі Нәтибек Несіпбайұлы еді. Кешегі Ганс Вайслердің, бүгінгі Нәтибектің ауласын үш дүркін келіп көрген қатындар ауланы айтарлықтай-ақ қазақыландырып кеткеніне күйінесіз. Оның үстіне, немістер Эра атап кеткен сүтті сиырдың табан астында ауырып, өліп қалуы ашыған жерге тұз сеуіп кетеді. Автор әңгімесін Эраның бүгінгі қазақ иесі сиырын жоқтап отырғанымен аяқтайды. Қазаққа тән икемсіздік, қопалдық, қыңырлық алдыңыздан көлденендеп шығады. Бұл



қазақты ширатып алудың бір тәсілі деп қабылдадық.

М.Байғұттың «Таудағы андыз» атты хикаятында кластардың он жылдан соңғы кездесуі суреттеледі. Өмір атты арынды ағын адамдарды тышқан тіршілікте түрлі бұралаң жолға бастай-

ды емес пе? Кеше ғана тай-құлындай тебісіп бірге өскен қатарластардың мінездері де, көзқарастары да мүлде бөлек. Кешегі достық, туыстық, махаббат тәрізді тәтті сезімдері ұмытылған. Өткінші өмір ағымында адамдар уақытша сәттіліктердің жетегінде адамгершілік сезімдерден алыстап, пендеуи күй кешеді екен ғой. Алайда табыс та, байлық та, денсаулық та уыста мәңгі тұрмайды. Сондықтан азды-көпті тіршілікте дүние дидарына адами көзбен қарап, мағыналы күн кешуді, шақтап берген ғұмырдың мағынасын терең түсінуді оқырман санасына сіңіргісі келеді. Мәкеңнің бұл шығармасы әлегия сарынында жазылған. Парақтан паракқа өткен сайын өзіне-өзің қояр сұрақтар да көбейеді. Оларға жауап іздейсіз. «Машаттағы махаббат» повесі де қым-қиғаш тіршілік тауқыметтеріне құрылған. Әрине, махаббат мәселесі бірінші кезекте тұрғанымен, адамдар арасындағы риясыз қарым-қатынас тағы бар ғой. Міне, қаламгердің қалтарыстағы құпиялары осылай алдыңыздан қол бұлғайды.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орнын ойып тұрып алған қарымды қаламгер қайталанбас талант ретінде де, азамат ретінде де өзіндік өрнегін қалдырып кетті. Оның аудармашылық қыры өз алдына бөлек әңгіме. Драматург ретінде де танылған ол, көрермендерге бірқатар жан дүниенді астан-кестен ететін кесек дүниелер жазды. «Шырайлым – Шұбайқызылым» атты жас қаламгерлер арасында фестиваль өткізіп, талай жас таланттың тұсауын кескен ұстаздық, тәлімгерлік қыры тағы бар еді.

Пістеліде биыл да қызғалдақ қаулап өсті. Толқындалып, аласұрып қарымды қаламгерді іздеп жатқандай. Пістелі төбесінен ұшып өткен тырналар да көкте тыраулап ұзақ айналып ұшты. Пістелінің пырағы жоталардың төбесінен қол бұлғап, оларды қуана қарсы алып тұрғандай.

Иә, сағыныш сазы жүрек өртейді.



Сәуір айының соңынан Сәбері қаламгер атаулыны елеңдеткен жаңалық бар. Түрлі әлеуметтік желілерде ерекше жарнама жүріп жатыр. «Қазіргі заманғы қазақ романы» атты бәйге жарияланып, жазушыларды соған қатысуға шақырған жарнаманың астарын аңдатуды мақсат етіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі «Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби бірлестігінің төрағасы Қайнар ОЛЖАЙДЫ әңгімеге тартқан еді.

– Қайнеке, «Қазіргі заманғы қазақ романы» атты бәйге жарияланғанына қаламгер қауымының делебесі қозып, қатысуға асығып жатыр. Өйткені мұндай қомақты әдеби бәйге бұрын-соңды жарияланбағаны анық. Жеңімпазға 15 миллион, басқа төрт авторға 3 миллион теңгеден беріледі. Осыншама қомақты қаржы қандай Атымтай жомарттан шығып отыр?

– Атымтай жомарт бар, аты-жөні де бар. «Қазіргі заманғы қазақ романы» бәйгесіне қаржы бөлуге белсенген азамат – ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов. Сырттан келіп, осында орнығуға тырысқан кәсіпкер емес, өзіміздің мемлекетіміздің азаматы, әрі демеушілікке компанияның қаржысын емес, жеке ақшасын бөледі. Осы айырмашылықты ескеру керек.

Мұны неге айтып отырмыз? 2024 жылдың қорытынды дерегіндегі ERG компаниясының акционерлер тізіміне көз салсаңыз: 40 пайызы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне; 20,7 пайызы А.Машкевичке; 20,7 пайызы Ибрагимовтер отбасына; қалған 18,6 пайызы П. Шодиевке тиесілі болғанын көресіз. Егер бәйге ERG компаниясының атынан жарияланса, онда аз да болсын біздің бюджеттің қаржысы қосылар еді. Сондықтан ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимовтің жеке ақшасы бәйгеге тігілгенін атап тұрып айту керек.

Бұл бәйге арқылы Шухрат Алиджанұлы қазақ әдебиетін қолдап қана қойған жоқ. Бүкіл еліміздің рухани өміріне қозғау салады. Өйткені бәйге барысында жазылатын романдар жақсылыққа үндейді. Жаны ізгі адамдардың образы жасалады. Үш ұрпақтың бастан кешкені көркем тілмен, орнықты ойлармен сипатталған соң Отан деген ұғымның мәні ашылады. Сіз бен біздің кітап сөремізге бақандай бес роман қосылады. Шухрат Ибрагимовтің жеке шешімінің арғы жағында осындай үлкен мән жатыр.

Мұндай шешімге келудің алдында ол қазақ әдебиетінің ақсакалы Төлен Әбдікұлына арнайы хат жазды. Онда Қазақстанға экономикалық жетістіктермен қатар рухани түлеу қажеттігін түсінгенін айтады. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, қазақ жастарына жол сілтейтін шығармалардың



Қайнар ОЛЖАЙДЫ:

«БӘСІ МОЛ, БЕРЕРІ

болуы өте маңызды екеніне тоқталады. Хаттың сонын сөзбе-сөз келтірейік:

«Құрметті Төлен Әбдікұлы, осы орайда қазіргі заманғы қазақ әдебиетін қалыптастыруға өз үлесімді қоссам деп шештім. Ол үшін өз атымнан қомақты жұлде қоры тағайындалатын қазақ тіліндегі шығармалар үшін «Қазіргі қазақ романы» атты жыл сайынғы әдеби конкурсын (конкурстың концепция жобасы қоса берілген) тағайындауды ұсынамын.

Сізден аталған конкурстың ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасын басқаруыңызды сұраймын. Оның өтуіне қажетті қолдауды көрсететін боламын.

Мұны қазақ ұлтының дамуына деген үлесім мен ел алдындағы азаматтық парызым деп қабылдаңыз.

Құрметпен, Шухрат Ибрагимов, Eurasian Resources Group Директорлар Кеңесінің төрағасы».

Міне, осындай хат жазып, ақсақалдың батасын алды. Мұны қалталы азаматтың дер кезінде суырылып шығып, шешім қабылдауы деп бағалау керек. Өйткені бұл жыл қазақ әдебиетіне көп қайғы әкелді. Бірінен соң бірі Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Әкім Тарази өмірден өтті. Әдебиетті орман десек, ең биік бәйтеректері құлап жатты. Осы уақытта олардың орнына жас шыбықтар егілуі керек емес пе? Сол себепті Шухрат Алиджанұлы ең қажет кезде маңызды қадам жасады.

– Шухрат Ибрагимов қаржысын бөлген «Қазіргі заманғы қазақ романы» бәйгесін ұйымдастыруды әдеби бірлестік қолға алған екен. Енді соған тоқталсаңыз.

– Әдеби бірлестік деген – қоғамдық ұйым емес. Есеп-қисап жүргізілмейді, мөрі мен төлтаңбасы, тура мына жерде тіркелген дейтін мекенжайы да жоқ. Кітапқұмарлар клубы деген сияқты. Бұл – қызығушылығы ортақ, көзқарасы үйлесетін адамдардың пікір алысуға басқосуы. Кейде бильярд залында, кейде кітапхана залында, кейде кафеде отырып сөйлесе береміз. XX мен XXI ғасыр тоғысқан тұста

«Хабар» агенттігінде бірге жұмыс істеген Арман Сқабыл деген досымыз бар. Сіздер де танитын шығарсыздар. Саясатты шемішкеше шағады. Өзі Бердібек Сокпақбаев, Мұқағали Мақатаев, Сағат Әшімбаев, Баққожа Мұқай, тағы басқа жазушылар, ақындар, сыншылар шыққан Нарынқол ауданында туғандықтан әдебиет десе, ішкен асын жерге қояды. Оның кітап болып шыққан «Жаным» атты лирикалық туындысы жастардың қолында жүргенін талай көрдім. Өткен ғасырда елуінші жылдардың жастары «Инеш», алпысыншы жылдардың жастары «Көк мұнар», жетпісінші жылдардың жастары «Махаббат, қызық мол жылдарды» қалай жата-жастана оқыса, XXI ғасырдың екінші он жылдығында «Жаным» да өскелең ұрпақ үшін өнегелі кітап болды. Дереву кино болып түсірілген.

Сол Арман бар, басқамыз бар «Қазіргі заманғы қазақ романы» бәйгесінің жұмысын жүргізу үшін әдеби

бірлестік құрдық. Арнайы сайт ашылды. Жарнамалау басталды. Мұның бәрі Шухрат Ибрагимовтің жеке қаражаты есебінен. Соншама қаражат бір мақсатқа – осы заманғы адамдар бейнесін көркем сөзбен айшықтайтын жаңа романдар жазғызуға жұмсалмақ.

– Тарихи романдар керек емес пе? Олар бәйгеге қосылмай ма?

– Тарихи романдардың желісі түсіп жатса, сарапшылар оны да қарастырады ғой. Бірақ уақыт жағынан үлгерерін кім білген?! Арыдағы Мұхтар Әуезов «Абай жолын», Ілияс Есенберлин «Көшпенділерін», Ғабит Мүсірепов «Ұлпанын», берідегі Мұхтар Мағауин «Шыңғыс ханын», «Алтын ордасын», «Аласапыранын», Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» мен «Махамбеттің жебесін», Әбіш Кекілбаев «Үркері» мен «Елең-алаңын», Софы Сматаев «Елім-айы» мен «Жарылғап батырын», Қажығали Мұханбетқалиұлы «Тар кезеңін», Сәкен Жүнісов «Ақан серісін», Ахат Жаксыбаев «Иса ақынын», Қабдеш Жұмаділов «Дарабозын», «Тағдыры» мен «Соңғы көшін», Қалмұқан Исабаев «Шоң биін», Шерхан Мұртаза «Қызыл жебесін», Әнес Сарай «Еділ-Жайығын» жазуға талай жылдар жұмсалған. Тарихи романды төрт-бес айда тамамдау мүмкін бе? Материалын бірнеше жыл жинайды. Деректерді салыстырады. Оның бәрі оңай атқарылмайды. Соны ескергенде бәйгеге тарихи романдар емес, осы заманғы оқиғалардың романдары көп келеді деп ойлаймыз.

– Сіз – журналиссіз. Өмір бойы ақпарат құралдарында қызмет істедіңіз. Публицистика саласында саңлақсыз десек, асыра мақтағандық болмас. Бірақ сіз жүрген журналистиканың өрісі басқа да, бәйге жарияланған әдебиеттің өрісі басқа емес пе?

– Сұрақтың ішінде «өріс» деген сөз жүр екен. Тенеу түрінде айтсаңыз

да, соны өрістетейік. Әдебиет пен журналистиканың жайылатын өрісі бір, тек қамалатын қорасы бөлек. Екеуі де қазақтың сөзін пайдаланады. Неғұрлым сөзді көп білгеннің өрісі ұзара түседі. Тілдік қор екеуіне ортақ.

Біз журналистика факультетінде оқығанда әдеби бірлестіктеріміз болды. Алғашқысын үш-төрт курс жоғары оқыған, кейін үлкен жазушы болған Дидахмет Әшімханов ағамыз құрып, басқарды. Кейінгісінің жұмысына курстасымыз Жұмабай Әбілов жегілді. Ол әдебиет сыншысы еді. Екеуі де журналистика факультетінде оқыды. Осы әдеби бірлестікте қаншама жас жазушылардың кітаптарын талқыладық. Тіпті үлкен ағалардың романдары жайында пікір айттық әрі өзіміз роман жазғанбыз. Осы заманның романы. Керек десеніз, сатиралық роман. «Атамыз Аласанбай» аталған. Есенғали Раушанов «Жазушы» баспасынан шығарған. Мұрат Әуезов

ағамыз Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасын басқарып тұрғанда Кореяның SAMSUNG компаниясын демеуші еткен осы заманғы романдар бәйгесінде қосқанбыз. Шерхан Мұртаза «Қордайдың қоңыр құлжасы» деп теңейтін Несіпбек Дәутайұлы аға екеуіміз екінші орын алғанбыз. Демек, өзімізді әдебиеттен мүлде алыс адамбыз демес едік. Рас, Жазушылар одағына өту туралы ұсыныстан талай рет бас тарттық. Өзімізге «жазушы» аты жараспасын білеміз.

– Ал неге басқа емес, Шухрат Ибрагимовтің белсеніп шыққан сырын айтасыз ба?

– Оны өзінен сұрау керек (Қайнар Олжай әдемілеп жымиып алды). Мен тек өз топшылауымды айта аламын. Кеңес Юсупов деген ағамыз болды. Былай қарасаң, өмір бойы журналист болған адам. Біз бірінші көргенде «Социалистік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы екен. Оның алдында Шығыс Қазақстан облыстық газетінде істеген. Кейін «Қазақстан коммунисті» журналында қызмет етті. Сол кісінің журналист бола жүріп керемет хикаялар, әңгімелер жазғаны бөлек тақырып. Әсіресе «Қарашадағы көктем» кітабы қандай. Қазақ прозасында флотка арналған бірден-бір көркем шығарма. Біздің айтайын дегеніміз – сол ағамыздың «Әкелер түске енеді» деген әңгімесі.

Мұнда да сондай жағдай болуы керек. Александр Машкевич өмірден өткенде оның Израиль азаматтығын алғаны, қазақ руханиятына үлес қоспағаны айтылып жатты. Шодиев Бельгияның азаматы болып шықты. Ендеше, Шухрат Ибрагимов ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған соң оққылықтың орнын толтырғысы келген шығар. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай, ол – Қазақстан Республикасының азаматы. Өз еліне салық төлегеннен басқа тағы бір пайдасын тигізгісі келген шығар. Бұл, әлбетте, өз болжамымыз.

– Түсінікті. Ал осы бәйгеден 15 миллион теңгелік бас жүлде алған роман және әрбірінің авторына 3 миллион теңгеден олжа түсірген төрт роман оқылады деп ойлайсыз ба?

– Өткенде бір мақаламызда жазсақ керек, әлемде көркем әдебиет оқылады. Егер ол керексіз болса, әдебиеттегі Нобель сыйлығын тоқтатып тастар еді ғой. Жок, оған жыл сайын үміткерлер ұсынылады. Сыйлықтың әділқазылары үшін таңдау оңай емес. Өткен жылдың өзінде Кэролайн Коуридің «Ыстанбұлдан Парижге дейін», Эбби Хименстің «Жаздағы жағдай», Лиз Томфордтың «Жойдасыз жоспар», Ричард Осман-ның «Албастыға арналған қақпан», Маша Траубтың «Ағашқа айналғысы келетін кейуана», Евгений Кремчуктің «Фаюм», Бренда Наварронның «Үңірейген үйлер», тағы басқа романдар баспадан шығыпты. Бұл – әлемнің

яғни аңдатпаны екінші кезеңге өткізеді. Осылай 3 миллион теңге алатын авторларды анықтайды. Жылдың соңына қарай бес романды оқыған соң арасынан топ жарған авторын жеңімпаз деп жариялайды.

– «Сарапшылар кімдер?» деп сұраушылар көп шығар?

– Өзіңіз де сезіп отырсыз ғой. Сарапшылар кімдер екенін және канша адамнан тұратынын айта алмаймыз. Шухрат Ибрагимовтің ақсақал жазушымыз Төлен Әбдікұлының алдынан өткені ғана белгілі. Тағы бір нәрсе анық, сарапшылар бастапқыда түскен идеяларды да, кейін жазылған бес романдарды да бірлесіп отырып талқыламайды. Олардың әрбірінің пікірі жеке жиналады. Содан соң есептеледі. Арман екеуіміз ол есепке араласпаймыз. Арнайы техникалық қолдау құрылған. Оның қызметкерлері – тілге, әдебиетке мүлде қатысы

ЗОР» БӘЙГЕ

мысалы. Бізде де оқылады. Мәселе жазуда. Көлемді де көркем туындыны жазуға бірнеше ай, тіпті бірер жыл керек. Отбасын, бала-шағаны ойламай жазуға отыруға кімде мүмкіндік бар? Талантты қазақ жастары такси болып нәпақа табудан аса алмай жүр.

Енді бесеудің бірі болып екінші кезеңге іліксең, онда алаңдамай жаза аласың. Өйткені қолыңа 3 миллион теңге алатының анық. Әлбетте, салығыңды төлеген соң. Демек, көпшілік қызыға, құмарта оқитын роман жазатын мүмкіндік туады. Оған дейін тұжырымдамасын нақтылап, идеясын қызғылықты етіп, бірер беттік ұсыныспен бірінші кезеңге қатыс. Болашақ кітапқа аңдатпа жазу – бір күн емес, бірер сағаттың ғана жұмысы. Бірінші сатыдан өтпесең оқа емес, бар болғаны әлгі бірер сағаттық уақытың кеткен.

– Жеңімпаз да, екінші кезеңге өтетін бестік те көпшіліктің СМС дауыс беруі арқылы анықталмайды екен. Басқа бір бәйге осы тәсілді қолданып жүр емес пе. Одан неге бас тарттыңыздар?

– СМС дауыс беру бізден қалған. Арман дос екеуіміз 2000–2001 жылдары Алматыдағы Республикалық сарайда «Хабар-2» телеарнасынан тікелей көрсетілетін ақындар айтысын ұйымдастырғанбыз. Сонда дауыс беру жүріп, интерактивті түрде экранның бұрышында тікелей эфирде әр ақынға канша адам СМС арқылы дауыс бергені көрініп тұратын. Ақын әлі тамағын дұрыс кенеген жок, ал дауыс бергендер жүзден асып кететін. Осы дұрыс па? Содан тікелей эфирге дауыс беруді тоқтатқанбыз.

Сол тәжірибе еске түскендіктен, «Қазіргі заманғы қазақ романы» бәйгесінің алғашқы бестігі мен үздігін баршаның электронды дауыс беруі арқылы анықтаудан бас тарттық. Сарапшы болуға шақырылған, бірақ аттары конкурс барысында аталмайтын айтулы әдебиет мамандары болашақта жақсы роман шығады деген бес желі,

жок, Аи-ти технологияны қолданатын есеп-қисаптың адамдарды. Дауысты солар есептеп, бізге нәтижесін ұсынады. Біздің міндет – бірінші жолы бес авторды, соңғы жолы жеңімпаз бір авторды ресми жария ету.

Содан соң техникалық қолдау сол қаламгерлердің құжатын, есепшотын Шухрат Ибрагимовке ұсынады. Біз әрі кеткенде бәйгені тапсыру қайда, қашан болатынын анықтап, соған дайындық жасаймыз. Демеушінің есебінен бес романның баспадан жеке-жеке кітап болып шығуына араласуымыз мүмкін.

– Киноға ше?

– Иә, «Қазіргі заманғы қазақ романы» бәйгесінде жеңімпаз роман кітап болып шығумен қатар көркем фильмге айналады. Оның бюджеті бөлек есептеледі. Оған да Шухрат Ибрагимов толық қаржы бөледі. Сөйтіп, руханияттың бір емес екі саласына осы азаматтың жеке ақшасы жұмсалады.

Сөзіміздің басында мысалға келтірілген елуінші жылдардың жастарын «Инеш», алпысыншы жылдардың жастарын «Көк мұнар», жетпісінші жылдардың жастарын «Махаббат, қызық мол жылдар» соншалықты еліткенмен, олар кітап болып шыққан соң киноға айналмады. «Махаббат, қызық мол жылдар» беріде бірнеше рет фильм болып түсірілді. Біздің ойымызша, оның бірнеше нұсқасы да көңілдегідей емес. Бірнеше рет түсірілген «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» кебін киді. Ол енді – басқа әңгіме.


Бұл жолы романның сиясы кеппей жатып, оны фильм ретінде көрудің мүмкіндігі туады. Біздіңше, жаман емес. Әсіресе жастар барлық керегін интернет арқылы іздейтін болған мына заманда.

– Иә, Қайнеке, жаман емес. Көкейдегі сұрақтарға тыңғылықты жауап бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

● “ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: ФОТОШЕЖІРЕ”

Жуырда «Қазақ әдебиеті: фотошежіре» фотоальбомының екінші бөлімі жарық көріп, жұртшылыққа таныстырылған болатын. «Қазақ әдебиеті» газеті алдағы уақытта фотоальбомдағы сирек те сырлы суреттерді тұрақты түрде назарларыңызға ұсынып отыратын болады.



Суретте: Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің хатшысы Смағұл Сәдуақасов «Еңбекшіқазақ» газетінің редакциясында (сол жақта) Мұхтар Әуезовпен бірге. Семей. 1921 жыл

Балалар әдебиетінің шебері



Қазақстанның қоғам қайраткері, танымал жазушы Нұрдәулет Ақыш 75 жасқа толды. Мерейлі мерейтой аясында Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының бастамасымен өткізілген «Көл қорыған бала» атты облыстық эссе байқауы қорытындыланып, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

Байқаудың мақсаты – Нұрдәулет Ақыштың еңбектерін өскелең ұрпаққа дәріптеу, жеткіншектердің әдеби шығармаға деген қызығушылығын оята отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Нұрдәулет Ақыш еңбек жолында жиырмаға жуық көркем және ғылыми кітаптарды дүниеге әкелген. «Қоңыр өгіз», «Жұмбақ іздер», «Күрмеуі қатты түйіндер», «Үндемейтін ұл», «Таң алдындағы дабыл», «Рақымсыз көктем» сынды әңгіме-повестердің авторы. Туындылары орыс, түрік, беларусь және ұйғыр тілдерінде жарық көрген. Қалам тартқан еңбектері жоғары бағаланып, Құрмет орденімен, жастардың «Жігер» фестивалінің, ҚР Мәдениет министрлігі байқауының, халықаралық «Жамбыл» және «Алаш» сыйлықтарының лауреаты атанған.

Шығармашылықпен айналысып, әдебиет әлемін сүйсіне оқитын көпшіліктің алды болып алғашқы орын мен 70 мың теңге ақшалай сыйлықты Бегімсұлу Көшкінбай (*Еңбекшіқазақ ауданы*) иеленсе, Аяжан Тұрапбай (*Райымбек ауданы*) 2-орын (50 мың теңге), Кәусар Сауытбек (*Кеген ауданы*) 3-орын (30 мың теңге) алды. Ал Бахарбек Дәулетжан (*Кеген ауданы*) ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Шараға зиялы қауым өкілдері, оқушы және студент жастар, мектеп мұғалімдері мен оқырмандар қатысты. Бастауыш сыныптан әдебиетке құмар болып өскен жазушы Н.Ақыш: «Кез келген көркем шығарманы жазуға алдымен, бейімділік пен талант керек. Екіншіден, еңбек және өмірді білу керек. Балалар әдебиетін жазуға ынта білдірушілер бар. Бірақ нақты, сәтті шығатын шығармалар аз кездесіп жатады. Балалар шығармасын жазуда кішкентай оқырмандардың қалай қабылдайтынын назардан тыс қалдырмау керек», – деп кешті қорытындылады. Бейбіт заман ұрпақтарының қарымды қаламгер, сауатты тұлға болуын қалайтын шығармашыл тұлға есімінің ел жадында мәңгілік сақталуын, жауһар әдебиетіміздің жеткізер биігі таусылмауын тілейміз!

Гүлайым ЖҰМАШ

Кешегі кеңес дәуірінде коммунизм идеясына құлай сенгенмен, партияның сөзі мен ісінде алшақтық пайда болған кезде халқының мүддесі үшін мансабын мансұқ еткен қаламы жүйрік, ойы сергек қаламгерлер есімі замандастарының есінде. Осындай батылдығымен есте қалған баспасөз басшыларының бірі – Құрманбек Сағындықов. Иә, «Қазақстан коммунисті» журналын табандатқан 18 жыл басқарған коммунист Сағындықов. Партия тарихы институтында марксизм-ленинизм классиктерін аудару секторын меңгерген қайраткер.

Алайда Қ.Сағындықовтың аудармашылығы саяси әдебиетпен шектеліп қалмайды. Ол өзінің шығармашылық мүмкіндігі мол қаламгер екенін көркем әдебиет баспасында редактор, бас редактор болып жүргенде-ақ (1937–1941) көрсете білген. Осы баспаның сол кездегі бас директоры Бейсембай Кенжебаевтың Мұхтар Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабын тездетіп шығарып жіберген ерлігі, сол үшін теперіш көргені кейіннен жазылды. Ал сол романның тұңғыш басылымының тұңғыш редакторы Құрманбек Сағындықов (Қуандық Шаңғытбаевпен бірге) болғанын көпшілік біле бермейді. Құрманбек ағамыз бұл теперіштен соғысқа кетіп (1941) құтылған сыңайлы.

Бала кезден басталған қос тұлғаның (Бауыржан, Құрманбек) достығы келе-келе шығармашылық қарым-қатынасқа ұласты.

Майданға Бауыржан басқаратын полкке өзі сұранып барған Құрманбек кейіннен дивизиялық «За Родину» — «Отан үшін» газетінің редакторы болып жүргенде жауынгерлердің рухын көтеретін бірсыпыра шығармаларды Баукеңнің тапсыруымен, редакциясымен қазақшалапты.

...Қ.Сағындықов «Арпалысты» (Волоколамское шоссе) екінші рет еркін және толық аударып шықты. Жалғыз аударып шықты. Олай дегеніміз, Александр Бек пен Бауыржан Момышұлының арасындағы келісімшарт бойынша бұл романның қазақшасын бірнеше жазушының жүзеге асыруы әрі олардың қосымшалар, өзгерістер енгізу мүмкіндігі қарастырылған. Ол мүмкіндікті Баукең команда қазақы рухтың есіп тұруын қамтамасыз ету үшін берді.

Әрі-беріден соң 1942 жылы ауызша жасалған келісімшарттың 1944 жылы қағазға түсірілуі қажеттілігі де романның алғашқы нұсқасы жарияланғаннан кейінгі айтыс-тартыстардан туған. Соның ішінде авторға Баукеңнің де елеулі ескертпелері болды. Құрманбекке жазған хатында (19 желтоқсан, 1957 жыл) Баукең: «Оқырмандарға кітаппен 1944–1945 жылдары және 1957 жылы қалай жұмыс істегенінді айтып, кітаптың қазақша нұсқасының ерекшеліктері туралы ой бөліс. Біраз жерде орысша түпнұсқадан еркін кеткенінді және эпиграф етіп, афоризмдер алғанынды қостілді оқырмандар дұрыс қабылдамауы мүмкін. Сондықтан да екі сөзбен болса да мұндай шегіністердің қажеттіліктен туғандығын аудармаға соңғы сөзде атап өтуің керек», — дейді.

Өзіне де, авторға да қойған биік талап, жоғары жауапкершілікті Баукең Құрманбекке де қойған. Құрекең сол үлдеден шыққан. Жалғыз аударуына мүмкіндік берілуі содан. Романның алғашқы аудармасы шыққалы арада өткен 12 жылда Қ.Сағындықов қазақтың маңдайалды аудармашы-әдебиетшілерінің қатарына қосылған еді. Соған қарамастан, Құрекең Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке өтпепті. Бұл жерде оның адамгершілік, азаматтығының жаңа қыры — сұғанақтығы жоқтығы, жазушы деген атақты, шын мәнінде, тудырушы-творитель ретінде көріп, өз шығармашылық қабілетінде де қатал редакторлық еткені көрінеді. Әйтпесе, «Писатели Казахстана» анықтамалығын парақтап қараңыз, тіпті филология ғылымдарының кандидаты атағы да болды. Бауыржан

екеуінің жастық шағына арналған естелігін ғұмырбаяндық повесть, «Өзімнің өмірдерегімнен» кең ойластырылған көркем шығарманың тарауы деуге болады. Бірақ Құрекең артыққа ұмтылмаған. Ол журналист-аудармашы деген атақты қастер тұтып, баспасөз басшысы, редактор болып қалған. Журналист Н.Савицкая Д.А.Қонаевтың мынадай естелігін келтіреді: «1961 жылы болу керек бюджетті толтыра алмадық, оның шығыс бөлігін қысқарту туралы команда болды. Республикада радиотелестансылардың құрылысын тоқтатып, 16-ның үшеуін-ақ қалдырыпты. Совминнің мәжілісінде ешкім уәж айтқан жоқ, үнсіз қалды. Тек Құрманбек ғана: «Сіздер ауыл адамдарынан мәдениетті ұрлап отырсыздар», — деп санқ ете қалды. Дінмұхаммед Ахметұлы артынан ойланып, бұл стансылардың тоғызын қалдырыпты (қазір облыстарда жұмыс істеп тұрған сол стансылар).

Бірде Орталық Комитетке Құрекеңнің үстінен нақтылы фактілерге құрылмаған арыз түседі. Ол туралы мәжілісте Орталық Комитеттің хатшысы Радионова айтып қалады.

— Сіз жұмыс кезінде барып бильярд, карта ойнайды екенсіз, — дейді ол.

— Өсекке сенуге болмайды. Жұрт сізді де «жұмыс кезінде башпайын бояп отырады» деп өсектейді, — деп жауап береді Құрекең.

Хатшы сөзден тосылады. Үзіліс жарияланады. Көп ұзамай (1962) Қ.Сағындықов Оңтүстік Қазақстан өлкелік «Правда Южного Казахстана» газетіне бас редакторлыққа сырғытылады. Бұл жұмыстан «Қазақстан коммунисті» журналына 1965 жылы оралған. Империялық саясатқа, оны құлай қолдаған қазақстандық идеологке жақпайтынын білсе де, ұрымтал тұстарда ұлт мәдениетін қорғай алған, үнсіз қала алмаған.

Сол кезеңдегі баспасөз басшысы болғандарға осындай тағдыр жазылыпты. Бас пайдасын ойлаған жұрт үндемей қалғанда, халық қамын ойлаған Қ.Сағындықовтың Совмин шешіміне қарсы шығуын кейіннен Д.А.Қонаев Құрманбектің парасаттылығы деп бағалапты. Қатты сыйлапты...

72 жасына дейін «Қазақстан коммунисті» журналының редакторлығынан жібермеуі, соның айғағы емес пе?!

Биыл бүкіл дүниежүзіндегі ақ ниетті адамдар Ұлы Отан соғысының 80 жылдығын атап өтуде. Құрманбек Сағындықов дивизиялық «За Родину» — «Отан үшін» газетінің редакторы болып, майданның алғы шебінде жүр-

генде жауынгерлердің рухын көтеретін мақалалар, очерктер жазды.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза айтқан майдандағы мына оқиға кімді болмасын қатты тебіренетеді. Кеңестер Одағының Батыры жас Төлеген Токтаров жаудың жеңдеттерін жер жастандырып жүріп, қыршынынан қиылып кеткенде оның сол бір қиын-қыстау шақтағы ерлігіне сүйсінгені былай тұрсын, оның өмірмен жастай қоштасқанына өкінбеген қандыкөйлек майдандастары да болыпты. Тіпті талайды көріп, тісқакқан әскери қолбасшылардың өзі де бірден-ақ бармақтарын тістеп: «Енді қайттық?» — дегенін Құрманбек ағаның өзі де талай көрді ғой. Сонда әскери басшылық жас Төлегеннің майдан даласында Отаны, елі, жері, халқы үшін жанын беріп қана қоймай,

жапырған Ер Тарғындай қаһарман батыр атанды, — деп жалғапты, — Төлеген сынды батыр ұлыңыздың қазасына сізбен бірге біз де қайғырдық... Төлегендей батырды тәрбиелеп, өсірген сіздің өркеніңіз өссін, шеше!»

Жуалы ауданында шыққан «Тау сағызы» газетінен мемлекет және қоғам қайраткерлігіне дейін көтерілген талантты қаламгер 1946–1962 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аударма жасайтын институтта аға ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі болып жүргенде В.Лениннің 55 томдық шығармаларын, Карл Маркстің «Капиталын» аударып, орасан еңбек етті.

Радио және телевидение жөніндегі Қазақ ССР Мемлекеттік комитетін басқарған жылдары техникалық базасы

ҰЛТ АРДАҚТЫСЫ ҰМЫТЫЛЫП



жауды ойсырата шығынға ұшыратып, ұрыс үстінде де туған халқының абыройын асқақтатқанын оның елдегі туған анасына тезірек жеткізуді мақсат етіпті.

Осындай аса ауыр «миссияны» орындау — жауынгер-журналист, Төлегеннің майдандас досы Құрманбек Сағындықовқа тапсырылыпты. Сол «суық хабар» арқалаған хатты жас батыр Төлегеннің анасына әскери қолбасшылар мен Төлегеннің майдандас достары — Бауыржан Момышұлы, Ахмеджан Мұхамедьяров, Балтабек Жетпісбаев, Мірқас Байсаров пен өзінің атынан көздерінен ыстық жас сорғалап отырып жазған екен. Тарихи хаттың көшірмесі Құрманбек Сағындықовтың жеке архивінде де сақталған. Онда: «Қадірлі Ғазиз ана! Түн ұйқыңды төрт бөліп, ақ сүт беріп, аялап өсірген жан ботаныз Төлеген еді. Ел басына ауыр күн туып, ат ауыздығымен су ішіп, ер үзенгіден қар кешкен заман туғанда, қанға жерік фашист деген жау шалғын жерімізді, шалқар көлімізді, ырыс-бақытымызды тартып алуға тап бергенде оған қарсы, ана сүтін ақтаймыз деп бар өлкеден ерлер аттанды. Ұрысқа белді бекем буып шыққан ерлердің бірі — сіздің Төлеген ұлыңыз еді» дей келіп, өзі де бір жайсыздықты сезгендей болып отырған ана жүрегін елжіретіп: «Талай қантөгіс ұрыстарды Сіздің ұлыңыз жау қамалын жалғыз бұзған Қобыландыдай, ер намысы деп, ел намысы деп жауын

жақсарып, шығармашылық жетістіктері арта түсті. Құрекең «Қазақстан коммунисті» журналында жиырма жылға жуық Бас редактор болып, қазақ журналистикасында үлкен қолтаңба қалдырды. Сонында үлкен ізгілік қалдырған Құрманбек Сағындықов Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы, «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Ел ардақтаған азамат Қазақстан Компартиясының XI–XIV съездерінің делегаты болып сайланды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланып, үлкен беделге ие болды.

Ағаның еңбегін туған елі жоғары бағалап, Шақпақ ата (Кременевка) ауылындағы орта мектепке Құрманбек Сағындықовтың есімі берілді. 1996 жылы 25 мамырда Шерхан Мұртаза бастаған ақын-жазушылар, ел-жұрты, туған-туыстары болып, осы оқиғаны салтанатпен атап өтті. Өйткені Құрманбек ағаның қарымды қаламынан туған журналистік, прозалық, көсемсөздік дүниелер әдебиетшілердің, сыншылардың, қаламдастары мен замандастарының, қалың оқырманның назарынан тыс қалған жоқ еді. Ағамыз еш уақытта қошемет-пікірге, қолдауға бәз біреулердей кеудесін керіп, пандыққа салынған емес. Туғанына жақпаса да, туралығынан қайтпады.



тойына қатыстық. Обалы не керек, жап-жақсы дайындалыпты. Жуалыдан түлеп ұшқан жазушылар Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза бастаған отызға жуық қаламгердің үлкен суреттері көрнекті жерге қойылып, өмірбаяндары, шығармашылық жетістіктері жазылыпты. Өкініштісі, солардың арасында бүкіл қазақ мойындаған Құрманбек Сағындықовтың суретін де, өмірбаянын да көре алмадық. Бауыржан Момышұлы мен Шерхан Мұртазаның ортасында мандайы жарқырап, Қүрекен тұруы тиіс еді.

Торқалы тойда Жуалыдан шыққан белгілі тұлғалардың есімдері аталды. Бірақ Құрманбектің аты ауызға алынбады. Шындап келгенде, біз бұған қайран қалдық. Сондықтан үндемей калу адамгершілікке де, азаматтыққа да жараспас еді. Кілең игі жақсылар бас қосқан үлкен дастарқан басында көңілге түйген ойымызды жасырмай айттық та. Жекебастың мүддесі емес, ел игілігі, халықтың рухы үшін айтылған сын-ескертпелерден Жуалы ауданының әкімшілігі тиісті қорытынды шығарады

БАРАДЫ

Табиғат сыйлаған кескін-келбет пен мінез жанды жадыратып жіберетін мейіріммен үндесіп тұруының өзі қандай жарасымды еді. Сол жиында Құрманбек ағаның өмір жолы, шығармашылығы туралы Шерхан Мұртаза ағамыз баяндама жасады.

2010 жылы, 10 қазанда Құрманбек ағаның туғанына 100 жыл толуына орай үлкен жиын өткізілді. Астана мен Алматыдан, көршілес облыстардан айтулы қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, өнер адамдары, акын-жазушылар мен журналистер бас қосқан жиында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы Рахымбай Сатаев оның өмірі мен шығармашылығы туралы әсерлі, мазмұнды баяндама жасады. Облыс әкімінен бастап, қатардағы қарапайым адамдарға дейінгі аралықта Құрманбек Сағындықовтың рухын құрметтеген, оны өнеге деп білетін кісілердің көмегімен қыруар жұмыстар атқарылды. Осы мерейтойдан кейін, 2011 жылы мамыр айында әке аруағына тағзым еткен ұл-қыздары мен ағайын-туыстары жиналып, мектепте ескерткіш орнатты. Ашылу салтанатына Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ынтымак ауылының тумасы Мұхтар Тінәсілов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мақұлбек Рысдәулет, белгілі журналист Талғат Сүйінбай қатысып, өздерінің ойларын ортаға салды.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген халық даналығында үлкен мағына, ой жатыр. Иә, асыл ердің ұлтына, еліне жасаған ерлігі ешқашан да ұмытылмауы тиіс. Олай болмағанда біз тарихқа қиянат жасаймыз, оны кейінгі ұрпақ кешірмейді. Басқа өлкелерді айтпай-ақ қояйын. Ел ертеңі үшін отқа да, суға да түскен арыстарын ардақтайтын көне көз қариялар азайып бара ма, жоқ әлде ұрпаққа үлгі-өнеге жақсылар өмірін өзек етер тәлім-тәрбиеге көңіл бөлінбей ме, соңғы 15 жылда қазақтың мақтан тұтар перзенттерінің бірі — Құрманбек Сағындықовтың есімі кіндік қаны тамған Жуалы жерінде ұмытылып барады.

Арнайы шақырылған қонақтардың ортасында бір топ акын-жазушылар Жуалы ауданының 90 жылдық торқалы

деген сенімде болдық. Өкінішке қарай, олай болмай шықты.

Өткен жылы Жамбыл облысының 80 жылдығына орай, Жуалыда үлкен мәдени шара өтті. Халық көп жиналған үлкен басқосу дүрілдеп өтті. Қасиетті Жуалы жерінен қияға қанат қаққан белгілі тұлғалардың суреттері көрнекті жерге қойылып, үлкен-кіші танысып жатты. Қаламгерлердің арасында Бауыржан Момышұлының досы, Шерхан Мұртазаның ағасы, бүкіл Алаш ардақтаған Құрманбек Сағындықовтың суреті жоқ болып шықты. Енді-енді таныла бастаған жас акын-жазушылар бар да, тау тұлғалы Қүрекен жоқ... Біз ыңғайсызданып, жерге қарадық.

Бір өкінерлік жайт, жүз жылдығы аталып өткенімен, Құрманбек Сағындықов туралы кітап жазылмапты, деректі фильм түсірілмепті. Алматы, Астана, Тараз қалаларының бірінен көше атының берілмеуі де ойлантады. Жуалыдағы туған ауылына ұлт қайраткерінің атын неге бермеске?! Ең сорақысы, облыс орталығында, Жуалыда өтетін мәдени-рухани жиындарда тұлғалы азаматтың есімі мүлде аталмай, ұмытылып барады.

«Ер бір — күнде бір кісілік,

Бір күнде мың кісілік» демекші, мың адамның ізгілікті ісін атқарған, бүкіл ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған Құрманбек Сағындықовтай қайраткер есімі ұмытылуға лайық па?!

«Ерді көрсен қыдыр тұт» деген халық емес пе едік! Бізге не болып барады?! Ел үмітін ақтаған есіл еріміздің есімін, осылайша, елеусіз қалдыра береміз бе?

Елен ӘЛІМЖАНОВ,

жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби

сыйлығының лауреаты,

Доктырхан ТҰРЛЫБЕК,

жазушы, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері,

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Суреттерде: «За Родину» — «Отан үшін» газетінің редакторы, капитан Құрманбек Сағындықов демалысқа келгенде (1944). «Қазақстан коммунисті» журналының бас редакторы Құрманбек Сағындықов (1965).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасынов есімін бүгінгі ұрпақ та жақсы біледі. Ол кісіге жазылған хаттарды архив беттерінен жинап, бір жүйеге түсірген — журналист-жазушы Гүлсім Оразалиева. «Хаттар сыр шертеді» айдарымен сол хаттардың бір парасын оқырман назарына ұсынып отыруды жөн санадық.

ХАТТАР СЫР ШЕРТЕДІ

ЖОЛДАС НҰРТАС!

Ертең жол жүргелі дайындалып жатырмын. Сіздің анау күні біздің майдандағыларға аз-кем сыйлық береміз деген уәденіз болған еді. Сізден кейін Шаяхмет жолдасқа да сөйлескем. Ол кісі де қарсылық еткен жоқ еді. Қазір Семиннің жанында отырмын, жауап күтемін.

Мүмкін болса қабылдаңыз.

Әбу Сәрсенбаев.

9.11. 1943.

ҚҰРМЕТТІ ОҢДАСЫНОВ

ЖОЛДАС!

Өзіңізге аян, биылғы жылы июнь айы ішінде Москвада қазақ әдебиетінің он күндігі өтпекші. Соған байланысты сіздің алдыңызда шешілетін бірнеше мәселелер бар еді. Мүмкін болса соны Сізге баяндап, таныстыру үшін жолығып шыққымыз келеді.

Қазақстан Кеңес Жазушылары

одағының алқа мүшелері:

Ғабит Мүсірепов,

Қадыр Хасанов

17.04. 1944.

ҚҰРМЕТТІ СӘЛЕМ!

Қазақ мемлекетінің басқарушысы, бағыт берушісі, құрметті ағай Оңдасынов. Сізге ұрыс-майдан жерінде жүрген қазақ халқының ұлдарынан құрметті туыскандық сәлемімізді жолдаймыз.

СССР-дің Х-ұлы Совет сессиясында әрбір союзни республикалар өзінің ұлттық армиясын құруға қабілетін алынған закон бізді өте қуантты. Біз өз ұлтымыздан құралған армияда қызмет етіп, фашистерді талқандап, қазақ халқының данқын көтеруді тілейміз.

Біз екі жылда жауды жоюдың әдісін үйрендік, соғыс ғылымын іс-жүзіне асыра білуді үйрендік. Сол алған тәжірибемізді жастарға үйретсек дейміз, олар кашанда жауға дайын тұратын болсын. Қазақ халқының қаһармандық атын шығарсын. Қазақ халқы кашан да қаһарман болған ғой.

Сондықтан қазақ армиясына қалай құруға, оған түсуге болады?

Қазақ ССР-нің Қорғаныс Комитетінің басшысы кім?

(Аты-жөні жазылмаған).

АҒАЙ НҰРТАС!

...көрмегелі көп болды. Мен Нұршатайдың қызымын, Ниязбектің қарындасымын. Қазір мен Қызылорда облысы Теренөзек ауданында Ворошилов көшесі №28 үйде тұрамын. Күйеуім екі жыл болды соғысқа кеткеніне, еш хабар-ошар жоқ. Семьямда бес балам бар, халім өте нашар болып тұр. Алыстағы сізге арқа сүйеймін... Бұрын қатынаса алмадық. Өткен жылы төмен өтеріңізде алдыңыздан екі-үш күн шығып жүрдім, бірақ жолыға алмадым.

Ал енді аға Нұртас, жағдайымның өте нашарлауына сәйкес туыскандық



жағынан, жаңа партиялық жолмен сіздер жәрдем беруіңізді сұраймын.

Хош, сау болып тұрыңыз.

Қарындасыңыз Балдай Ахметова.

24.02.01944 ж.

АСА МӘРТЕБЕЛІ ӘЗИЗ

АҒА, НҰРЕКЕ!

Сау-саламатсыз ба? Ошақ-орманыңыз аман ба? Шулы, нулы, самиян самалды бір өлкеге демалып оралды деп естідім. Көңіл көсілісіңіз қалай? Жаңа бір ойлар, қиялдармен қиырларға көз тігіп, томағаны ағытып, үлкен істерге құлшынып отырғаныңызға күмәнданбаймын.

Өйткені ересен қажыр-қайратсыз, бірді жығатын білектен гөрі, мыңды жығатын біліксіз «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» тұмаған болар еді. Мен мұны әлдеқандай әулекі бақай есеппен айтып отырған жоқпын, қайта сіздің қуанышыңызды өз қуанышымдай көріп, мақтаныш сезіммен айтып отырмын. Дәлірек айтсам, сіз арнаулы бір ғылыми мекеменің бірнеше жылда тындыратын қиын шаруасын қысқа мерзімде тамамдадыңыз. Ең таңданатын нәрсе кешегі түйе мінген қазақтан, даланың момындығы мен үнсіздігінен басқаға көндігіп көрмеген қазақтан, түпкі ата тегінің қайдан туып, қайдан өрбитінін білуге де мән бермеген қазақтан әлемдік цивилизацияның алтын қазынасы тілдік, түптеп келгенде елдік мұрамызды алдымызға жаятын өзіңіздей азаматтың тууы қандай ғанибет?!

Жуықта «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігіңіздің» қолжазбасымен таныстым. Ғылыми редакторыңыз Әбдуали Қайдаров шұғыл қимылдап, қолжазбаның редакцияланып біткен-біткен бөліктерін бізге жедел жеткізіп беріп тұр. Жұмыс қызу, әрі жеңіл жүріп жатыр. Мен соңғы кезде өзіңізге мәлім баспаның ғылыми-көпшілік әдебиеттер редакциясына ауысқан едім...

Енді өзім жайлы бірер сөз. Үй іші аман. Қатты мазаландырған бір шаруаның сәті түсті. Былтыр Дінмұхамед Ахметұлы қол қойған қағазбен қаланың орталығынан үш бөлмелі пәтер алдым. Димакана қатты риза болдым. Ақ бауыр қарлығаштай бауырмалдық көрсеткен сізге де алғысым көп... Сіздің тек маған емес, алты алаш ардақ тұтарлық азаматтығыңызға алғысым болсын деп, «Қоңыр қозы» деп аталатын жаңа кітабымды жіберіп отырмын.

Сәлеммен інііз

Меңдекеш Сатыбалдиев.

15 декабрь, 1971 жыл.

(Жалғасы бар)

Дайындаған
Гүлсім
ОРАЗАЛИЕВА,
жазушы, жур-
налист, Қазақ-
стан Жазушылар
Одағының мүшесі



Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында АҚШ-тың Калифорния университетінде тағылымдамадан өтіп жатқан ғалымдарымыз Калифорния штатында туып-өскен, өмір сүрген жазушылардың мұражай-үйлеріне сериялық ғылыми экспедициясын бастады. Маған қызықтысы – солардың ішінде балалар жазушыларының лабораториясымен танысу. Алғашқы сапар далалық ақыл-ой мен табиғат заңын терең түсінген жазушы Джек Лондонның ізімен басталды. Табиғатпен етене өмір сүріп, қасқыр мен бөріні шығармаларына арқау еткен америкалық жазушының өмір сүрген орнымен танысу біз үшін шығармашылық пен рухани байланысты жаңғырту болды.

Бөрінің рухын оятқан экспедиция

Джек Лондонның мұражай-үйі Сан-Францискодан бір сағаттық жерде, Глен Эллен қаласында орналасқан жерде жазушы 29 жасында өзіне жылжымайтын мүлік сатып алады. Дәл осы жерде ол өзінің шытырман оқиғалы романдары мен публицистикалық макалаларының көпшілігін жазады. Өзі Сан-Францискода туғанымен, үлкен қаладан ауылға қашу оның шығармашылығындағы негізгі өмірбаяндық мотивтердің біріне айналды.

Ол өзінің жазбаларында: «Маған осы жердегі (фермадағы үйдің үстіндегі) жоталар қатты ұнайды. Олар өте әдемі, көрдіңіз бе, мен осы сұлулықты қаладым. Сондықтан да мен үйдің шекарасын тау жоталарының бойына дейін кеңейттім... Мен сұлулық сатып алдым және сол үшін мен өзіме ризамын. Қазір бұл маған бөрінен де артық рақат сыйлайды. Мен бұл ферманың барлығын қалыпқа келтіремін, бұл жерлерді нағыз пайдалы өндіріс орнына айналдырамын. Мен бұның барлығын болашақ үшін жасаймын...» деп жазады.

Өзі «Сұлулық фермасы» деп атаған, 600 гектарға жуық жерді алып жатқан жеке қожалығында Джек Лондон 1905–1916 жылдар аралығында жеміс-жидек, дәнді дақылдар мен көкөністерді өсіріп, керемет жылқылар, ірі кара мал мен шошқа малын өсірген. Көптеген ғимараттарды Лондон барлық фермерлер қолдана алатын жаңа ауылшаруашылық техникасын әзірлеу және көрсету идеясының бөлігі ретінде жоспарлап салған. Аумағы бір ауылдың жерін алатын Джек Лондонның жеке қожалығында не бар десеніздер, ең бірінші көзге түсетіні – эвкалипт ағаштары. Ортасында пикник алаңы орналасқан 81 000 түп эвкалипт ағашы бір кездері жиһаз жасауға пайдаланылған. Келесі Херес сарайы, 1884 жылы қытай жұмысшылары салған бұл сарай алғашында шарап жасау үшін қолданылса, кейін Джек Лондон оны ағылшын жылқыларын өсіретін қораға айналдырады. Лондон коттеджі мен сарайлар ортасындағы ашық жерде Лютер Бербанктің тәжірибелік тікенсіз кактустар өсіріліп, малды азықтандыруға пайдаланылған. Одан кейін көң шұқыры. Джек Лондон 1914 жылы тыңайтқыш сақтау үшін осы шұңқырды италияндық тас қалаушыларды жалдап салғызған, яғни Лондон өз бақшасының тыңайтқышын өзі өндірген. Лондонның жақсы көрген жануары жылқылар үшін италиян және қытай жұмысшыларын жалдап салдырған ерекше сарайын көресіз. Мұндағы қызық қытай жұмысшылары тасты қабырғадан шығармай тегіс етіп қаласа, италиян тас қалаушылары тасты қабырғадан шығарып, көрсетіп соққан.



Д.Лондонның жұмыс бөлмесі

Жазушы мұны ерекше бағалап, сол қалпында қалдырған. Мұнда жазушы жылқының алты асыл тұқымын өсірген.

Жеке қожалықтағы ең басты ғимарат – қазір «Лондон коттеджі» деп аталатын, өзі тұрған үйі. Бұл ағаш коттеджді Лондон 1911 жылы Кехлер және Фролинг шарап зауытының ғимараттарымен бірге сатып алған. 280 шаршы метр жерді құрайтын үйдің батыс жақ бетіне 1914 жылы Джекке жеке кеңсе қосылады. Мұнда ол кейінірек көптеген әңгімелер мен романдар жазды. Бұл кенесіде Лондонның жеке үстелі, мәтін теруші көмекшісінің, редактор, корректордың жұмыс үстелдері орналасқан. Үйде екі балкон орналасқан. Алдыңғы есіктің оң жағындағы шыны балконда 1916 жылы, 22 қарашада Джек Лондон қайтыс болады.

Үйдің алдынан шарап зауытының қирандыларын көресіз. Бұл жер 1906 жылы жер сілкінісінен қатты зақымданған. Лондон оны ферма жұмысшылары үшін тұрғын үй және қонақтарға арналған бөлме ретінде пайдаланған. Үйдің шығыс жағындағы тас қабырғалар бір кездері шарап зауытының бір бөлігін құраған. Лондон бұл кеңістікті асхана ретінде пайдаланған. Ас бөлмесінде қолданылған заттар қаз-қалпында сақталған. Көзге түсетіні – кештерде Джек үшін әйелі ойнап беретін пианино мен өзі бір кездері жұмыс жасаған, Кәріс елінен арнайы алдырған сөре.

Джек Лондонның дарынын жазушылығынан ғана емес, жеке қожалығындағы әрбір ғимарат пен орынның жоспармен жасалғанынан да көруге болады. 1915 жылы салынған шошқа сарайын Лондон жоспарлы түрде 17 бөлікке бөлген. Ол жұмыс күшін үнемдейді және шошқалардың әрбір жұбын жеке ұстауға көмектеседі. Тағы бір таңғалдырған нәрсе Лондон үйінен алты шақырымдай жерде дөңгеленген тас бөгет салып, 2 гектар жерді алатын көл жасайды. Қасында қызыл ағаштан монша салады. Бұл жер Лондон отбасы мен оның қонақтарының сүйікті орнына айналады. Қазірде бұл көл – «Лондон



Д.Лондонның жазу машинкасы

көлі» деп аталады.

«Қасқыр үйі» – Джек Лондонның арманы болған алайда, шын мәнінде, толық өмір сүріп үлгермеген үйі. Бұл зәулім тастан салынған резиденция жазушының табиғатқа, еңбекке және еркіндікке деген махаббатын білдіретін символға айналады. 1905 жылдан бастап Лондон осы үйдің жобасын өзі жасап, құрылыс жұмыстары жүріп жатқанда қадағалап отырған. Ол бұл үйді үлкен кітапханасы, жазатын арнайы кабинеті, қонақтарға арналған бөлмелері бар – шығармашылықтың шынайы ордасы ретінде елестеткен. Лондон оны «Қасқыр үйі» деп өзі атайды, себебі ол өз бойындағы еркін, қайсар, бөрі мінезді табиғатты осы ғимаратпен бейнелегісі келді. Алайда бұл үлкен үмітпен, шабыттан басталған құрылыс аяқталар шақта қайғылы жағдайға тап болады. 1913 жылдың тамыз айында, қоныстануға бірнеше апта қалғанда, үй күтпеген жерден отқа оранып, толықтай жанып



Д.Лондон тұрған үй

кетеді. Бұл қайғылы оқиға Джек Лондонға қатты соққы болады. Сол күннен бастап бұл үйдің тек қирандылары ғана туристер көруге келетін жерге айналған.

«Бақытты қабырғалар үйі» жазушы рухына қойылған ескерткіш деуімізге болады. «Қасқыр үйі» жанып кеткенінен кейін, Джек Лондонның жары Чармиан Лондон оның рухын мәңгі есте қалдыру мақсатында «Бақытты қабырғалар үйін» (The House of Happy Walls) тұрғызады. Бұл үй де жазушы өмір сүрген жекежай аумағында орналасқан және бүгінде мұражай қызметін атқарады. 1920 жылдары салынған бұл үй Чармианның жоспары бойынша, Джек Лондонның армандары мен өмір салтын шынайы түрде бейнелеуге арналған. Үйдің атауы да ерекше «Бақытты қабырғалар» деген тіркес Лондон мен Чармианның хаттарында жиі кездесетін, өзара үйлесім мен рухани тыныштықты білдіретін сөз тіркесі еді. Қазіргі таңда бұл үй Джек Лондон мұражайы ретінде жұмыс істейді. Мұнда жазушының жеке заттары, қолжазбалары, фотосуреттері, кітаптары мен саяхаттарынан жинаған жәдігерлер қойылған. Сондай-ақ Чармианның өзі пайдаланған тұрмыстық бұйымдар мен музыкалық аспаптар

да сақталған. Экспозициялар арқылы келушілер Джек Лондонның өмірлік философиясы, еңбекқорлығы, әлемге деген көзқарасы мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі туралы мол мағлұмат ала алады. Бұл үй – тек өткеннің куәсі емес, болашақ ұрпаққа шабыт сыйлайтын мәдени-рухани кеңістік.

«Бақытты қабырғалар үйі» мұражайының бір бөлмесінде жазушының бүкіл шығармашылығын қамтыған дүкен орналасқан. Дүкен сөрелерінде Джек Лондонның барлық шығармаларының арнайы мұражайлық басылымдары, Чармиан Лондонның жазбалары, сондай-ақ жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы биографиялық еңбектер бар. Сонымен қатар балаларға арналған кітаптар, саябаққа қатысты карталар мен анықтамалықтар, естелік заттар да ұсынылады. Бұл дүкен – Джек Лондонның рухани мұрасын сақтап, келушілерге оның өмірі мен шығармашылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды орын. Ол туралы дүкен қызметкері Уильям Гибсонмен (William Gibson) сұхбат барсында да сөз қылдық. Біз де өз кезегімізде қазіргі 6-сыныптың Қазақ әдебиеті оқулығына енген Джек Лондонның «Мексикан ұлы» (The Mexican) шығармасының түпнұсқасын сатып алдық.

Оның зираты атакты «Қасқыр үйі» қирандыларынан алыс емес. Төбешіктің етегінде емен мен секвойя ағаштарының көленкесінде орналасқан бұл қарапайым зираттың үстіне үлкен, өңделмеген тас қойылған. Тас ешқандай сән-салтанатсыз, жазусыз. Бұл – Лондонның табиғилық пен қарапайымдылыққа деген құрметінің айғағы. Жанында оның жары Чармиан Лондон да жерленген. Екеуінің мәңгілік тынысы табиғат аясында, тыныштық пен үйлесімділік орнаған мекенде тоғысты. Бұл жер – тек жазушының денесі қойылған орын ғана емес, оның бүкіл өмірлік философиясын, табиғатпен бітеқайнасқан болмысын паш ететін рухани мекен.

Бұл сапар Джек Лондонның үйіне Қазақстаннан бірінші рет келген ғылыми экспедиция ғана емес, рухани толғанысқа толы ерекше күн болды. Джек Лондон өмір сүрген мекендермен, оның арманы болған «Қасқыр үйімен», мұрасын сақтаған «Бақытты қабырғалар» мұражайымен, мәңгілік тыныстаған жерімен танысу әрқайсымыз үшін жеке әсер қалдырды. Ал ең тылсым сәт – қайтар жолда қасқырмен бетпе-бет келуіміз болды. Кәдімгі кара жолдың бойында бізге қасқыр кездесті. Көлігіміздің қасқыр тұрған бетінде отырған ғалымдарымыздың бірі телефонын алып видеоға түсіре бастады. Біз сол кісі түсіріп жатыр деп сеніп отырсақ, ол кісі қатты толқығаннан видеоны бастау тетігін баспай қалыпты. Қасқыр бізге қарады да, үнсіз кетіп қалды. Бізбен барған жергілікті кісілер, бұрын-соңды бұл маңнан қасқыр көрмегендерін айтты. Бұл кездейсоқ көрініс пе, әлде табиғаттың өз тілімен айтылған белгі ме, білмедік. Бірақ жүректе ерекше бір әсер, түсініксіз тербеліс қалды. Әлдебір рухани байланысты, үндестікті сезінгендей болдық. Джек Лондон өз шығармаларында қасқыр бейнесі арқылы адам мен табиғаттың арасындағы шынайы байланысты ашуға тырысқан еді. Біз де сол байланысты бір сәтке болсын сезгендей болдық. Сол сәт – біздің экспедициямыздың үнсіз символына айналды. Мүмкін, бұл Лондон рухының бізді естігенінің, бізге қарап бас изегенінің белгісі шығар. Бөрі рухы, еркіндік пен табиғатқа деген құрмет осы сапардан өзімізбен бірге ала қайтқан ең қымбат олжамыз болды.

Жаңагүл САМЕТОВА,
PhD доктор,
«Болашақ» бағдарламасының
стипендиаты,
Калифорния университеті,
Девис, АҚШ

Талантты суретші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Парасат орденінің және Масарик атындағы еуропалық алтын медаль иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Алпысбай Қазғұловтың Алматы қаласындағы «Koktobe Hall» ғимаратында «Көктөбе көктемі» атты дербес көрмесі 2025 жылғы 18 сәуірде салтанатты түрде ашылды.

Көрменің ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау хатын жіберді: «Құрметті Алпысбай Нағыметұлы! Көктөбеде жеке сурет көрменіздің ашылуымен құттықтаймын! Сіз ұзақ жыл бойы тынымсыз тер төгіп, ұлт руханиятын дамытуға зор үлес қостыңыз. Жартығасырлық суреткерлік жолыңызда сегіз мыңнан астам туындының авторы атанып, қайталанбас қолтаңбанызды қалыптастырдыңыз. Әлемдік қылқалам шеберлерінің еңбектерін жинап, бейнелеу өнерін дәріптеуге



белсене атсалысып келесіз. Өнерге, ең алдымен, үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбек керек деген ұстанымнан айнымай, жастарға өнеге көрсетіп жүрсіз. Сіздің шығармаларыңыз мәдениетімізді байыта түскен құнды қазына екені сөзсіз. Алдағы уақытта да жұртшылықты жаңа жетістіктеріңізбен қуанта беріңіз. Зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасыңызға бақ-береке тілеймін! Қасым-Жомарт Тоқаев».

Сондай-ақ көрменің ашылуында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Қазақстанның халық артисі Досхан Жолжақсынов, кәсіпкер-меценат Ұзақбай Айтжанов және дербес көрменің авторы Алпысбай Қазғұлов сөз сөйледі.

Вернисажда Алпысбай Қазғұлов жиналған қауымға дербес көрмесінің



«Көктөбе көктемі»

мақсатын егжей-тегжейлі баяндап берді. Алпысбай Қазғұлов туындыларының өзіне тән даралығы бар. Көп шығармалар арасынан оның еңбектерін оңай тануға болады. Ол суретшілік қырынан бөлек, көңіл күйдің әсем көріністерін өзіндік шеберлікпен үйлестіреді. Сондықтан да болар, автор шығармаларының басым бөлігі қарабайыр тіршілік көріністеріне емес, тұңғық ойдың көркем келбетіне арналған.

Көңіл түкпірінде жасырынған тіл жеткізе алмас көркем ой мен ұшқыр қиялды қылқалам ұшына сыйдыруды меңгерген суретшінің ең басты құндылығы шынайылығында жатыр. Көрмеге суретшінің көптеген кар-



тиналары қойылып, тамашалаушысын таңғажайып әлемнің тұңғығына бойлатты. Алпысбай Қазғұловтың картиналарында суреттелген шынайы өмір көріністері жай ғана көшірме емес, ол — хас шебердің қылқаламына ғана тән өзіндік мәнермен берілген сезім мен сырға толы нағыз өнер туындылары. Сондықтан да болса керек, суретші шығармаларында терең білім, тағылымды өмірлік тәжірибемен қатар, қылқалам иесінің жан тебіреністері мен көркем әлемі де сайрап жатады. Кәсіби шеберлігін айтпағанда, суретші көңіл күйдің әсем көріністерін ғаламат бір әуездікпен әсем үйлестіреді. Көрермендер Алпысбай Қазғұлов шығар-




машылығымен танысып, көңіл көктеміне саяхаттап қайтқан ғаламат сапарда осыған көз жеткізді.

Әйгілі жазушы, әлем әдебиетінің классигі Шыңғыс Айтматов 1996 жылы Алпысбайдың Брюссельдегі көрмесіне қатысканы да — тарихи оқиға. Ол бұл көрме туралы былай жазған еді: «Қазіргі заманның көрінісін дөп басқан картиналардан қазақтың дарқан даласына, туған еліне, Жер-анаға деген деген сүйіспеншілік сезілетін Алпысбайдың суреттері мені бірден баурап алды.

Сол күні автордың жеке көрмесінде онымен танысудың да сәті түсті. Суретшінің қылқаламынан туған дүниелерде жалғандық жоқ. Шығармалары бүгінгі заманның тілімен үн қатса да, баба дәстүрінен алыстап кетпеген. Қылқаламына тәуелді туындылар «модернистік» формада болғанымен, тақырыбы бойынша әлем шешімін таппаған мәңгілік сұрақтарға жауап іздейді».

Шынында да, ұлы қаламгер бағалап өткендей, көрмеге келген әрбір тамашалаушы қиял мен логика иесінің жұмысымен алғаш танысқан сәтінен-ақ айнымас досқа айналып, бірден сырласып кетеді. Суретші қандай жұмбақ болса, дәл сондай қарапайым да. Оның еңбектерінде сұлулық пен тазалықтың иісі аңқып тұрады. Дәл тандалып, қанық бедерленген көркем әлем көзді арбап, тұңғығына тартып ала жөнеледі.

«Көктөбе көктемі» көрмесіне келгендер Алпысбай Қазғұловтың картиналарының бояулық және композициялық



байлығымен еркін сусындайтыны сөзсіз. Талантты суретшінің жеке көрмесі Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде ашылуы тәуелсіз қазақ елінің рухани өрлеуінің, еліміздегі мәдени қоғамдастықтардың ғаламдық өнер орбитасына бет бұрғанының айқын айғағы болып табылады.

Көрменің ашылу салтанатындағы аурадан Алпысбайдың

өнерін бағалап барған әр адам ерекше ләззат алды. Үлкен дарын иесі Алпысбай «Көктөбе көктемі» көрмесі арқылы ғалам мен адам арасындағы алшақтықты жақындатып, сол бір жұмбаққа толы нәзік байланысты картиналары арқылы әдемі сезіндіреді. Себебі суретші сіздің жүрек перненізді дөп басып, көңіліңізді қуантатын әрбір картинасы арқылы жаныңызбен өзара үндестік тауып, әлгі нәзік әлемнің сиқырлы қуатын ұғындырады. Суретші творчествосының құдіреті осында.





Мархабат БАЙҒҰТ

Ассалаумағалейкүм, алтыннан ардақты, күмістен салмақты нағашы көке!

Менің кітап кеміргіш әкем, сіздің хат жазғыш жезденіз осылай бастаушы еді ғой. Шамамен. Жезденіз мына жаман жиеніңізді «нағашысына тартады, жазушы болады» деуші еді. Кітаптарыңызды ауылдың әр үйіне таратып беретін. Әпкеңіз баспа бетіне шыққан суреттеріңізді аялай сипап отыратын.

Жүз жиырма төрт үйлі Үйгентас ауылы аудан бойынша, ал ауданымыз уәлаят көлемінде көркем әдебиетті ең көп оқитын елді мекендер еді ғой. Байтағыңыз бүкіл Сы-Сы-Сырда бірінші орын алатын. Кітап оқудан.

Көке, жиеніңіз тартпады, сізге. Кеше кешірілмес қылмыс жасадым. Мен. Бүгін қолыма қалам алдым. Алдыма ақ қағаз жайдым. Ең алғашқы және ең соңғы шығармам осы шығар, нағашы. Басынан бастайыншы, бәрін.

Жезденіз кітап кеміріп, клуб меңгерушісі болып өтті өмірден. Шаруаға қыры болмай, қырып алуға қырым ет байламай, қу дүние шіркінді түк те ойламай, желгектеніп жүре беретінін жақсы білетінсіз. Мандолин тартып, Шәмшінің әндерін шырқайтын. Әйтеуір, тік жағасының сырты кестеленген ақ жейдесін кір шалдырмайтын. Әпкеңіздің арқасында, әрине. Екеуі қатты ғашық болғанын да білесіз. Бір-біріне. Әкеміз Теріс өзені, әпкеңіз Арыс өзені басталар тұстарда туып-өскен дә-ә. Арыс пен Теріс арасында махаббат хаттары ерсілі-қарсылы ұшқан да-а. Қалықтап. Қанат қағып.

Қос ғашықтың қалай қосылғанын қалжындап көп айтатынсыз. Әпкеңіздің орнына қыз болып хат өрнектегеніңізді де жасырмайтынсыз. Өзіңіз.

Әкем мен шешем қаншама қиындықтарды калхоз халқымен бірге басынан кешті. Жеті қыз бен екі ұлды жетілдіру жеңіл емес-ті. Клуб меңгерушісі кітап оқып жатса, келіншегі кетпен шапса, тұрмыс қалай оңалсын?! Сонда-дағы қабақтарын шытпайтын. Жезденіз бен әпкеңіз.

Кітап оқудың қызығымен бәрін ұмытатынбыз. Біз. Баршамыз. Ол жылдары сіз жиірек келетінсіз. Жүз жиырма төрт үйлі Үйгентастың күллі жұрты қайрандана қарап қалатын. Тірі жазушыны көріп. Жиі-жиі сұрайтын. Сізді. Кітаптарыңызды.

Өтпелі дейтұғын өзгешелеу кезең жетті. Жеті қыздың жан-жаққа ұзатылып үлгергенін қарасаңызшы. Елдің бәрі ерекше теңдеп есептелер ескі заманда. «Калхоз» тарамай тұрғанда.

Үлкен жиеніңіз Таразда тұрақтаған. Қоржын там, бірер ірі қара мен отызшақты қой және солар қыстайтын қиы-жиы қора қара шаңырақтың иесі ретінде маған бұйырған. Әпкеңіз

әлектеніп, енелерінен енді бөлінген қозы отарын қабылдаған. Орта мектепті жаңа бітірген мені көмекшілікке алып, азаптың арбасына жеккен.

Жекешелендіру жаппай жүріп кеп-кеп берген. Аңыз айтқыш, пікір пайымдағыш, кітап оқығыш үйгентастықтар «калхозды қаз-қалпында қалдыру керек» дескен. Күңкілдескен. Ондай-ондай ойлар орындалмасқа ойысқан. Егістіктер еншіленген. Шабындықтар шекараланған. Жайылымдар жайбағысталған. Алайда тау баурайларындағы қысқы қораларды меншіктеу қиынға соққан. «Жер дауынан да, жесір дауынан да қой қораларды бөлу ауыр болды-ау!» дескен тарихи романдарды тапжылмай оқуға әдеттенген әлеуметіңіз.

Балбұлақтың басындағы қораны бөлмекке «кәмәсия» келген. Оншақты үміткердің арасындағы айтыс-тартыс алыс-жұлысқа айнала жаздап, Үйгентастағы ұйаралық ахуал кей құрылықтардағы халықаралық жағдайлардан бетер шиеленіскен. «Кәмәсия» мүшелері қатты сасқан. Біреулері жалбыз жұлып, екіншілері андыз сындырып иіскеген боп, жанжалдың бейбіт түрде басылуын Жаратушы иеден жалбарына тілескендей-тұғын.

Пенде шіркіндердің әулекі әрекеттеріне қиналған мөлдір бастаулар жалт-жұлт жалтақтасады-ай. Кенет, көке, қайдан, қалай тауып ала қойғанын қайдам, сіздің әпкеңіз қолындағы он алтыншы калибрлі, ескі мылтығынан аспанға оқ атты.

Айқай-шу сап тыйылды. Өмір бойы кетпен шабумен, «калхоздың» қойын бағумен, сақпаншылықпен, соңғы жылы қозыдан тоқтыға айналған қиын отардың бейнетімен буылтықтана шыныққан білектерін сыбанып, қаруын қайта көтерді. Енесінен қалған екі күміс білезігін күздің кемпіршуағына жарқ-жұрқ еткізе еңгітіп, бүй деді-ау сонда әпкеңіз:

— Он шақты үміткердің қайсысы «калхозға», қой шаруашылығына менен артық еңбек сіңірдім десе, алға шықсын! Шынымен сондай адам табылса, тас қора соныкі. Табылмаса, менікі! Жалғандыққа жол бергенді бірден атып тастаймын! Кәне, шықсын!

Секундтар сыртылдады. Минуттар митындады. Жалбыздар тербелді. Андыздар шайқалды. Он минөттей уақытта оншақты таласкердің бірде-біреуі тырп етпеді. Әпкеңіз тағы да:

— Таланға түсіп, таражға кеткен «қалқозды» қирандыға айналдырған басшыларың тұрсындар, қосшыларың тұрсындар. «Кәмәсияларың» келіпті. Қырық мыңға жуық қойды бартерге деп... Жеп... Жұтып қойғандар кімдер?! А-а-а-а?! Кімде-е-ер?!.. Айтатын адам бар ма?! — деді.

«Кімде-е-ер?!.. А-а-а-а?! Де-е-ер?!..» деген жаңғырық тау-тастарды, сай-салаларды аралап кете барған.

Ақырында, ағатай, Балбұлақтың басындағы байырғы қора бізге тиген.

«Сіз келмейтіңізге кеттіңіз, көке. Неге өйттіңіз?» — дей алмадың. Жазушылардың жағдайы нашарлаған. Нағашыларына қиын. Десетін. Кейбір кісілер. Бара алмадық біз-дағы. Той-томалақтарда асығыс амандасып, аз-кем ғана жөн сұрасып, асығыс түрде қоштасатынбыз. Үйгентас ауылының тұрғындары тірі жазушының бірі хақын-

да тіс жармайтынға айналған.

Клуб меңгерушісі кітап кеміруінен танбады. Ойпандағы үйімізде ой үстінде жатады. «Калхозда» істеп көрмеген. Өмір бойы ауылдық кеңеске қарасты клубтың қызметінде жүрген. Шырылдауық шегірткеше әндетіп-әуендетіп, әдебиет дейтұғын әлдененің өңбес те өшпес әңгімесін шерте әпенделеніп, секендеп жүре беріпті. Сіздің жезденіз, біздің әкеміз жөніндегі қоғамдық пікір осылайша аунап түскен. Осынау себептерден ол кісіге жекешелендіру тұсында түк те тимеген. Өзі де ұмтылмаған. Қалдаяқовтың қайығында кітап оқып жата беретін.

Күндердің күнінде клуб та жеке-

сегізінші жылдың қақаған қысында үйгентастықтар кітаптарының жарым-жартысын отқа тамызық етіскен. Екі мыңыншы жылыңыздан бастап, үлкен-үлкен шаһарларыңыздағы ірі-ірі олигархтарыңыз, бай-бағландарыңыз мейрамханалары мен мейманханаларының, басқа да басты-басты ғимараттарының ішкі интерьерлеріне өзгеше өзгерістер енгізді емес пе? Құрылыс материалы ретінде кітап сорлыны сорлатып пайдаланбаққа көшті ғой солар. Қызық-ей. Тұтас қабырғалардың тұла бойына, тұтас дуалдарына дестелей нығыздап кітап қалап қояды. Аттары да, авторлары да, бедерлері мен бәдіздері де көрінбейді. Ішкі жақтарын-

ҚОШ БОЛ,



шеленді. Әлдебіреулер тиын-сиынға сатып алып, бұзып әкетісті. Премьер-министріңіздің оңтайландыру саясаты ойран салды. Білесіз оны. Ауылдық кітапхана мектеп кітапханасына қосылды. Ауыл кітапханасының мүлік-мүкәмалы мектепке сыймастан, мыңдаған кітаптар өртелді. Боралдай бұлақтары басталар тұста саз бар еді ғой, нағашы. Міне, сол сазды түбекте кітаптар үш күн, үш түн бойы жанып жатыпты. Ең сорақысы сол, жана бастаған кітаптарға жаны ашыған жалғыз адам табылмапты. Таудан, Балбұлақтың басынан түнделетіп жеткенімде ше, көкөтай, қарауыта қабарған күлтөбені ғана көрдім.

Жезденіз клуб пен кітапхана күйігін көтере алмаған. Ішіп кеткен. Үш-төрт күндей үн-түңсіз бүктетіліп жатқан. Тағы да төрт-бес күндей шырт ұйқысынан шошып оянып, әлденелерді алақтай айтып жүрді. «Кітап өртенген жерден өре түрегелген бірденелер жабыла жүгіріп, қуып берді. Зорға құтылдым...» — дейтін.

Ақырында айқара ашылған көркем кітапты бетіне басқан күйі бақилық болды. Жерлеуге жетіп үлгердіңіз ғой. Өзіңіз. Бір түнеп, қатты қайғырып, қайтып кеттіңіз.

Үйгентаста кітап оқу күрт кесілген. Токсан жетінші жылғы қыста тауда да, бауда да ағаш сирегенін білесіз. Токсан

да іштен тынады. Сондай сән, мықты мода белең алып, бәсеке басталған. Бүгінде мүлде үдеп кетті ғой, көке. Мындаған, миллиондаған кітаптар құрылыс материалы боп тұрыпты.

Үйгентастың ғана емес, өзге ауылдар мен аймақтардың кітаптары темір көліктерге тиеліп, Таразға, тағы да талай-талай қалаларға тартқан. Алғашқыда аздап-аздап тартынғандар табылған. Біздің ауылда. Төлем мөлшері еселенген соң, қатардағы қарапайымдарды былай қойып, мұғалімдерге дейін кітап атаулыдан мақұрымданған. Мектеп кітапханасы да ойсырай ортайған.

Сөйте-сөйте Үйгентастағы жүз жиырма төрт үйдің түгелге жуығынан көркем әдеби кітапты емге таба алмастай ахуал қалыптасқан.

Оқырман да қалмаған. Жезденізден кейінгі үш-төрт жылда белсенді оқырмандардың бірінен соң бірі қайтыс болғанын қарасаңызшы, қайран-ай!

Ауылдастармен аралық алшақтап бара жатты. Бірте-бірте бұл жұртыңыз көпе-көрнеу келемеждеп, кекетпекке көшкен. Сіздің жиеніңізді. Кекесін кернеген. Саналарды. Санасыздарды. Оқымақты доғарғандар ақымақтанбаққа кеткен. Шынымен-ақ көркем кітап оқу, ақын-жазушылар туралы айту, өлең мен әңгіме, хикаяттар мен

романдар хақында пікірлеспек ерсі саналар кезенейлі кезең де келіп жеткен. Еліңізге. Оның ішінде Үйгентасыңызға. Жылдар жылжыды. Сулар сусыды. Кітаптан көз жазып қалғандар топастана түсті. Жалғыз қалдым. Оқырман ретінде. Көке, көркем дүниелердің сәулесін сезе алмайтындарды жезденіз қатты мүсіркеуші еді ғой. Мүсәпір санайтын. Ендігі тобырлар, дос-жарандарыма дейін, мына мені мүсәпір көріп, қашқақтайды. Өзіңіз де өмір бойы меңзеп-мәністеп, мейірімді жүдетіп, жоғалтып алмауға үндеп келесіз ғой. Қорқыныштарым мен қауіптерім қалындап, қабыздап бара жатты, нағашы. Құлақтарыма шаншу боп

КІТАП...

кадалып, ысқыра ышқынатын шуыл үдеген. Мейірім мен махаббат, сезімталдық күн өткен сайын жүдеп-жадап бара жатқандай, жезденізше шошынатын кездерім көбейді.

Балбұлақтың басынан ойпаңдағы Үйгентасқа түспестен, тұйыктанып жүрдім. Онашалықты қалаймын. Кітапқа құнығып бас қоямын. Клуб менгерушісінің орнына өзімді қойсам, жүрек шіркін шаншиды-ай. Жаным жаншылады-ай. Хал-күйімді тереңнен түйсінетін қайран шешем, сіздің сезгір әпкеңіз жаныма жалау болып желбірейді-ай. Келініне, немерелеріне ақылын айтады. Сәби көріп, басымнан сипайды. Көптен бері анашымның ақ жүзіне анықтап қарамаған екенмін. Қасымда жүрсе де. Қу тірлік деп жүріп. Кітап кеміріп жүріп. Кенет әпкеңіздің бетінде әжім шиырларынан сау-тамтық қалмағанын, қатты қартайып кеткенін көріп, селк ете түстім. Самайларынан уыс-уыс ақ шаш төгіліп, жанарлары тұманытып тұрыпты. Әкеден өлдей, шешеден тірідей қаншалықты алыстағанымды аңғардым, аға.

Танданыстан теңсетілдім, көке. Алайда, анашымның соншалықты шаршап-шалдыққаны, менің көзіме қартайып көрінгені былайғыларға түк те білінбейтін. «Фермер апа» деп қызығатындар көп. Қой қораны қарумен қаратып алып, байып кетті деп қызғанатындар да аз емес. Сіздің әпкеңізді Үйгентастағы қатарластарынан әлдеқайда жас көрінеді десетін. Кім білсін-ай, кім білсін. Бәлкім, басқа кейуаналар біздің шешемізден де қаттырақ қартайған шығар. Біз пақырларыңыз оны сезбейтін шығармыз.

Кімнің қартайып, кімнің жасарғанын қайдам, әйтеуі, әдебиет кітаптарыңыз қалған, оқудан, ойланбақтан аулақтанған адамдар аса қорқынышты еді. Айтққа арсылдап, айла мен алаяқтыққа біржолата бой алдырғандар, айналаға аңғарып емес, аларып қарайтын қараулар басымданғандай.

Қой бағып жүріп, ой баға бермек те бірденеге апарып соқтырады екен дә, көке. Қасқырлар қатты басынатын болды. Қорадағы қойдан қалағандарын арқалап әкететінге айналды. Тараздағы жиеніңізбен ақылдасып, қораны қаттырақ нығайттық. Қараңғы

түнде кіре алмаған қасқырлар шаңқай түсте тиісетін әдіс тапқан. Мыңшақты маңыраманы самал саулап тұратын Бүйрекбеткейге иіріп, келініңіздің мәнерлеп пісіретін мәнтісінен кейін кітап оқу әдетім еді, көке. Қасқырлар оны да көп көрді-ау. Жойқын жыртқыштар үйлері кітапсызданған үйгентастықтармен үйлесім тапты. Жаудай шапты. Жиеніңізге. Тапа-тал түсте тамақтағанын тамақтап, арқалағанын арқалап әкете баратын болды.

Бір жолы түскі тамақтан кейін кітап қызығын қия алмай, екі сағаттай кідірістеп, Бүйрекбеткейге атпен шықтым. Тоғыз қасқыр тоғыз қойды тістелей сүйреген күйі жықпылдарға сіңіп үлгер-

ді. Қуып жету де, тауып ату да мүмкін емес еді. Атып та көрдім-ау ақырында.

Тағы бірде түстеніп алып, кітап оқығам. Қасқырлар қайта-қайта шаба бермес, неғыпты сонша деп. Қыратта жусатып кеткен қойыма жетсем, талайы тамакталып жатыр. Бір дәу қара қойымды қолдан сойғандай етіп, етін тазалап жеп, терісін жайып, басымен бірге қалдырған. Қасекендер. Көрмесен, сенбейсін. «Қойдың басын өзің-ақ жей ғой, жазушының жиені» деп, мазақтап кеткендей. Шыдай алмай, андымаққа бел байладым. Мылтық қолда, оқшантай белде. Түскі тамаққа бармастан, бұғып отырғам. Тобылғының түбінде. Тоғызы шыққан. Бүйрекбеткейге қарата бүлкіл қағар қарсаңда қарсы алдымда топтанғанын қараңыз. Жүрек атқақтап, алқымға тірелді. Қасекендерде қылаудай қауіп жоқ сияқты. «Қаншама қиянат жасадық саған, адами зат. Ал енді бізді ат!» десетіндей.

Аттым-ау, обалы нешік. Көздеп тұрып-ақ басқандай ем. Қосауыздың қос шүріппесін. Біреуіне де тимеді ғой. Тимеді. Тигізе алмадым, аға. Тоғыз қасқыр титтей де аспай-саспай, асықпай-аптықпай, өзгеше өнер көрсетіп, ирелең соқпақтармен билей жарысып, биіктеп бара жатты. Адами затпыз ғой біз, көке. Түлкіні қу деп ойлаймыз. Сұм деп айтамыз. Жазасыздар сіздер. Сөйтіп. Шындығына келсек, түлкілеріңіз қулық-сұмдық жөнінен қасекендердің қасында жіп есе алмасқа кеткелі қашша-ан...

Үлкен қаладағы үлкен жиеніңіз қызын ұзатты ғой, көке. Ойы-ба-ай, аға, жаңа құдаларымыз Қазақстаныңыз бойынша құрылыс материалдарын саудалайтын бизнесмендердің бірегейлері болып шықты. Тараз түгілім, Алматыдағы алып «Строймаркеттердің» бірталайы біздің құдалардікі екен дә-ә-ә. Құдалыққа барғанда көріп, талып түсе жаздадық. Оларды біз де шақырдық. Боралдай басындағы кітап өртелген сазды түбекте күттік. Балбұлаққа апардық. Қысқы қораларымыз, мыңшақты маңырамамыз, жүзшақты жылқымыз көңілдеріне қонды, көке. Әбиір болды ғой, — деді әпкеңіз. Құдалар кеткен соң қатты жылады. Қуаныштан, әрине.

Міне, айналайын ағатайым, көптен бері көріспей-біліспей кеткен көкешім, ұзақ-сонарға созылған хатымды аяқта-

уға таядым.

Жиеніңіз кешірілмес қылмыс жасады деп ем ғой. Үшбу хатымның басында. Иә-иә, қылмыскермін мен. Құдалықтарды әбден атқарып болған соң, ары да ойландым, бері де ойландым. Толғанысқа түстім, көке. Есептеп кеп-кеп қарасам, бір жылдың ішінде тұп-тура елу қойымды қасқырға жегізіппін. Осы бір жылыңызда ше, елу кітап оқыппын. Қалған кітаптың өзі де сол еді. Елу ғана.

Түпкілікті шешімге бекіндім. Елу кітапты жаңа «Джип» көлігімнің артына арттым. Боралдай өзенінің ағысы күшейетін, құлди-құлама тұсына жетіп тоқтадым. Кітаптарды ақырындап жерге түсірдім. Күзгі көкке жайып тастап, қимағандай қарап біраз отырдым.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» дейтұғын қызғылтым кітабынан бастадым. Ақкөбіктене сарқыраған суға лактырдым.

Қош бол, кітап...

Бір батты. Бір шықты. «Ақбілек». Шырқобелек қақты қайран кітап. Асау ағыс асығып ала жөнелді. Ақбілек қыз сыңсығандай. Аянышты дауыс естілгендей. Бір-бірлеп лақтырамын. Мұхтар Әуезов. «Қилы заман». Ғабит Мүсірепов. «Этнографиялық әңгіме». Әбдіжәмил Нұрпейісов «Қан мен тер», Әбіш Кекілбаев «Шыңырау», Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша», Мұхтар Мағауин «Көк кептер», Сайын Мұратбеков «Көкорай», Дулат Исабеков «Тіршілік», Оралхан Бөкей «Кербұғы», Төлен Әбдіқұлы «Оң қол», Бексұлтан Нұржекеев «Бір өкініш, бір үміт», Несіпбек Дәутайұлы «Айғыркісі», Тұрсынжан Шапай... Нұрғали Ораз... Бір қарасам, сіздің де кітаптарыңыз... Көке-е-е-е!

Прозаның шаруасы бітті. Поэзияға қол салдым. Қол салғанда, мол салдым. Бес-алты кітапты лақтырған сайын үзіліс жасаймын. Айқайлап жылаймын. Өксимін. Өкіремін-ай. Өкінемін-ау. Бәрібір, алған беттен қайтқым жоқ.

«Қош бол, кітап... Ең соңғы оқырман мен едім, — дедім. Үйгентастағы.

Бүгіннен бастап басқаландым, аға. Бәлкім, топастанған тобырдың бір мүшесімін. Мүмкін, қоғамдастарымның қатарына қосылдым. Енді олар қашқақтамас. Кекетпес. Сотым — сізсіз. Көке, қылмыс жасағаным рас.

Р.С. Баяғы шығармаларыңызда постскриптумды жиі қолданатынсыз. Мен де сөйтейін. Елу кітапты суға ағызып қайтқанымды әпкеңіз біліп қойды. Өзінен-өзі күбірледі. «Мына таудың арғы бетінен Арыс, бергі бетінен Теріс басталады ғой. Екеуінің ортасында тірі пенделердің көзіне көрінбейтін үшінші өзен бар десетін. Бағзыдағылар баян ететін. Сенің кітаптарың сол өзенмен ағып отырып пейішке кірер... Әкеңе жетер...» — деді әпкеңіз. Мұңайып.

Түнде түс көрдім, көке. Менің марқұм әкем, сіздің жезденіз жұмақта, хор қыздарының ортасында суға ағып кеткен кітаптарды кептір-е-еп, құрғат-е-еп, құныға оқы-ы-ып отырыпты.

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ПІКІРІ

Жазушы Мархабат Байғұттың «Әкімнің әйелі» әңгімесі 2018 жылы өзбек тіліне аударылып, «Жаһон адабиети» журналында жарияланған. Өзбекстан Президенті уәлаяттар әкімдерімен өткен жиналыста: «Қазақ жазушысының «Хоки-мнинг хотини» хикоясын хотинларинизбан бірге оқыңыздар» депті. Жалпы қаламгердің көркем әңгімелері орыс, түрік, украин, өзбек, қырғыз, саха, қарақалпақ тілдеріне тәржімаланған. 2019 жылы БҰҰ қолданатын алты тілде «Мархабат Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы»

Қаламдастар пікірі

«Мархабат Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы»
Дулат Исабеков

«Ең бастысы, оның қаламынан туған дүниелерде қылаудай жасандылық жоқ, мейлінше табиғилығымен, сол табиғилығымен өмір, тіршілік жайлы алуан толғаныстарға жетелейді»

Бекен ЫБЫРАЙЫМ

«Мархабат — қазақ өмірінің бүгінгі тынысына үңілген кезде жанаша өзгерістерді көргіш. Оның кейіпкерлері — Дон Кихоттық әпенділіктен арыла алмаған, сөйтсе де барға қанағат, жоққа салауат қылатын біртоға жандар. Бұл жағынан ол Бейімбет Майлиннің тікелей мұрагерлік жорасына жүре алады»
Жұмабек ШАШТАЙҰЛЫ

«Мархабат аға ақырын жүріп, анық басатын, көркем мінезді, жазғандары ел жүрегіне ұя салған аса дарынды жазушы, қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған қайраткер тұлғамыз еді. Берісі — алты Алашқа, арысы — бүкіл түркі дүниесіне танымал болатын»

Бауыржан ЖАҚЫП

М. Байғұт прозасына тән нәрсе — адамның ішкі дүниесіне көбірек үңілу, шығармаларын ішкі тартысқа құруы. Оның прозасы композиция жағынан да ішкі монологқа, психологизмге құрылған. Мұның өзі жазушының кішкене оқиғадан үлкен драматизмге, қарапайым өмір шындығынан үлкен философия аңғарта білуге жетелеген. Бұл, біздіңше, Мархабат Байғұт шығармашылығының үлкен жетістігі, жеңісі
Құлбек ЕРГӨБЕК



Жанайым
АУҒАНБАЙҚЫЗЫ

Хантәңірінің биігіне қарап арманға құлаш сермеген

Мен туған сол топырақтан Жанайым Ауғанбайқызы деген акын қыз шығыпты. Тағдыры бізге ұқсастау. Ол да — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде арғы бетке ауып кеткен қазақтың ұрпағы. Тәуелсіздік жылдары атамекенге, тәуелсіз Қазақстанға оралған.

Мен «Қайран Талқы таулар-ай, биік неткен!» деп, Талқының биігіне қарап өсем, ол Хантәңірінің биігіне қарап арманға құлаш сермепті.

Хантәңірдің биігіне қарап өскендігінен бе, өрт мінезі мен өжеттігі, еркелігі өзіне жарасып тұрады екен. Бұл мінезі өлеңдерінен де байқалып тұрады.

Сол туған жерінде жүріп алғашқы өлеңдерін жаза бастаған жас талапкердің студент кезінде «Студент дәптері» деген алғашқы жыр жинағы шығыпты. Өзі мені жасөспірім кезінен біледі екен.

1988 жылы туған жерге барған сапарымда сонда шыққан «Сағыныш саздары» атты кітабымды сол кезде оқыпты. Маған таныстық білдіріп, жүз бетке жуық қолжазбасын беріп, оқып шығуымды сұрады.

Өлеңдерінен автордың өзінің концепциясы, өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасы, сезімі айқын байқалады. Туған жерге, ата-анаға, сүйген жарға, перзентке деген махаббаты ересен. Әйел жанының ішкі «меннің» көңіл күйі, жан әлемі ана ретінде де, жар ретінде де жақсы ашылады.

Қолжазбаны шолып оқығанымда, одан байқағаным, акын сезімінің шынайылығы, жүрегінің адалдығы, сөзінің өткірлігі. Оның өлеңдерінің арқауы баста айтқнымыздай, адал махаббат, інкәр сезім, достық пен сүйіспеншілік, былайша айтқнда, адамның асыл сезімдері.

«Ақынсың деп айтпаса да мені ешкім,

Оқи жүріп ақындармен теңестім», — деп Мұқағали акын жырламақшы, баспасөзде жиі көрінбесе де, оқи жүріп ақындармен теңескен акын қыздың өлеңдерін оқып отырғанда, кезінде ұлы Әбекеннің — Әбділда Тәжібаевтің Мұқағали Мақатаев туралы: «Әрбір жана ақынның дүниеге келуі, жана жаз келгендей қабылданады» деген сөзі есіме түсті. Біз Жанайым акын туралы да осылай деп айтсақ, еш әбестігі бола қоймас. Біз де қазақ поэзиясына жана есімнің келіп қосылғанына қуандық. «Өлеңге әркімнің де бар таласы» демей ме данышпан қазақ.

Қазақ поэзиясының салқар көшіндегі қадамына сәттілік, айналайын!

Саған менің жасымды да, жолымды да берсін!

Марфуға АЙТХОЖИНА,
ақын,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ЖАҒАЛАУЫН ТЕПКІЛЕГЕН ТЕҢІЗДЕЙ, КЕУДЕМДІ ҮНСІЗ ТЕПКІЛЕЙДІ ЖҮРЕГІМ

Өлең сені сүйгенім сонша,
Дүрсіліне жүректің

косып алғым келеді.
Құс жолынан қарсы алып тосып алғым
келеді.

Құштарлығым үдеген күдіретке кіріптар,
Періште мен перінін досы болғым келеді.

Өлең сені сүйгенім сонша,
Сезімдермен сұрапыл арпалысқым келеді,
Арманымның көгінде аңсап ұшқым келеді.
Ұлы мұхит болса да, кешіп өткім келеді,
Кәусарынан махаббат тамсана ішкім келеді.

Өлең сені сүйгенім сонша,
Он сегізбен қайтадан өбіскім де келеді,
Көктемімен жастықтың көріскім де келеді.
Көкірегімнің терезесін айқара ашып арманға,
Елшісімен махаббат келіскім де келеді.

Менің бала кездегі,
Өзім болғаның үшін де,
Тамырымдағы сол бұла, сезім болғаның үшін де.
Күнәдан таза сәбидей, кезім болғаның үшін де,
Өзім болғаным үшін де,
Өлеңім сенің ішінде.
Мен сені сүйем өлең!

Жүрегімнің қысылғаны —
Бұлтты аспанның күркірі.
Кірпігімнің ұшындағы,
Қайғы-мұңды сілкіді.

Жүрегімнің жабыққаны —
Найзағай көк тілуі.
Бұл жалғанның жарық таңы —
Шындықтың өмір сүруі...

Жүректердің қасіреті —
Соқырлығы жанардың.
Мейірімнің қасиеті —
Тыныштығы ғаламның.

Жүрегімнің тамшылары,
Нұрға бөлеп жер жүзін.
Кеудемнен бір ән шығады,
Жүректердің ерітеді ол мұзын...



Жүрегімнің асыл әні,
Жаңғырады аспанда.
Бір жарыққа асығады,
Дейді бір күш,
жасқанба...

Бұл өмірдің қалтарысын көп көргем,
Көп көрсеткен тағдырымды жек көрмен.
Өмір менің жесір жеңгем сияқты,
Ашысын да, тәттісін де жеп көрген.

Бүгін бәрі, бәрі — ғажап тамаша,
Бәрі биік, білінбейді аласа.
Бұрын маған көрінбейтін шың құздар,
Бәрі кербез, қарайтындай жаңаша.

Аязы да бұл өмірдің жып-жылы,
Көз алдымда өткен өмір жылжыды.
Дауыл соғып жауын шайған тамырын,
Мен өмірдің сияқтымын бір гүлі.
Мен де солам бір күні...

Өмір солай мен ән салсам, билейді,
Мен күйресем, өмір бірге күйрейді.
Мен қазықпын, өмір маған байланар,
Мен сүймесем, өмір мені сүймейді,
Өз өмірім өзімді өрге сүйрейді.

Табынып жырдың тәңіріне,
Ләззатын татам, дертін де!
Жүрекке жүрмей әмір де,
Сезімге жүрмей сертім де.
Махаббатым өз қолымда,
Еркіндігім де өз еркімде.
Өлеңнің шылбыр-тізгінін,
Жаратқан маған берсін де!
Алысқа жетіп ізгі үнім,

Шыққан күн мені көрсін де!
Күрсінбе, жаным күрсінбе!
Тілдесіп сиқыр тылсымға,
Ғарыштан қуат аламын.

Жанымның жалғыз қалауы,
Өлеңім өлмес мүлкім де!
Жастығымның жалауы,
Серігім адал бұл күнде.

Оралам қайта қалпыма,
Өлеңім —менің ғашығым,
Әуені қалар артында,
Жүрегімдегі асылым!

Мөлтілдеп тамшы жырларым,
Шөлдеген қағаз бетінде.
Жылыстап кеткен жылдарым,
Әжім боп қалды бетімде.

Күй болып жырым кеудемде,
Өмірдің мұңын шертуде.
Самұрық шабыт келгенде,
Қозғалар менің дертім де!

Білмеймін қайда барамын,
Өмірдің кілтін таппадым.
Ізіме үнсіз қарадым,
Қаншама жолды таптадым.

Арман боп қалған күндер-ай,
Алдыға кетіп барамын.
Алдады мені күн мен ай,
Білесің бе оны, қарағым!

Толқын келіп жағаға ұрса жай ғана,
Сен де мені толқын боп кеп аймала.
Мен отырам жағасында сені ойлап,
Ай қарайды теңіз деген айнаға.

Толқын келіп ұрғыласа жағаны,
Жүректегі қозғайды ішкі жараны.

Қарашы әне, менің бала арманым,
Сол толқынмен бірге

қайтып барады.

Менде толқып, тебіренем тереңнен,
Сол тереңнен және өзінді көрем мен.
Теңіз толқып жағаны

ұрды дегенмен,
Жан толқыным жүрекке
ұрар өлеңмен.

Жағада құм, табанымды күйдіріп,
Тамырыма жылу берді ол идіріп.
Қолдан келсе алар ма еді, шіркін-ай,
Көк теңізді көкірегіңе құйдырып.

Құмы да ыстық, жағасы да жылы оның,
Түсімде де теңіз кешіп жүремің.
Жағалауын тепкілеген теңіздей,
Кеудемді үнсіз тепкілейді жүрегім.

Үнсіз ұзақ күрсініп,
Көк теңіздің өтінде.
Сезімдерім тұншығып,
Мен отырмын шетінде.

Кейде теңіз шулайды,
Арнасынан аса алмай.
Кейде жүрек тулайды,
Еңтігін бір баса алмай.

Токтамайды тулайды,
Жүрегімнің қанындай.
Бір орында тұрмайды,
Менің бала шағымдай!

Теңіз, теңіз, тереңсің,
Білінбейді аққаның.
Жамандыққа керенсің,
Тағы ешкімді сатпадың.

Аспанға тік қарайсың,
Теңіз қандай батылсың?
Бәрін бірдей санайсың,
Сырыңды айтып жатырсың!

Кетпеші, көктем, жанымнан жырак,
Жастық дәуренім табылған жұмақ.
Кіршіксіз сыйы Тәңір сыйлаған,
Жауһардан жинап, лағылдан құрап.

Қызыққа толы қиял әлемім,
Тұмса сезімім тұмар өлеңім.
Сағыныш сазы жанын тербеген,
Нәзік жүректі ұяң боп едім.

Жапырақ шулап мазамды алатын,
Күз келсе көңілім алаң болатын.
Ғашық жүрегім кеудеме сыймай,
Ғажайып сәттер ғазал жазатын.

Кіршіксіз көркі мөп-мөлдір өңі,
Көксеген көңілім кек сенгір еді.
Жетелеп мені жерұйықтарға,
Сергітші мені көктемнің лебі.



Қайрат САБЫРБАЕВ – қаламы төселген журналист, қолтаңбасы бар ақын. Өлеңдері өмір сырларын дәл суреттейді. **1990–2000** жылдар аралығында айтыс сахнасында өнер көрсеткен ол соңығы ширек ғасырдың басым көпшілігін Бұқаралық ақпарат құралдары саласына арнады. Семей қаласындағы жергілікті телеарналар мен газеттерде тілшіліктен Бас редакторлыққа дейін қызмет атқарған ол, көшбасшылық қырымен де таныла білді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасы (**2004**) және ШҚО журналистер байқауының **2006** жылғы жүлдесін иеленді. Қайраттың редакторлық кезеңінде

«Ертіс өңірі» газеті **2009** жылы «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауының «Үздік басылым» номинациясын жеңіп алды. **2018** жылдан бері Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, ҚР мәдениет саласының үздігі. «Нартолқын» (**2006ж.**), «Көз талдырған көкжиек»(**2014**), «Дүлділдер дүбірі» (**2017**) жыр жинақтары мен «Аймағының абызы» (**2009**) хикаят кітаптарының авторы. Топтама өлеңдері «Жыр маржаны» қазақ поэзиясының антологиясына енген. «Дүлділдер дүбірі» кітабы **5000** тираждық мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген.

Қайрат САБЫРБАЕВ

ӨМІР ЖОЛЫ, ӨНЕР ЖОЛЫ – ТАЛПЫНЫС, БОЛМАҚ ЕМЕС ЕСТІ АДАМДА ЖАН ТЫНЫШ

БОЛМЫС

Құбылғанмен күйкі тірлік күндегі,
Өзгермейді уақыттың мінбері.
Осып айтпай, тосып айту дегенің,
Менің, осы, миыма бір кірмеді.

Дүр сілкінтіп заманымның дүрмегі,
Қайран жүрек қаймығуды білмеді.
Құлай сеніп, құрак ұшып жүрсем де
Парақтары көңілімнің кірледі.

Өмір солай, қызықты да күрделі,
Аз ғұмырда ансайды екен кім, нені?
Тілеуестің анықталар аз-көбі,
Бағың жанып бола қалсаң жүлделі.

Тамып түспей сөз түйіні тілдегі,
Беймәлім күш тұртпектейді бір мені.
Шындық жайлы сөз болғанда, көбіне
Шыдамымның ұстамайды ілгегі...

САЛДАУРЕН

Разы қып жолдасты, жораны да,
Жорттым тәуір жастықтың сонарында.
Еріксем де, ентелеп, желіксем де,
Ешкімнің қалған жоқпын обалына.

Қайтып келмес кешегім оралымға,
От жүректің сеземін тоңарын да.
Сауықты кеш,
сыйлаған мауықты таң,
Салдәуренім, сағымға орандың ба?

Қызық болып бір күнім бір күнімнен,
Ілеспекке соңыңнан ұмтылып ем.
Жана жұрттың жандары жатырқады,
Қала бердім біртіндеп, іркілумен.

Қимастықты жасырып қас-қабакқа,
Жолың болсын деп тұрмын жас талапқа.
Салдәуреннің сап түзеп шалқар көші,
Бізді тастап барады басқа жаққа.

Арман — асу, қаншасын межеледің?
(Ерік болса келеді кезе бергің).
Желігіңе жел бермей,
Дер кезінде,
Тізгінінді жөн екен тежегенің.

Дүбір мен күбір

Көздеген жерге мезгілмен,
Жеткізем десең көшінді,
Ада бол шалыс сезімнен,
Асықпай шығар шешімді.

Тегіс жол тегі тайғанақ,
Бұралаң жолдар ұзактау.
Ер болсаң кәміл, иыққа
Мүмкін де емес жүк артпау.

Сокпақтан бастау алмай ма,
Түсетін жолың түпкілік.
Арман-құс, сірә, шалғайда
Қояды ұзақ күттіріп.

Кездессе жайлар кеселді,
Емдерсің өзін жаранды.
Жібермес үшін есенді,
Болуың керек табанды.

Жараса бермес бар қылық,
Бірақ та, керек ұмтылу.
Бәлкім, бір бөлек заңдылық —
Бір жығылып, бір тұру.

Қыр-сырын ептеп біле жүр,
Алдында толы бел-белес,
Дүбірге толы бұл өмір,
Күбірге де кенде емес...

Анықтау қиын адамды

Арық па әлде алып па,
Бәрі де бала халыққа.
Айырғың келсе адамды,
Кісілігін парықта.

Адамның сырты — алдамшы,
Сол жағын, қалқам, толғаншы.
Жүргендер қанша дүрлігіп,
Дүниеге бола болмашы.

Желігі жүрсе жүгенсіз,
Жетесіз деп білерсіз.
Бетінде тұрмас білгені,
Сөзіне құлақ түрерсіз.

Пайымсыз аз ба пақырлар,
Тандайы шебер тақылдар.
Бұйығы мінез бір ер бар,
Намысты жерде лапылдар.

Ұстамды, бірі — ұшқалақ,
Мақтанға көбі құштар-ақ.
Бойында болса жігері,
Кім өзін төмен ұстамақ?

Көрдік кой мәртті, саранды,
Азамат аз ба табанды?
Бермесе сынап бұл өмір,
Анықтау қиын адамды!

...Арық па әлде алып па,
Нар болсын, тіпті нарықта.
Айналып келіп бір күні,
Сыяды бәрібір табытка...

Қыр қазағы

Шаңын қосып бір дөң мен бір қыраттың
Мен де біраз кезінде жылқы бактым.
Жайлаудағы жағалай қонған елден,
Көруші едім үлгісін ынтымақтың.

Өнегесі өмірлік жол ұстанған,
Ретімен әр ауыл қоныстанған.
Бар білгенін бүкпесіз жайып салар
Бір-біріне өрісте тоғысқан жан.

Табылдардай сол жерден бір керегі,
Бір-біріне көршілер күнде енеді.
Шалғайдағы шанырақ жақынындай,
Өз үйіндей босаға іргедегі.

Дастарханнан дәм-тұзы арылмайды,
Жасандылық пердесін жамылмайды.
Жатырқауды білмейді қыр қазағы,
Жолаушыны қонақтай қабылдайды.

Кімдер оның болмады төрінде кен,
Ет асудан ешқашан ерінбеген.
Балалары бірге ұйықтап, бір тұрады,
Егіздердей еншісі бөлінбеген.

Қонақ десе қазақтың көңілі ерен,
Жарасады, ойнайды теңіменен.
Сыйлы адамы айналып бір келгенше,
Сыбағасы тұрады желінбеген.

Бұлдамайды еңбегін, көп істесе,
Екі қайта көнбейді, келіспесе.
Сірә, тағы көңілі көншімейді,
Өзгелермен олжасын бөліспесе.

Әлдеқандай кездессе ауыр кәсіп,
Тындырады бірлесіп, қауымдасып.
Енді ғана танысқан бөтен жандар
Тез арада кетеді бауыр басып.

Малдарында өріс бір, қора бөлек,
Алаңдау жоқ мал қолды бола ма деп.
Ауызекі ақпарат қажет кезде,
Алдамайды бір-бірін, о да көмек.

Ерекше бір мереке — ерулігі,
Сонда жатыр елімнің елу жылы.
Кенелесін кіршіксіз көңілдерге,
Бір ғанибет, шынында, көру мұны.

Жарасымға қандай жан сын тағады,
Құйкылжиды қуаныш қырқадағы.
Әңгіменін төресі ақтарылып,
Әннің-дағы әсемі шырқалады.

Өткен-кеткен мұндайда түгенделіп,
Артық-ауыс жай болса шідерленіп,
Егделері ерлікті үлгі тұтып,
Отырады жастарға жігер беріп.

Барлық жағдай жалғасып жөніменен,
Шапағатта шалқиды көңіл-кемең.
Үлкендердің ұстамды ойларынан
Тұратынын байқайсың өмір неден.

Ас қайыра абызы арадағы,
Уәлі сөз — жұрттың тек қалағаны.
Бұл отырыс біткенмен, келесі бір
Отырыстың негізі қаланады.

Кезек тиіп қыз қуу, көкпарға да,
Дүбірлейді тып-тыныш жатқан дала.
Сынға түскен жүйрік ат, берен жігіт
Алмай, сірә, тұра ма топтан баға!

Ең қажеті — қимылдау қапы қалмай,
Баптап мінген ерлердің аты қандай!
Екі жақ та жан сала ентелейді,
Екпіндері көп жауды жапырардай.

Бұл ойыннан бар болса мол хабары,
Жойқын күштен әдісқой жол табады.
Мәрт жігіттің тартуы көкпар үшін —
Жуан серке тасталған ортадағы.

Жуан серке жүк болмай ақырында,
Бір жүреді әркімнің тақымында.
Қалың қауым қадалған бәсекеде
Көзге түспек жасығың, батылың да.

Ел мақтаған жігітте қыз жанары,
Көңілінде беймәлім із қалады.
Көкпаршының тілеуін тілегеннің
Өзі үйде болғанмен, түзде жаны.
...Жастайынан доданың дәмін татып
Шыңдалады осылай қыр қазағы!

ТАБАНДЫЛЫҚ

Бұл жалғанды кедергісіз демегін,
Ешкім ашып бере алмайды себебін.
Ұғынарың осыдан-ақ шынымен,
Қолға онай қонбайтынын керегің.

Өмір жолы, өнер жолы — талпыныс,
Болмақ емес есті адамда жан тыныш.
Алқынуың, шарқұруың, бәрі де, —
Арманына деген дәйім тартылыс.

Өз жауабын табу үшін сан сұрау,
Қабілетті керек шындап қамшылау.
Жарқырамай жатса жылдам жұлдызың,
Тағдырына айтпа бірақ қарсы дау.

Еңбектенбей жатып кейде онша көп,
Асығамыз бәрі жылдам болса деп.
Қаншалықты бағалармыз біз оны,
Бақыт құсы аяқасты қонса кеп.

Қай қырынмен керек болсаң қоғамға,
Жетелейді сені тура сол алға.
Жеткенінше мақсат қойған сайын
Көңілдегі көлігінді доғарма.

Жолы болмай қалған жандар қапалы,
Жолы болған бөркін көкке атады.
Мойындату үшін елді,
Әманда,
Табандылық сәл-пәл жетпей жатады.

Көктем көрінісі

Көрінісі көктемнің көз талдырған,
Тың құбылыс байқайсың тозған қырдан.
Табиғатқа тәнті боп таң-тамаша,
Қаншама ақын соңына сөз қалдырған.

Келбетінде талдардың тебіндеп бұр,
Бүршік болып өмірге өмір кеп тұр.
Айналаның ажары артқан сайын,
Керегесі көңілдің керілмек бір.

Бар қуатын жер төсі иіп беріп,
Бұлақ, өзен, жылғаға тиіпті ерік.
Түлегенде төңірек тоты құстай,
Қиялыңды жіберер биіктетіп.

Пейілденіп бұл шақта тас терлеген,
Тас терлеткен қуатты қастерлегем.
Найзағайға жеткізбей күн күркірі,
Өте шықты жүйріктей бас бермеген.

Құлпыратын сәт осы манай тіптен,
Өз орнына әр өрнек қалай біткен!
Елік-көңіл елеңдеп екінтіде,
Арманына асықты талай күткен.

Гүлзарлардың көз баурап көрінісі,
Ән-жырлардың айтылар көңілдісі.
Ғашықтығын жеткізіп жанарымен,
Ұмтылады еріңге ерін ұшы...



Бақытжан ҚАНАПИЯНОВ

(Соңы. Басы өткен санда)

Мұрат Әуезовтің тарихи тұлғасы оны түсінуге батылы барған кез келген адамды оның бойына біткен сөздің (әу баста бірінші жаратылған) сыйы арқылы ғана емес, сонымен қатар оқырмандары мен тындаушыларына тарихи жадтың қадір-қасиетін дарытатын хронологиялық жомарттығы арқылы да таңғалдырады.

Өткен 30 жыл ішінде ол кез келген әділетсіздікке қарсы дауыс көтеретін санаулы адамдардың бірі болды және болып қала береді. Оның «Сорос — Қазақстан» қорының президенті, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры, «Азамат» қоғамдық қозғалысының көшбасшысы, М.О.Әуезов қорының төрағасы, «Рух-Мирас» мәдени альманағының редакциялық алкасының төрағасы лауазымындағы, «Ұлы Жібек жолы бойындағы сұхбаттар» жобасын жасаушы ретіндегі көптеген бастамалары шынайы рух еркіндігі мен тарихтың қазіргі заманмен өзекті диалогінің құтқару кеңістігін құра отырып, елдің мәдени бет-бейнесін қалыптастырды.

Фильм 2022 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының ютуб арнасына қойылды. Фильмнің премьерасы ҚР Ұлттық кітапханасы мен ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығында өтті (Фильмнің авторлары: Бақытжан Қанапиянов, Игорь Крупко).

Бұл фильм Швециядағы халықаралық деректі фильмдер фестивалінде (1991) жүлделермен марапатталды және АҚШ Конгресі кітапханасының бейнежазба қорына енгізілді.

2004 жылдың мамыр айында «Каспий: мұнай және мәдениет» экспедициясы өтті. Бұл экспедицияның мүшелері — мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, жазушы Сәтімжан Санбаев, журналист Ғаділбек Шалахметов, кинорежиссер Амангелді Тәжібаев, тарихшы Марат Сембин, сәулетші және мүсінші Мақсат Нұрқабаев, фотограф Александр Павский және мен (ақын Бақытжан Қанапиянов) болдық. Ақтау, Атырау, Астрахань қалалары мен осы қалалар арасындағы кеңістіктер біздің маршрутымызға айналды.

Журналист және ақын Ғаділбек Шалахметов тамаша кітап дайындап, жарыққа шығарды. Ол «Каспий: мұнай және мәдениет» деп аталады. Бұл атау Мұрат Әуезовке тиесілі «Айдың аргы беті» кітабы тек ұлы мәдениеттанушы, философ және филолог Мұрат Мұхтарұлы Әуезовті еске алудан ғана тұрмайды, бұл кітап оған жақын болған көптеген адамдарды, осы тік уақыттағы пікірлестерін фрагменттік жадтан тыс, болмыстың толық тіні бойынша еске алады. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі біздің арамызда жоқ, бірақ

олар біздің ұлттық кодымыздың жадында берік сақталды.

Марат Балтабаев, Сәтімжан Санбаев, Сырым Бөкейханов, Салихитдин Айтбаев, Тимур Сүлейменов, Болат Қаракұлов, Ғаділбек Шалахметов, Герольд Бельгер, Сейдахмет Құттықадам, Болатхан Тайжан... Біздің міндетіміз — оларды есте сақтау және ұмытпау!

Өмірінде соңғы рет өзімнің ұстазым Мұрат ағаны осы жылдың басында, оның әпкесі Ильфа Илиясқызы Жансүгірованың қырық күндік асында көрдім. Бір үстелдің басында отырдық. Мен ол кісіге жазбаларым туралы айтып мазаламадым, көмекшісі Сандуғаш арқылы жіберетінімді айттым. Солай деп келістік.

Ал 14-нен 15 маусымға қараған түні қайғылы хабар келіп жетті. Маған «Хабар-24» телеарнасынан қоңырау соқты, ал таңертең мен Мұрат Мұхтарұлы Әуезовпен қоштасу сөзімді айттым.

Ал өзімнің жазбаларыма біздің Мұрат ағамыздың рухына арнап қосымшалар мен шағын этюдтер енгізе бастадым.

— Мен сенің прозаға басқаша қарай бастадым, — деді Мұрат аға менің «Нан иісі» әңгімемді оқығаннан кейін.

Мұрат Мұхтарұлының басқаша көзқарасы, шамасы, осы оқиғаның метафорасын қамтыған болуы керек, онда, көбіне отбасындағы және балалық шағымыздағы тәрбиеге байланысты күнделікті жейтін нан біртіндеп және жайлап рухани нанға айналады.

Сексенжылдық мерейтойы қарсаңында Мұрат аға Бурабайдың жұпар ауасын жұту үшін «Оқжетпес» шипажайына демалуға барды. Шипажай орналасқан қарағай орманының шыңылтыр аязды күндердегі таңертеңгілік және кешкілік демі жаныңды сергітіп, көкірегіңді ашады.

Ерте балалық шағынан бастап ол жанға сая, дертке дауа бұл көркем өлкеде бірнеше рет болған. Алғаш рет өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында Мұхтар Омарханұлының денсаулығын жақсарту туралы талабы бойынша аяқ басқан. Институтты бітіргеннен соң «Жас тұлпар» құрамында кездесулер өткізіп, дәрістер оқуға әрі кейіннен Азия және Африка елдері жазушыларының бесінші конференциясы кезінде шетелдік жазушылармен табан тіреген. Күндердің күнінде, демалыс уақытында, Астанадағы жұмыстан қол босағанда біз жүрдек пойызбен Бурабайға тартып кеттік. Онда атақты майбалыққа қармақ салып, балық аулау рақатына бөлендік. Ал кешке алаудың басында отырғанда Гуля бізге немесе біз оған қоңырау шалатынбыз. Мұрат Мұхтарұлы осы аңызға айналған жерлерде одан Ақанның әнін тікелей ұялы телефонмен айтуды өтінді. Отқа жанып жатқан бұтақ сытырының дыбысынан Гүлнардың дауысы ақырын, шынайы естілетін. «Қараторғай», «Манмангер» және «Екі жирен» бір-бірін алмастырып жататын...

— Жерлестеріңе не айтайын? — деп сұрады Мұрат аға кетер алдында қоңырау шалып.

— Сәлем айтыңыз, әрине. Онда сізді қарсы алады және әдеттегідей сұр еттен дәм татырады, — дедім мен жалтара жауап қатып.

Шипажайға жақын маңда менің туысым, жылқышы Дәуке тұрады. Ол Бурабайдың төбелері мен шоқыларының арасында өмірге келген, ғұмыры осында өтіп жатыр. Інілерімен бірге жылқы үйірін бағып, өсіреді. Мен одан Мұрат ағамен кездесіп, Көкшетаудың сұр етінен дәм татқызуды өтіндім. Сұр ет — жергілікті қайыңның түтінінде ысталған жылқы еті, бірқатар ауруларға дауа.

АЙДЫҢ



Мұрат Мұхтарұлы көп ұзамай whatsapp желісі арқылы фотосуреттер жіберді, онда ол пышақпен сүр ет кесектерін қымыз, шұбат және орыс ұлттық сусыны — арақты ұрттай отырып қуана-қуана кесіп отыр екен...

Семей-Абай

2011 жылдың маусым айында, менің мерейтойым, алпыс жылдығым қарсаңында, қазақтардың рухани Меккесі — Семей, Бөрілі, Жидебай, Қарауылға екі-үш күнге барудың сәті түсті. Бұл менің, ең алдымен, Мұхтар Әуезовтің елұтомдық, Шәкәрімнің екітомдық, Абайдың өлеңдері мен поэмалары, Жүсіпбектің, Сұлтанмахмұт Торайғыров кітаптарының басылымы аяқталғаннан кейін Мұрат Әуезовтің ата-бабалары алдында есеп беруім іспетті еді.

Эпилогтен тыс соңғы сөз

«Көшпенділер әлемі» және «Осы тік дәуір»

Мұрат Мұхтарұлы үшін көшпенді өркениет бостандықтың, күш пен тәуелсіздіктің символы, ал көшпенді халықтар шабыт пен күштің қайнар көзі болды. Ол «көшпенді архаика әлемі» қазіргі қазақ мәдениетіне өзіндік ерек-

шелік пен бірегейлік беретін негізгі факторлардың бірі болып есептелетініне» толық сенімді еді. Онда халықтың нақты тарихи тәжірибесі, оның дәстүрлі дүниетанымы, этикасы мен эстетикасы, өнері қамтылған. Мұның бәрінде тұрақты қозғалыстың, үнемі орын ауыстырудың және олардың кеңістік пен уақытқа деген ерекше көзқарасының ізі жатыр» («Времен связующая нить», 2016). Динамика мен статиканың бірлігін көрсететін көшпенділік пен отырықшылық, оның түсіндіруінше, «болмыстың табиғилығы» болып саналады. Оның пікірінше, «көшпенділік қозғалыс өткеннің ғана емес, жалпыадамзаттық тарихтың әмбебап күйлерінің бірі болды және «адам және кеңістік» мәселесі қазіргі ұрпақ үшін де өзекті болып қала береді. Көшпенділердің көркемдік шығармашылығын рухтандырған Жол идеясы тандау мен өзгеріс, кеңістікке жаңа қадам басу мәселесі соншалықты өткір және көп қырлы болған ғасырда архаикалық бола алмайды» (сол жерде).

М.Әуезов үшін «басқа халықтардың құндылықтарын» менсінбеу немесе қабылдамау арқылы өз мәдениеттерінің артықшылығына сенетін (әрине, ада-сып) жеке авторларға тән эгоцентризм қолайсыз болды. Менің ойымша, егер ол шынайы ақсүйектің өзіне тән тектілігімен оны қабылдамады деп

АРҒЫ БЕТІ

айтсам, кателеспеймін, өйткені эго-центризм тарихты бұрмалайды және мәдениеттердің байланысы тұрғысынан алғанда өте жағымсыз құбылыс.

М.Әуезовтің энциклопедиялық білімге, іргелі эрудицияға негізделген ауқымды (2,5 мың жыл) зерттеуінің бірегейлігі мен керемет тереңдігі, ерекше көркем тілмен баяндалған пікірлері таңғалдырады. Бір мақалада барлық зерттелген дәуірлерді — ежелгі түркі, қарахандықтар дәуірлерін, орта ғасырларды қамту мүмкін емес. Бірақ «бәрі бастау алған ядро» бұл — «осьтік дәуір», бұл — «тағдыры ХХ ғасырдың 30-жылдарында қайғылы аяқталған» көшпенді өркениеттің пайда болуы. Өзінің сөзінше, трагедия, М.Әуезовті көшпенділер өркениетінің басталуын іздеуге итермелейді.

Көшпендінің бейнесі мен рухы Мұрат Мұхтарұлының жүрегіне берік орныққанына сенімдімін. Менің «Жас тұлпар» козғалысының тууы, оның негізін қалаушылардың бірі және көш-басшылары көшпендімен байланысты деп айтуға батылым барады. «Осьтік дәуір» «пайғамбарлар дәуірі» деп те аталады, өйткені М.Әуезов жазғандай, «бұл уақыт көптеген пайғамбарлардың пайда болуымен сипатталады. Ешбір тарихшы немесе мәдениет философы, егер ол осы кезеңдегі оқиғаларды елемесе, өз тақырыбы туралы тұтас түсінік бере алмайды. Карл Ясперс оған «осьтік дәуір» (б.д.д. 800 — 2000) рөлін беруі кездейсоқ емес. Ол «осьтік дәуірдің» беделді атауларына «материктер сияқты үлкен әлемдік діндердің, діни-философиялық жүйелердің символына» айналған адамдарды — Қытайдағы Конфуций мен Лао-Цзыны, Үндістандағы Будда, Персиядағы Заратустра, Палестина пайғамбарларын... жатқызады».

Тарихи фактілер біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында Қытай үшін көшпенділер мәселесі өте өткір болғанын көрсетеді. Цинь, Чжао және Ян патшалықтарының солтүстік шекараларында көшпенді тайпалардың жорықтарынан қорғану үшін «қабырғалар салуы, кейіннен олардың Ұлы Қытай қорғанының тізбектеріне айналу» фактісі айқын дәлел.

Еуразиялық кеңістіктегі даму эволюциясы өз уақытында «Әлем осі» деп аталатын Ұлы Жібек жолының пайда болуы мен қалыптасуына әкелгені заңды шығар. «Әлемнің осін кім иеленсе, ол әлемге иелік етеді». Бұл туралы көп жазылған. Сонымен, ХХ ғасырдың басында Оксфорд университетінің британдық географы Х.Дж.Маккин-дер «Тарихтың географиялық осі» атты мақаласын жариялады, онда осы «осьтік аймақты» (Сібірден Орталық Азия арқылы Шығыс Еуропаға дейін) кім иеленсе, сол әлемдік державаға айналатыны атап көрсетілген. Мақала ХХ ғасырдың геосаяси ойына үлкен әсер етті. Сондықтан замандастар мынаны түсініп, игеруі керек: қытай тарапынан басталған «Белдеу — жол» жобасы — бұл Жібек жолының үстінен үстемдік құру. Бұл біздің заманымыздың шындығы және оны үнемі есте сақтау маңызды. Бұл әлемдік архитектоникадағы қиындықтар және ақаулармен бірге

қазіргі геосаяси жағдайларда ерекше өзектілікке ие болады.

Қазақ халқының көрнекті ойшылының көп жанрлы және көп қырлы шығармашылығында, соның ішінде «Телеэссе» бағдарламалары циклінде, сондай-ақ басқа да сөйлеген сөздерінде, мақалаларында, біздің кездесулеріміз кезіндегі ұмытылмас әңгімелерде бізді баға жетпес жаңа біліммен толықтыратын түпнұсқа ойлар мен пайымдаулардың тасқыны қайнап, төгіліп жатыр. Онымен айтылған жоғары интеллектуалды әңгімелер адамның дамуы үшін тұрақты мәнге ие және үлкен эстетикалық ләззат дарытады!

Біз үшін аса қадірлі Мұрат Мұхтарұлын еске алуға арналған жарияланымды аяқтай отырып, мына дүниелерді айтқым келеді. Оның философиялық ойлары, соның ішінде халқымыздың өткені мен болашағы туралы пайымдары байыпты зерттеуді қажет етеді. Оның философиялық көзқарастарын, көшпенді халықтардың дәуірлік өркениеттік теориясының әдіснамалық негіздерін түсініп-ұғыну үшін көптомдық зерттеу қажет болады. Ол бүкіл Қазақстан халқына бай, шын мәнінде, баға жетпес шығармашылық мұра қалдырды, оны зерттеу ғылым, әдебиет және мәдениет өкілдерінен өте ұқыпты қарауды талап етеді.

Мұрат аға өзінің әкесі ұлы классик Мұхтар Әуезовтің есімін лайықты ақтап, жарқын да бақытты өмір сүрді! Керемет қасиетерге ие әрі терең адамның жарқын бейнесі достарының, серіктестері мен әріптестерінің, оның ерекше шығармашылығына жанкүйер жандардың жадында мәңгі сақталады.

Мұрат ӘУЕЗОВ,

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,

Мұхтар Әуезов қорының президенті

Үлкен кеңістік адамы

Бақытжан, саған екі мәрте рақмет. Біріншіден, сен қалыптасқан және өте үлкен жазушысың, гуманиссін, мен Игорь Крупконың шабыттанып жазғанына өте қуаныштымын және қазір айтылған сөз — сенің шығармашылығыңдағы кемелдіктің дәлелі. Мен мұнда бірнеше рет болдым, мүмкін, Игорь Владимирович бұл жерде бірінші рет сөйлеп тұрған жоқ шығар, бірақ мен бірінші рет естіп отырмын және әртүрлі конференциялардың барлық болашақ қатысушылары үшін өте қуаныштымын. Бұл — Бақытжан әлеміне өте нәзік, терең және өте кәсіби тұрғыда ену.

Менің жастұлпарлық жылдардағы досым Марат Балтабаев сені біздің ортамызға алып келгеніне, бәлкім, елу жылдан астам уақыт өткен шығар... Біз, бұрынғы жастұлпарлықтар, алма бағында футбол ойнап жүргенбіз. Сөйтіп, Марат Балтабаев жас жігітті ертіп келді, ол ойынға қосылды, керемет спорттық қабілет танытты, содан кейін оның бокстан 1-разрядқа ие екенін білдік және т.б. Ал сол күні футболда жоғары шеберлік көрсеттік, сондықтан сені біздің ортамыз толығымен қабылдай бастады.

Одан кейін көптеген кездесулер,

бірлескен сапарлар болды. Кеңістіктер өте әртүрлі еді: көлденең, тік, таулар арқылы және т.б. Сенімен біз әртүрлі экспедицияларды бірге еңсердік, көлік сынып, көмек қашан келетіні белгісіз болған кездерде жол бойында от жағып отырдық. Осындай алыс жолдарда, осындай кеңістіктерде де Бақытжан өзін өте жайлы сезініп, тәжірибелі саяхатшылар мен жиһанкездердің жүрегін жаулап алды. Маңғыстаудан Каспийді айналып өткен «Каспий: мұнай және мәдениет» сапарының өзі неге тұрады?! Ол — жолдың, үлкен кеңістіктің адамы. Жол адамды сынайды, мұнда тағы бір ерекшелік бар: дәл сол оттың басында мен Бақытжанды сол немесе басқа да экспедицияға қатысуға көндіре білгеніме қуаныштымын. Біз бәріміз оның өлендерін қуана тыңдадық. Таңғаларлық ерекшелігі бұл өлендер табиғи ортада қалай дәл және жақсы қабылданады.

Маған ағасы Сержанды және жалпы Қанапияновтар отбасын білу бақыты бұйырды. Бұлар — түп-тегінен ағартушылар. Әртүрлі дәуірлердегі ағартушылықтың мазмұны әртүрлі. Мысалы, экспансионизмнің табандылығының тартымдылығы. Біреу Франциядағы, Еуропадағы алдағы революция үшін бастарын тіккен. Ал менің ойымша, біздегі сенің әкене де тән ағартушылық бұл — алашордалықтардың, Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы ағартушылық және ақыр соңында бұл — «Зар заман» ағымы ақындарының өлендерінде өте ащы түрде айтылған үрей мен қорқынышты дабылдарға жауап. «Зар заман», яғни «келе жатқан кер заман» әдебиетіндегі апокалиптикалық бағыт. Сол кезде «Болу керек пе, жоқ бордай тозу керек пе?» деген мәселе туындады. Абайды сол мәселелер алаңдатты. Олардың көкейінде сұрақ туды, олар өз халқының болашағына күмәнмен қарады. Абай іздеп, жауап тапты. Әрине, алашордалықтар мен ұлы мектеп, ұлы руханият, алашордалықтардың ұлы батылдығы бар жерде «қуатты білім», «міндетті білім» тәрізді компонент іске қосылды, бұл — ренессанстық «сегіз қырлылық, бір сырлылық». Абай — көп білетін және сол кездің шындығын терең түсінген ақын. «Болу керек пе, жоқ бордай тозу керек пе?» осындай өткір сұрақ тұрды. Бұл дәстүр біздің поэзиямыздың, шынайы поэзиямыздың және әдебиетіміздің қандай да бір ерекшелігінен хабар береді. Өмір сүру үшін жоғары білім болуы қажет. Бақытжан бұл дәстүрмен органикалық бірлікте. Себебі тәрбиесі, қоршаған ортасы және гені осындай, былайша айтқнда, педагогикалық, ағартушылық жоғары деңгей, жоғары тектілік қасиеттер бойында бар.

Мен атап өткім келетін екінші нәрсе, иә, бұл — ХХ ғасырдың басындағы ағартушылық. Міне, Игорь жетпісінші жылдың ұрпақтары бір нәрседен алыстап кеткенін жақсы айтты. Сен былайша айтқнда, олардың деградациялық жағдайларынан айналып өттің. Сенде бұл қасиет өте керемет, сенің тірегің — сол.

Мен тағы бір нәрсені атап өткім келеді. Ол —төзімділіктің патриоттық күші. Сенің шығармашылығыңның табиғатына, Бақытжан, менің ойыма осы сөздер дөп келеді. Басқа мәдениеттерді өздерінің туғанындай қабылдау.

Бұл шынайы, өте ізгі, өте жоғары адамгершілікті толеранттылық гуманизмен ауытқу, өркениеттік принциптерді жоғалту кезінде өте маңызды. Бұл — сенің шығармашылығыңның зор күші. Бақытжан, жапон әскери тұтқындары туралы жазғанындай, Балқаш жағалауында тұратын швед Андерсонды қалай жақсы түсіндің және т.б. Сенің жүрегің үлкен, ол әрине, Чернобыль және басқа да нәрселерді сыйғызады, сонымен бірге ол өте органикалық. Бұл отбасынан дарыған ба? Бұл арада мен ең әуелі сенің бойындағы екі бастау туралы баса айтқым келеді. Ол ағартушылықтан, шынғысидтерден, төреден, батырлардан дарыған, өйткені қазақ эпосында адам батыр деп танылуы үшін ол «жеті қырдан асып, жеті жұрттың тілін білуі» керек, яғни сен жеті жотаны еңсердің де, жеті ұлттың тілін де білесің. Жеті — көптіктің символы. Тек нағыз батырлар, жердің батырлары оны қорғаушылар болуы мүмкін, олар төзімді болды, өйткені көшпенділермен араласа отырып, оларды қоршаған кеңістікте көптеген халықтар өмір сүрді. Бұл екі бастау сенде өте жақсы ұштасқан. Толеранттылықтың табиғи, қарапайым батылдығы мен патриоттық күші — мұның бәрі сенің бойыңда толығымен бар.

Сондықтан қымбатты досым, сен табиғат пен аспаннан дарыған қасиетті үлкен абыроймен алып жүрсің, сен жолды, аспанды, тауларды керемет сезінесің. Біз бұған әрқашан көз жеткізгенбіз. Сен оттың жылуын, қазанда қайнатылған қодас етінің дәмін және осындай керемет пейзаждарды жақсы сезіне аласың. Сонымен қатар сен төрелік қасиетті лайықты түрде алып жүрсің, мұны сен атап айтқнда, бойыңда тәкаппар төреліктің жоқтығымен айғайтайсың. Бұл — өте адами қалыпты, өте гуманистік, шексіз күшті қасиет, ол көптеген адамдар мен таптардың үйлесімін сақтай алады. Мысалы, сенің барлық қызметкерлерің «Жібек жолы» баспа үйінің ерекше атмосферасын құрайды. Оларға табалдырықтан аттаған кез келген адамды әрдайым жылы жымыяп қарсы алу тән. Бұл — қызметкерлердің бастығына деген сүйіспеншілігі және жалпы сирек кездесетін қасиет шынайылық пен адамға деген ізет.

Бақытжан, 70 жас дегеніміз — керемет жас! Бұл аландартарлық етсе, біз жаңа кітапхана саламыз. Жаза бер, жаңа шығармалар тудыра бер, сенің эсселерін керемет. Есінде ме, Шыңғыс Айтматов қайтыс болғанда, бұл хабарды екеуіміз сенің Астанадағы пәтерінде түнде естідік. Біз бұл хабарды жанымыз жабырқай қабылдадық, оған жауап қаттық... Керемет мақалалар, эсселер, ол не нәрсемен айналысса да, «сегіз қырлы, бір сырлы» жан болды, ол — ренессанс адамы, мен ренессанс адамдарының мейірімді екеніне қуаныштымын. Кім шынайы Ренессанс өкілі болса, кімнің бойында ерен шабыт болса, сол мейірімді адам. Ол ешқашан жолда қабақ шытпайды (есімде, Балқаштан қайтып келе жатқанда ол жерден жол тауып шыға аламыз ма, жоқ па, мүлде беймәлім еді, ол әзілдеп, анекдоттар айтты, өлен оқыды, бұл өте керемет болды). Ол өзінің қаламымен және шығармашылығымен осы әлеммен, оның қуанышымен, қайғысы және сынақтарымен теңдессіз теңдестікте бола білді.

Мен үшін бүгінгі кеш өте сүйінішті оқиға, ол керемет өтіп жатқанына қуаныштымын және де кітапхананы, Бақытжамалды бүгін оларда осындай жандар қонақ болып, орталары толуымен құттықтаймын.

Туған күніңмен, інішегім!

Аударған
Балжан ХАБДИНА

Діни әпсаналарда «адам өлмейді, ол тек мәңгілік мекеніне аттанады» деген ұғым бар. «Адам дүниеден өткенде жоғалтатыны – денеңіз ғана, рухыңыз өлмейді» дейді. Қайтыс болған кезде жанның бөлініп шығатынын бүгінде ғылыми жолмен дәлелдемек болғандар да жоқ емес. Ал, мұның қаншалықты шын екенін кім білсін, бірақ бүгін бір аталықтың аман сақталуы оның кейінгі ұрпағының есінде жүруімен байланысты екені рас. Батыры болса – ұранға қосады, жыр шығарады, биі болса – әңгіме-аңызға арқау етеді. Ата-баба шежіресінің түпқазығы да осында. Сол шежірелер бірігіп келіп тарихты құрайды. Демек, тарих дегеніңіз – рухыңыз, ұлтыңыздың түп төркіні. Үш жүз жылдық бодандық бізді санамыздан айыруға тырысты, тарихымызды бұрмалады, асылдарымызды алыстатты, жадымыздан айыруға тырысты. Тек еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет құрып қана аман қалдық.

Сол жадты қайта жаңғыртудың, сананы қалыпқа түсірудің бір жолы – кесене, ескерткіштер екені айқын. Соның бір дәлелі – тарихи-этнографиялық «Мәңгілік ел» саябағы. Оның алғашқы қазығы қалай қағылғаны, бұл идеяның неден туғаны жөнінде ұлт жанашыры, белгілі заңгер, меценат, қоғам қайраткері Бекет Тұрғараев аға былай деп әңгімелейді:

шайқасы өткен жерге барып қайтқн. Сонда Қосқолаң тауындағы Жәңгір хан мен оның 56 сарбазы жатқан орынды қоршап, басына ескерткіш тақта орнатуға қатысқан. Жонғарларға қарсы шайқаста Салқам Жәңгірге жиырма мың колмен көмекке келген Жалаңтөс баһадүр шешуші рөл атқарды. Осыған орай, 2018 жылы Орбұлақ шайқасының 375 жылдығы құрметіне саябақ алдына

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

— 2014 жылы Шымкент қаласындағы Қазығұрт мейрамханасында кездесуі болды. Сона өзіміздің Шарапхана (кейін Сарапхана) ауылынан «Бабалар рухына тағзым» кешенін тұрғызайық. Оны елдің көзіне түсетіндей биік төбенің басына орнатайық» дедім. Сол жерде сөзімді ел азаматтарының бәрі де қолдап шықты. Сөйтіп «Түгейболат қайырымдылық қорын» құрып, іске кірісіп кеттік қой.

Әрине, бастама көтеру оңай болғанымен, оны жүзеге асыру жеңіл тимеді. Алғашқы кезде қоғамдық қорды бәрі де қолдағанмен, қаржы жинауға келгенде, реніш танытқандар да болды. Сондықтан Бекет ауылда кәсіпкерлікпен айналысатын інілеріне бас болып әрі ел ішіндегі абырой-белелін жоғалтпас үшін көпшілікке салмақ салмай-ақ, қолға алған ісін жалғыз өзі аяқтап шығуға тырысты. Сөйтіп, ең алдымен, төбе басына 21 метрлік стелла тұрғызылды. Төменгі жағы киіз үй үлгісінде жасалды. Оның алдына Түгейболат бабаның ескерткіші орнатылды. Жанына Сарапхана ауылынан II дүниежүзілік соғысқа аттанып, майданнан қайтпағаны бар, келгеннен соң қайтыс болғаны бар — барлығы 530 сарбаздың аты-жөні қара мрамор тасқа ойып жазылды. Жоғары жағына «Ерлер есімі — ел есінде мәңгі сақталады» деген тақта орнатылды.

Сөйтіп, «Бабалар рухына тағзым» атты бұл кешен Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында 2015 жылдың 3 мамырында ашылды. Оның ашылу салтанатына Қазақстанның халық жазушысы, абыз ақсақал Ә.Кекілбаев бастаған республиканың бірқатар зиялы қауым өкілдері келді. «Бұл мерекеге Астанадағы этноауыл құрылыс мекемесінен 17 ақ отау алдырып, оларды қыр басына орнатып, қонақтарды сол үйлерде күттік. Оған қосымша «Ұлы шаңырақ» асханасы тұрғызылып, онда ауыл адамдарын қабылдадық. Осы жиынға, шамамен, үш мыңдай адам қатысты. Менің бастамамды ағайындар өте орынды санап, алғыс айтты», — деп әңгімелейді Бекет аға.

Теніздің толқындары тәрізді бір ойды екіншісі қозғап, бірін-бірі қамшылап жататыны бар. Сондай кезде Бекетті «Бабалар рухына тағзым» кешені бір ауылдың тарихымен немесе бір аталықтың есімімен шектеліп қалмауы керек, ол бүкіл ұлттың ұпайын түгендеп, қазақтың жоғын жоқтауға тиіс» деген ой билеген. 2017 жылдың тамыз айында жазушы Б.Нұржекеевтің шақыруымен Орбұлақ

ауыздықтарымен алысқан ат үстіндегі Салқам Жәңгір мен Жалаңтөс баһадүрдің ескерткіші бірге қойылып, «Батыр бабалар мемориалдық кешені» тұрғызылды. Бекет Тұрғараұлы тек ескерткішпен шектеліп қалған жоқ, 2018 жылы сәуір айында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Ұлт тарихындағы Орбұлақ шайқасы — ұлы жеңістің ақиқаты және маңызы» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізуге бастамашы болды. Конференциядан кейін мәртебелі меймандар «Бекеттөбеге» келіп, батыр бабалардың мемориалдық кешенін ресми түрде ашуға қатысты.

«Мәңгілік ел» саябағы жыл сайын жаңа экспонаттармен толыға түсті. 2019 жылы Әйтеке бидің 375 жылдығына орай «Ұлы дала даналары, Ұлттың ұлы билері» деген ескерткіш ашылды. Онда Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің «Жеті жарғы» заңын алдарына ұстап, кеңес құрып отырған бейнелері мүсінделді. Ұлы билер құрметіне 1500 адамға арнап ас берілді.

Саябақта тағы бір ерекше ескерткіш бар. 2020 жылы II дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 75 жыл толды. Фашистік Германияны талқандаған Ұлы Жеңіске тек Кеңес әскерлері ғана емес, соғыс жылдары ауылдарда күні-түні бел жазбай жұмыс істеген, аш-жалаңаш жүрсе де ұрпағын аман сақтаған әйел-аналар зор үлес қосты. Міне, «Анаға тағзым» ескерткіші осы ойды бейнелейді. Онда соғысқа кеткен әкесі мен ерін күтіп, баласын қолына ұстап, орағын беліне қыстырған, егін ортасындағы асыл ананың мұңды бейнесі сомдалған. Бұл ескерткіш Мәскеу қаласында КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің халық суретшісі, академик Александр Николаевич Бургановтың шеберханасында жасалды.

2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай саябақта Алаш арыстарына және Алаш қозғалысының қайраткерлеріне ескерткіш орнатылды. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Алаш руханияты және тәуелсіздік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қазақ халқының біртуар батыр ұлы,



даңқты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына орай қойылған ескерткіш те саябақтың мазмұнын одан әрі толықтыра түсті.

Ел аузында «Мединеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмед, Маңқыстауда — пір Бекет!» атанған қасиетті Бекет ата атындағы киелілер кесенесі де «Мәңгілік ел» саябағының көркін одан әрі асыра түскендей. Оның құрылысы 2019 жылы басталып, 2020 жылдың 31 желтоқсанында пайдалануға берілді. Кесене қабырғаларына «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» деген атаумен еліміздегі киелі мекендерінің понарамалық суреттері салынған. Оларды таныстыру аудиогид арқылы үш тілде: қазақша, орысша және ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл кесене Түркістан облысының қасиетті нысандар тізіміне енгізілген.

Бұл саябақ «Рухани жаңғыру» аясындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асырудың көрінісі. Саябақта 6000 түп Алатау шыршалары, жеміс-жидек ағаштары отырғызылған. Сөйтіп, он гектар жер саябаққа айналдырылды. Мұнда келушілер үшін демалатын, тамақтанатын «Ұлы шаңырақ» мейрамханасы жұмыс істейді. Бұл жерде балалардың тұсаукесері, бесікке бөлеу және басқа да ұлттық рәсімдер өткізіліп тұрады.

Биыл II дүниежүзілік соғыстың аяқталып, Рейхстагтың төбесінде Жеңіс туының желбірегеніне — 80 жыл. Қазақтың мерген қызы Әлия Молдағұлованың туғанына — 100 жыл. Бұл жеңіске қазақтың ер-азаматтарын айтпағанда, Әлия тәрізді өрімдей жас қыздарының да қосқан үлесі ерекше! Осындайда олардың ерлік пен қаһармандыққа толы өшпес өнегесін неге атап көрсетпеске! Бекет ағаны көптен толғандырып жүрген бір мәселе осы еді. Сондықтан да ол Кеңес Одағының батырлары Әлия Молдағұлованың, пулеметші Мәншүк Маметованың және Халық Қаһарманы, қазақтың аты аңызға айналған тұңғыш әрі жалғыз ұшқыш қызы Хиуаз Доспанованың ерлігін ұлықтап, ескерткіш орнатуды қолға алды. Бұл ескерткіштерді қоладан құю жұмыстары Әбілхан Баялиев

бастаған жергілікті мүсінші жігіттерге тапсырылған.


Қыр төсіне қоныс теуіп, он гектар жерді қамтитын, оның бәрі абаттандырылып, елді, жерді және оның қайраткер тұлғаларын танытатын ескерткіштерге бай, осындай тарихи-этнографиялық саябақты қай жерде көргеніңіз бар?! Жоқ қой мұндай орын! Бұл саябақ ұлттық рухты жаңғырту үшін қазақ халқына, оның кейінгі ұрпағына әлі талай қызмет етері анық. «Мәңгілік ел» саябағының Шымкент-Ташкент халықаралық күре жолының бойына орналасуы да тегін емес. Бұл маңнан өтіп бара жатқан жолаушылардың аялдап, көріп тамашалауына, халықаралық туристердің Қазақстан туралы көп мағлұмат алуына мүмкіндік береді.

— Осы тарихи-этнографиялық «Мәңгілік ел» саябағының жұмыстары біткеннен кейін инвестор есебінде оны Қазығұрт аудан әкімдігіндегі коммуналдық шаруашылық мекемесінің қарауына өткіздік, — деп әңгімелейді Бекет аға. — Қазір саябақ ауданның есебінде тұр. Солар қамқорлық жасайды. Біз тарихи тұлғаларды елге танытуға байланысты үнемі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетімен бірлесе жұмыс жүргізіп келеміз.

Бекет Тұрғараұлының осы сөзінің дәлеліндей, ол ұйымдастырған бірқатар ғылыми конференциялардың нәтижесіне сәйкес 2022 жылдың 13 ақпанында оған университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Ол — Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы, Түркістан облысы ардагерлер қауымының шешімімен «Ел ағасы» құрметті атағына ие. Кезінде еліміздің заң саласында қалтқысыз қызмет атқарып, ел мүддесі жолында аянбай тер төккен, ұлт жанашыры ретінде көптеген тарихи тұлғалардың жарыққа шығуына белсене атсалысқан бұл Азаматтың басшылығымен жүзеге асқан тағы бір игілікті іс — осы «Мәңгілік ел» атты тарихи-этнографиялық саябақ. Ол көпшіліктің көңілінде әрдайым батыр бабалардың рухын жаңғыртып, аға буын мен кейінгі ұрпақтың арасын жалғастыратын, жақындастыратын, үйлестіретін қасиетті қоныс, мерейлі мекен болып қала бермек. Рухты жоғалтпаудың бір өлшемі осы шығар.

Суханберді ОРАЗАЛЫҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі

XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз бен әдебиеттен орын алған Алаш қозғалысының көрінісі алғаш тұтастай қамтылып, ұлт мүддесі жолында тынымсыз күрескен Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғасы өз туындыларымен бірге қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалар негізінде зерделенген «Ұлттық әдебиеттегі Алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монографияның бас редакторы, әдебиеттанушы ғалым Күнімжан Әбдіқалық Сәдірқызының қарапайым ғылым жолындағы ізденісі туралы Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде 20 жыл бірге қызмет атқарған әріптестері тарапынан жылы лебіздері ұсынылып отыр.



ІЛІМ ІЗДЕГЕННІҢ ІЗІ ӨШПЕЙДІ

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті Кәсіп-одағының төрайымы, профессор Ләззат ӘДІЛБЕКОВА:
— Алаш әдебиетін танып-білу дегеніміз — отаршылықтың қалың шеңгелінен қалың қазақтың «ұстарасыз аузына түсті-ау мұртын» кезеңінде, «Оян, қазақ» деп жар салғанды жарға ұрған, ұрпаққа аманат болған жер мен тіл жанашырларының «Алаштың адамының бәрі мәлім, кім қалды таразыға тартылмаған» желдің өтінде қалған қиын да қауіп-қатерге толы кезеңіндегі ұлт руханиятының алыптарын түсіну, бағалау деп білсек, осы алаштану саласындағы еңбектерімен әдебиетші ғалымдар арасында есімі елеулі де беделді ғалымдарымыздың бірі профессор Күнімжан Сәдірқызы Әбдіқалықтың бұл тұрғыдағы еңбектері, мақалалары салмақты, ғылыми тұжырымдары мен сарабалд ойлары дәлелді, нақты, жүйелі. Бүгінгі күнгі қазақ әдебиетіндегі бұл тақырыпқа қалам тартып жүрген білікті ғалымның селт еткізер мақалаларын әдебиетшілер қауымының бетке ұстар басылымы «Қазақ әдебиеті» газетінен де жиі оқимыз. Әдебиет — өмір айнасы дейміз ғой, ғалымның өмірі де өз еңбектерінің айнасы іспеттес, таза әрі нақты, арзан күлкі, артық сөз ғалымға жат. Күнімжан Сәдірқызының «Мағжан Шойын жолдан неге шошыды?», «Ахмет Байтұрсынұлы және «Маса», «Қазақ зиялылары Жапон өркениетін неге қолдады?» сынды тағы басқа да мақалаларының әрқайсысы том-том еңбектің жүгін көтеріп тұрған тынымсыз еңбек жемісі. Бұл саладағы ғалымның квинтэссенциялық соны ізденістері өз жетекшілігімен жарық көріп отырған «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монографияда тереңнен зерделенген. Халқымыздың ұлт үшін ұлағатты істер атқарған аруларына «Қыз да болсан, ұлдайсын» деп сүйсінетіні бар емес пе? Күнімжан Сәдірқызының да ғылымдағы, өмірдегі азаматтық болмысы қандай құрметке де лайық.

Әдебиеттанушы, қауымдас-тырылған профессор Бекзада ҚОЖЕКЕЕВА:
— Тәуелсіздік — Алаш идеясымен суарылса ғана баян таппақ екені бүгінгі күні белгілі болып отыр. Алаш әдебиетінің шынайы тарихи бағасы беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап ететіні бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырғаны айқын. Осы орайда, аталмыш маңызды істе әдебиеттанушы ғалым К.Әбдіқалықтың XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз бен әдебиеттен орын алған Алаш қозғалысының көрінісін тұтастай талдауға арнаған еңбегі назар аудартады. Ғалым еңбегінің сонылығы, Алаш зиялыларының тұлғасын өз туындылары



негізінде де және қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалары негізіндегі тұлғалық бейнесінің ашылуы тарапынан да зерделеуі тың бағыттарға бастайды екен. Сондай-ақ «Ұлттық әдебиеттегі Алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монография да қазақ әдебиеттануы, оның ішінде, алаш әдебиетінде алар өзіндік орны бар екенін бағамдаймыз.
Зерттеушінің алаш әдебиетіне байланысты жазған еңбектерінің ішінде төмендегідей ой саларлық тұстары назарымызға аудартады. Өзге елдердің ішінен Жапон өркениетін үлгі тұтуының басты себепін айқындап, өзінің «Қазақ зиялылары Жапон өркениетін неге қолдады?» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті» газеті, 21.05.24) «...ұлт зиялылары үшін сол уақытта оның ірі алпауыттарды мойындатқан Күншығыстағы жалғыз мемлекет болғанымен ғана емес, «Күншығыста аз уақытта өз бостандығын алғандығымен», «сүйегіне сіңген» ұлтшылдығымен «аз уақытта» өркениетті ел бола білгенімен құны артты» деп жазады. Осы зерттеулерінің нәтижесі бойынша 2024 жылдың 17—18 шілдесінде Токио (Жапония) қаласында өткен Азия және Тынық мұхиты елдерін зерттеу жөніндегі Халықаралық ғылыми конференцияда «XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының жапон өркениеті туралы көзқарасы» («The views of the kazakh intelligentsia of the early twentieth century on japanese civilization») атты баяндама жасап, аталмыш зерттеу еңбегі «Technoarete Transactions oh Advances ih Social Sciences and Numanities» журналында жарық көрді және үлкен мінбеден баяндаудың сәті түсті. Осындай

еңбектер арқылы өзге елдің назарына зиялылар мақсат тұтқан өркениетті ойлар жетіп отырады, елдер арасында әдеби байланыстар орнауы хақ.
Міне, әдебиеттегі көптеген келелі тақырыптарды өзіндік ой оралымдарымен, тың деректермен толықтырып жүрген әріптес ғалымды өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде танымын.

Әдебиеттанушы, қауымдас-тырылған профессор Бибігүл СҰЛТАНОВА:
— Алашшылдар тарихы — қазақ тарихының ең жарқын беттері. Бостандықты қадірлеп, прогресті қолдаған, адамзаттың ынтымағын армандап, әділеттілікті бәрінен жоғары қойған алаш қайраткерлері туралы еңбек дәл қазіргі уақытта тіпті өзекті болып отыр. Алаш қайраткерлері туралы қазақ әдебиеті тарихында, әдебиеттану ғылымында да әр қырынан зерттелуде. Осы орайда дарынды әдебиетші ғалым К.Әбдіқалықтың Алаш қайраткерлері туралы жазғандары «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монографияда жүйелі қамтылып отыр. Ұлт зиялылары туралы мақалалары да XX ғасырдың басындағы бүкіладамзаттық мақсаттарға ұмтылған қазақ оқығандарының ішкі жан дүниесін, олардың күмәндары мен армандарын, трагедияларын шебер ашып көрсететінімен айрықша. Ұлт зиялыларының өмірі арқылы қазақтың мәдени, рухани өмірінің мүлде қайталанбас құбылысы, ең алдымен, қоғамның рухани жай-күйі мен сана-сезімі айқын бейнелейтініне назар аударуы К.Әбдіқалық зерттеуінің маңыздылығын таныта түседі. Сондықтан да бұл монографияны әдебиеттану ғылымының мәртебесін көтерер елеулі зерттеу деп бағалар едік.

Әдіскер ғалым, PhD Пархат ЮСУП:
— Білім беруді ұйымдастырушы педагог, сан қырлы өнер мен қасиет иесі. Күнімжан Сәдірқызы да — уақыт талабына сай қоғамдық өзгерістерді өте тез түйсініп, оны тәжірибеде қолданудың жолдарын, оның ғылыми негізін айқындауға көп күш жұмсайтын, үнемі ізденіс үстінде жүретін маман. Ол орта мектептің де, жоғары оқу орнының да білім беруді ұйымдастыру мәселелерін жетік білетіндіктен, оқыту мен ғылыми жұмыстарды жүргізудің тиімді жолдарын әрі практикалық, әрі теориялық жағынан нақты көрсетіп келеді.
Күнімжан Сәдірқызының қазақ әдебиетінің тарихы мен мәтінтану мәселелеріне байланысты жазылған еңбектері XIX ғасыр ақындарының, Алаш оқығандарының және қазіргі ақын-жазушылардың әдеби мұралары мен қилы тағдырына арналған. Ұлттың рухани өміріне елеулі із қалдырған ұлы тұлғаларының өмір жолы мен шығармашылық әлемін талдап, тану барысында ғалымның азаматтық ұстанымы айқын танылады. Оның жасаған тұжырымдары жалаң эмоциядан ада, нақты ғылыми тұжырымдарға, тарихи дәлелге құрылады. Қазіргі жалпыға танымал ақпараттарға емес, көп ізденіспен ғана таба алатын сирек деректерге сүйенеді. Ғылымның зәру тақырыбын, проблемасын тап басып танитын сұңғыла. Сондықтан да ғылымға адалдығы — оның басты қасиеттерінің бірі.

Профессор К.Әбдіқалық — сенімді дос, сыйлы әріптес, құрметті ұстаз, ел таныған ғалым. Оның әдебиеттану мәселелеріне байланысты сұрақтарға әрдайым өзіндік ойы, тұщымды жауабы дайын тұрады. Тіршілік мәселелеріне де солай. Жасы үлкенмен сыйласа алатын, жасы кішімен сырласа алатын жан. Ұстаз болды — шәкірт тәрбиеледі; ғалым болды — мектеп қалыптастырды; еңбекте табысты болды — елге танылды. Қадірлі дос-әріптеске шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Әдебиеттанушы, қауымдас-тырылған профессор Айнұр КӨШЕКОВА:
— Ұлт тағылымын ұлықтаған ғалым-ұстаз Күнімжан Сәдірқызы қазақ әдебиетінің дамуына мол үлесін қосып жүрген, өз ғұмырында ұстаздық қызмет атқара жүріп, әу бастан төңірегінде болып жатқан қоғамдық құбылыстарды талдап-саралап, оның тереңіне үніліп, зерттеп-зерделеп ғалым ретінде, негізінен, әдебиеттану бағытын тандаған. Аса ауқымды жұмыстарды атқара жүріп, ғылыммен айналысуға да уақыт таба білген ұстаз. Ғылым саласында өнімді еңбек етумен қатар, елінің тыныс-тіршілігін де үнемі сараптап отыратын Күнімжан 100-ден аса ғылыми және қоғамдық-саяси жарияланымдардың авторы. Бұл оның елдің өмірінде болып жатқан айтулы оқиғаларға үнемі үн қосып, өзінің салмақты ой-пікірлерін айтып отырғанын көрсетеді.
Табиғат-ананың кейбір адамдарға талант пен қабілетті үйіп-төгіп беретін кездері болады. К.Сәдірқызының биік тұлғасын саралай келе, оның өз бойына шынайы білім-білік пен ғылымды жинаған бірегей жан екенін көреміз. Профессор К. Сәдірқызының көп жылдардан бері ден қойып зерттеп келе жатқан тақырыбы — мәтінтану мәселесі. Автордың осындай текстологиялық жұмысты жасауы да үлкен жанкешті еңбекті қажет етері сөзсіз.
«Ұстаз ұрпақты тәрбиелейді, ұрпақ ұстазды қадірлейді» дегендей, 80 жылдық тарихы бар қарашаңыраққа құт дарытқан, ізгі жүректі К.Сәдірқызының ғылыми ізденістері — жастарға тәлім. Ойы мұхиттай терең зерделі зерттеушінің бүгінгі күнгі тұлғасы таудай биіктеп, қазақ қызының қандай болатынын жастарға паш еткен ғалым-ұстазға айналды. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жиырма жыл бойы шәкірттерге дәріс беріп, ұлт руханиятына сүбелі үлес қосып келе жатқан әріптесімізді әрдайым мақтан тұтамыз!

Әдебиеттанушы, қауымдас-тырылған профессор Ғибадат ОРЫНХАНОВА:
— Қазақ руханияты мен ғылымының көгінде алаш идеясының асыл мұраттарын терең зерделеп, оны бүгінгі буынға аманаттаған тұлғалардың бірі Күнімжан Сәдірқызы — қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік өрнегі бар ғалым. Оның қаламынан туған әрбір ғылыми мақала — тек дерек емес, ұрпаққа рух сыйлайтын қазына. «Қазақ әдебиеті» газеті беттеріндегі жазбалары — қоғаммен шынайы диалог. Ғалым өз еңбектерінде Алаш қайраткерлерінің азаттық жолындағы күресін терең талдап, олардың идеялық мұраттарын бүгінгі Азат Қазақстан үшін маңызды бағдар ретінде ұсына білді. Сонымен қатар «Ұлттық әдебиеттегі Алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монографиядағы зерттеулері тек өткенді тану үшін емес, бүгінгі ұлттық сананы қайта жаңырту үшін де аса маңызды.
Жалпы, әріптес ретінде Күнімжан Сәдірқызының табандылығына, ғылымға деген адалдығына тәнтімін. Ғалымның әрбір зерттеуі бүгінгі ұрпақ үшін рухани шамшырақ, ал болашақ зерттеушілер үшін құнды дерек көзі болмақ. Әсіресе ұлттық идеяның қалыптасуы мен Алаш зиялыларының еркіндік жолындағы күресін зерделеудегі Күнімжан Сәдірқызының ғылыми ізденісіндегі шеберлігі біз үшін үлгі.

Материалды дайындаған Ғибадат ОРЫНХАНОВА, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры

Аласармайтын асқар тұлға

Осы бір киген киімі сымбатты тұлғасына құп жарасқан, келбетті жүзінен зиялылық ескен, Жаратушы өзгеден ерекше қабілет-қарым, парасат-пайым дарытқан атпал азамат Даутов Аманжол Төлебеулының Абай облысы, Жарма ауданының мәдениет саласын басқарып, еселі еңбек еткеніне 30 жылдан астам уақыт болды.



Ол — аталған ауданның өнерін, мәдениетін биікке көтеріп, шартарапқа әйгілі еткен, әлемдік өнермен сусындаған, ұйымдастырушылық қабілеті, жауапкершілігі жоғары майталман маман, бесасап басшы.

Ел аманатын арқалаған, білгір азамат Аманжол Төлеубекұлы «Адамына кезіксе, айтқаныңнан артық етер» дегендей, өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарып қана қоймай, мәдениеті тұралап қалған ауданда «Кәусар» халық ұлт ұсақ аспаптар оркестрін, «Айқаракөз» ансамблін, «Ардагерлер» хорын, «Ғасырлар үні» этно тобы мен «Дариға-дәурен» топтарынан басқа ауданда тұратын басқа ұлт өкілдерінен құралған «Ложкарей» ансамблін, «Семста» атты өнер ұжымын, «Қобызшылар ансамблін» құрып, бүкіл республика көлемінде жоғарғы жетістіктерге жетіп, ауданды шартарапқа әйгілі ете білді.

Кең байтақ республикамыздың барлық аймағында, Ресей елінде және Қытай Халық Республикасында өнер көрсетіп, 19 аудан мен қала арасында өткен облыстық көркемөнерпаздар байқауында 9 мәрте бас жүлдені жеңіп алған. «Елінде сыйлы жігіттің атақ-даңқы зор болар» дегендей, осыншама қыруар істі өзіне тән ыждағаттылықпен, парасат-пайымымен орындау — Аманжол Төлеубекұлына тән басты қасиет. Өйткені оның білімі мен жасампаздығы жоғары, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қасиеті шексіз.

Осы қасиеттер Аманжолға тектіліктің кемел бастауы, әулет бәйтерегі әкесі Төлеубектің қаны мен анасы Райханның ақ сүтімен дарып, сүйегіне сіңген.

Еңбек жолын комсомол комитетінің хатшысы лауазымынан бастаған жігерлі жас сол қызметте жүріп-ақ, жауапкершілігі мол жұмыспен қатар «Армандастар», «Көкбел» атты ансамбль құрған. Сол алғашқы қадам — мәдениет қайраткері дәрежесіне жетуге жол ашқан алғашқы баспалдақ болды.

Болмысына зиялылық, ірілік қонған, билік жарғыш, ер мінезді, несібелі, бойында бақ-дәулеттің ұясы бар азамат өзінің

ақыл қазығы, қабілеті, талғам-тағылымы арқасында ұжым мүшелерінің ішіндегі көмбесі — өнерін ашып, дамыта, өркендете білді.

Мәселе лауазымда ғана ма!? Адам болмысының мәндік сипатында емес пе? Осы мәдениет саласын ұзақ жылдар басқарған кезде Аманжол Төлеубекұлы арқасын алдырмай, тұяғын шалдырмай, арына қылау түсірмей, өзінің табиғи дарынымен, түйінді ойымен, заман тынысын дөп басып, бағыт-бағдарын сезіп, тани білген сұңғыла басшы бола білді. Өрліктің, өткірліктің, қайсарлық пен табандылық намысын жыртып, батыл шешімдерін іске асыра алды.

Мәдениет саласы қызметкерлерінің намысы мен жігерін қайрап, қарекетін өркештендіріп, жасампаздыққа жұмылдыра білді.


Төккен тер, еткен еңбек зая кетпей, Аманжол Төлеубекұлы ерен еңбегінің арқасында Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, Жарма ауданының Құрметті азаматы атақтарымен бірге, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қазақстан Республикасының Құрмет, Парасат ордендерінің иегері атанды.

Жарма ауданы бойынша «Жылдың үздік басшысы және ұйымдастырушысы» номинациясының бірнеше дүркін жеңімпазы атағын иеленді. Ол — қай салада қызмет етсе де, заман үнін сергек тыңдай білетін, уақыт талабына сай аянбай еңбек етіп, табандылық танытатын, алдыға қарай тынбай ұмтылатын жаңалықтың жаршысы. Егер Аманжол Төлеубекұлы кезінде республикамыздың Мәдениет және ақпарат министрі болып тағайындалса, еліміздің мәдени саласы өркендеп, гүлдене түсер еді деп ойлайтын едім. Бірақ «Өз ауылыңнан әулие шықпайды» деген тәмсіл бар ғой. Өкінішке қарай, толағай табыстарға жетіп жатса да, жоғарғы жақтың назары түспеді. Соған қарамастан, іскер азамат өз ісіне адалдық, зор жауапкершілік танытып, көздеген межесіне жігері мұқалмай, табандылықпен жете білді.

Аманжол Төлеубекұлы — мейірім мен қамқорлық шуағы мол азамат, отбасының тірегі, адал жар, асыл әке. Өмірлік серігі Үкіжан екеуі — алтын құтылы, тұлпар тұяқты Бәйбіт атты ұл мен ай жүзді, күміс жүздік Бакыт пен Балжан атты үш перзенттің абыройлы ата-анасы. Ол - әке ретінде балаларының бойына адамгершіліктің дәнін сепкен, тағдырдың тоқсан тарау жолына бағыт сілтей білген Темірқазығы. Сол себепті болар үш баласы да әке аманатына адал болып, жана Қазақстанның ең өзекті салаларында жемісті еңбек етіп жүр.

Көктемнің гүл бәйшешекке оранған кезі Мамыр айында олжасы мол, жетістігі жеткілікті 70 жасқа толған қадірлі, қымбатты інім Аманжол Төлеубекұлы, сізді мерекелі жасыңызбен құттықтап, мерейтойға арналған жүрекжарды тілегімді білдіремін. Мәртебеніз биіктеп, абыройыңыз асқақтай берсін!

Гаухар КЕЛЬДЕНОВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі
Ы.Алтынсарин медалінің иегері



АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЛАЛАР ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ ТАПСЫРЫЛДЫ

Жуырда Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында елордалық Байқоңыр ауданында кешенді абаттандырылған үш аула салтанатты түрде ашылып, пайдалануға берілді. Аулаларды абаттандыру жұмыстары аясында балалар ойын алаңдары жаңартылып, workout-құрылғылары орнатылды, сондай-ақ демалыс аймақтары жасақталып, жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Жоба тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру мақсатында тұрғындардың ортақ ұсыныстары аясында жүзеге асырылды. Ашылу салтанатында аула мерекесі өтіп, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Тұрғындар алғыс ретінде аулаға кең дастархан жайды.

Абаттандыру жұмыстары ауданның басқа да аумақтарында белсенді жалғасуда. Ағымдағы жылы барлығы 88 аула аумағын абаттандыру жоспарланып отыр. Оның 18-і кешенді абаттандырылса, 70-інде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Аулаларды абаттандыру жұмысы аясында балалар ойын алаңдары жаңартылып, workout-құрылғылары орнатылды. Сондай-ақ демалыс аймақтары жасақталып, жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

— Абаттандыру жұмыстары ауданның басқа да аумақтарында белсенді жалғасып жатыр. Биыл барлығы 88 аула аумағын абаттандыру жоспарланып отыр. Оның 18-і кешенді түрде абаттандырылса, 70-інде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі, — деді Байқоңыр ауданы әкімдігі Абаттандыру бөлімінің басшысы Рахат Кенжетәев.

Жоба тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру мақсатында көпшіліктің ортақ ұсынысымен жүзеге асырылды.

«АҚҚУЛАР ЖҮРЕК ЖАСАЙДЫ» атты поэзия кеші

14 мамыр күні Қазақстан Жазушылар кітапханасында белгілі ақын, Халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының иегері, журналист, қоғам қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның құрметті жазушысы» Жұмаш Кенешбайдың поэзия кеші өтті. Кешті кітапхана жетекшісі М.М.Мұхаммедова жүргізіп отырды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Гүлжаһан Орда өлеңмен жазылған «Аягөз» тарихи романы жайында ойын айтып, қазақ халқының басынан өткерген қасіреттерді автор қанды оқиғаларға жан бітіріп, қазіргі қазақ әдебиетін тарихи оқиғалармен, ұлттық қаһармандармен толықтырып отырғанына тоқталды. Қаламгерлер Бакытжан Тобаяков, Сержан Токтасынұлы, Болат Есіркеп, Темірақын Жақып, Жаңылхан Мәмежанқызы ақынның шығармалары халқымыздың тарихы мен тағдырының айнасы екенін жеткізсе, кітапхана қызметкері Аружан Сламбек ақынның шығармашылығына арналған кітап

көрмесімен таныстырды.

Шара барысында ақын Жұмаш Кенешбай оқырмандардың сұрақтарына жауап бере отырып өмірі, қоғамдық қызметі, өлеңдері, тарихи еңбектері, ой-толғамдары туралы сыр шертті.

Ғ. Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназиясының, №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясының оқушылары мен Халықаралық қазақ-қытай тіл колледжінің студенттері ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Дәстүрлі әнші, Халықаралық байқаулардың лауреаты Саят Нұрғазин-халық әні «Гаухартас», «Аягөз» әндерін орындаса, №175 гимназия оқушылары Келгенбай Мұхаммед, Аманғали Рамазан күй тартысты жарыса ойнап, Батырбек Даниял «Менің әкем ең жақсы адам» әнін, Аружан Хуанайқызы «Мереке» әнін шырқады.

Кеш соңында кітапхананың ардагер қызметкері Е. Ж.Ағайса мерейтой иесіне изгі ниет білдіріп, белсене атсалысқан қатысушыларға Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры М.Е.Бектембаевтың атынан алғыс хаттар табыстады.

Мендібай
ӘБІЛҰЛЫ

— Мәскеу неге алынбады?!

Гитлер үстелде дөңгелене отырған офицерлерге ақырып қалды.

— Мәскеу неге алынбады?! Мәскеуді алсақ, бүкіл кеңес әскерлері психологиялық дағдарысқа ұшырайды. Взвод, рота, батальон, полк, дивизия солдаттары Ресей халқын большевиктердің езгісінен аман алып қалу үшін келген неміс солдаттарымен соғысудан бас тартып, қаруларын тастайды!

Қазақстанның түкпір-түкпірінде қолында жалаңдаған алмас қылышы бар, жауға қарсы ақырып шауып келе жатқан қазақ батырларының ескерткіштері көбейеді... Қазақтың ұлтжанды патриоттары ата-бабалары қорғап қалған ұлан-ғайыр жерінің ұлтарактай бөлігін сыртқы жаулардан бір қасық қаны қалғанша қорғайды! Қазақтардың Томирис, Зорина, Дәрбике сияқты қыздары да қасиетті жерін сыртқы жаулардан қорғау үшін атқа мінген!

— Томирис қазақтың қызы ма? — деп сұрады осы сәтте Гиммлер Гитлерге таңырқай қарап.

— Иә, еуропалықтар Томирис деп атап кеткен, қазақшасы Тұмар! — деді Гитлер.

— Мәскеу түбіндегі ұрыста акбоз ат мінген кара командир түбімізге жетті. Біздегі мәлімет бойынша, ол — батальон командирі. Еуропадағы ұрыстарда сыналған, жаулардың офицерлерін, солдаттарын жойып жіберген мергендеріміз осы акбоз ат мінген кара орыстың командирін атып тастай алмады, — деді Гиммлер өкінішпен.

— Қазақ түркілері ерекше соғысады, — деді Гитлер, — олар ержүрек, андысқан жауды алмай қоймайды. Қазақ түркілерінің ата-бабалары Сырдария өзені жағасында Александр Македонскийдің әскерлерін кейін шегіндірген, қанды шайқаста Македонский аяғынан жараланған! Ал Еділ патша бастаған ғұн деп аталып кеткен қазақ түркілері жорық жасап, Римге дейін келген. Қазақ түркілерінен шыққан атакты Еділ патшаны еуропалықтар Атилла деп атап кеткен!

— А?.. Атилла қазақ па?

Геббельс орнынан атып тұрды.

Гитлер сөзін жалғастырды:

— Иә, Атилланың ұлты — қазақ! Олар Еуропаны құлдықтан азат етуге келсе, біз Ресей және Орталық Азия халқын, Қап тауындағы түркілерді большевиктердің құлдығынан азат етуге бардық! Біздің мақсатымыз қазақ түркілерінің мақсатымен бірдей...

— Ой, пірім-ай, ә?! — деп Геббельс те таң қалып, желкесін қасыды, — біздің Атилла деп жүргеніміз, Еділ патша ма?

— Иә, сендердің көздеп атып тастай алмай жүрген акбоз ат мінген кара орысын Бауыржан Момышұлы деген болады, сол — әйгілі жаужүрек Еділ патшаның ұрпақтарының бірі, — деді Гитлер, — Наполеонның әскерлерін Парижге дейін қуып барған әскерлердің ішінде қазақ түркілерінен құралған атты әскерлер полкі болған.

— Не дейді тағы да? — деп Гиммлер көзі шарасынан шығып, басын шайқады.

— Мен мергендерге ерекше тапсырма бердім, — деді Геббельс, — 1942 жылы Панфилов дивизиясының әскерлері Бауыржан Момышұлынсыз соғысады...

Кенет Гитлер ойына бірдеңе түскендей

— Япыр-ай, ә?! —

Гиммлер түтігіп кетті. Екі көзін тарс жұмып тұрды да, екі-үш секонттен кейін екі көзін ашып:

— Қазақ түркілері ғажайып халық, — деп жалғастырды Гитлер сөзін, — қыздары ақылды, ұлдары жаужүрек болған. Тастан мүсін жасауды, тасқа қашап сурет салуды, атқа ер-тоқым салуды, үзеңгіні, ауыздықты ойлап тапқан. Қобызды да қазақ түркілері ойлап тапқан. Қазақ түркілерінің ұлттық әскери ойыны болған. Бұл әскери ойын қыза деп аталған. Қолдарына



ойлана қалды. Содан соң:

— Соғыс кезінде солдаттар октан бойын тасалайтын окоп деген қорғаныс апандар болады ғой, кәдімгі окоп?

— Иә, — деді Геббельс, — окоп.

— Сол окопты қазақ түркілері ойлап тапқан.

— Қашан? — деген Гиммлер таңырқап Гитлерге қарады.

— XVIII ғасырда. Қазақ түркілері жоңғарлармен болған соғыста окопты алғаш ойлап тапқан. Яғни жазық далаға терең апан қазады. Сол апанда жасырынып жатып, қарсыластарын садақпен атылатын сұр жебенің астына алады. Жебелер атылғанда күннің көзін жауып, жебелер атылып біткенше төңіректі қараңғылық жауып тұрады екен. Бір ерекшелігі қазақ жауынгерлерін бір жебе өлтіре алмайды. Кемінде кеудесіне үш жебе қадалуы керек! Сонда ғана өледі! Содан соң садақтан атылған жебе қазақ жауынгерінің аяғына, қолына, иығына қадалса, әлгі жауынгер екі көзін тас жұмып, аузын арандай ашып әлгі жебелерді денесінен суырып алады екен.

— Апыр-ай, ә?! — енді Гиммлер таңырқап Гитлерге қарады, — оны қайдан білдіңіз?

— Айтпақшы, — деді Гитлер ойына бірдеңе түсіп, — жақында біздің барлаушылар орыс әскерлерінің ішінде фамилиясы немісше бір қазақ офицері бар екенін анықтады. Оның фамилиясы Ұлы Германияның Эссен және Берлин атты екі қаласының атын біріктіріп тұр. Есімі — Илияс, фамилиясы — Есенберлин. Сол офицерді тұтқындауымыз керек.

— Қазақтар сол кітапты неге баспадан басып шығармайды?

— Таба алмай жатқан көрінеді. Бір жылдары табылып қалар, біз болмасақ, біздің ұрпақтарымыз оқыр, Құдай қаласа... Содан соң, содан соң қазақ түркілерінде «Шипагерлік баян» деген кітап болған, оны да іздеп жатыр...

имек таяқ ұстап матаға оралған домалақ кішкене тасты имек таяқпен ортадағы қазан шұңқырға түсіруге талпынған. Осы ойыннан хоккей ойыны келіп шыққан. Содан соң білесіндер ме, қазақ түркілері камшыны да ойлап тапқан. Камшының бірнеше түрі болған. Ұрыста қолданатын камшы, көкпар тартқанда қолданатын камшы, қыз қуу деген ойында қолданатын камшы. Қазақ түркілерінің ұл-қыздары той-мерекелерде белдігіне камшы қыстырып жүретін болған. Содан соң мына біздің солдаттар бастарына киіп жүрген окөтпейтін тасқалпақ ше?

— Иә, иә, — деді енді Геббельс Гитлерге жалт қарап.

— Иә, окөтпейтін тасқалпақ-каска, соны ойлап тапқан қазақ түркілерінің ата-бабалары — сактар! Сактар темірден жасалған касканы басына киетін болған, мініп жүрген аттарының басына да осы темірден жасалған касканы кигізетін болған!

— Апыр-ай, ә?! Ту-у-у-у-у!.. — енді Геббельс таңырқап қалды, — Біз СССР-ды талқандауды Қазақ ССР-інен бастауымыз керек екен ғой?

— Иә, біздің басты қателігіміз осы болды! Қазақ ССР-ін соғыссыз жаулап алып, қазақ түркілерін орыстарға айдап салуымыз керек еді. Ал қазіргі жағдайымыз тым нашар. Қыс түсіп кетті, орыстың қысына біздің солдаттарымыз шыдай алар ма екен?

Гитлердің көзінен жас тамшылары көріне бастады.

Гиммлер де, Геббельс те Гитлердің алғаш рет жылағанын көрді. «Бұл жақсы ырым емес... — деді Геббельс ішінен, — Мына қазақ түркілері — кара орыстар болмағанда біз әлдеқашан Мәскеуде-Кремльде отырған болар едік. Біз орыстарды жеңе аламыз ба? Қазақ түркілерінен қорқып тұрмын...».

Редакторлар
кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың
орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының
мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІКҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота
МЕДЕТБЕК Темірхан,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАМБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
САПАРБАЙ Исраил,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ,
Еділбек ДҮЙСЕН

Мәдениет және
руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер
орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Мәрлен ФИЛЫМХАН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17
e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. О. Фсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895